

X629.2
И46

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Г.А. Ильясова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ

(Жалпы бөлім)

Оқу құрылы



Қарағанды 2007

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ильясова Г.А.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ
(Жалпы бөлім)**

Оқу құралы



**Қарағанды
2007**

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Ғылыми-әдістемелік Кеңесімен және Ғылыми Кеңесімен ұсынылған

ББК 67.404я7

И 46

И 46 **Ильясова Г.А.**

Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: Жалпы бөлім. Оқу құралы. — Қарағанды: «САНАТ-Полиграфия», 2007 – 135 бет

Екі бөлімнен тұратын оқу құралы несиелік жүйе жағдайындағы оқу үрдісін анықтаушы негізгі оқу жұмыс бағдарламасы - Оқу-әдістемелік кешеніне сәйкес жазылған. Онда азаматтық іс жүргізу құқығының жүйесі, құрылымы мен мазмұны қарастырылады. Оқу құралының ерекшелігі дәріс сабағының жоспарына сай келетін әрбір тақырыптардың сұрақтары зерделеніп, пайдаланылатын нормативтік құқықтық актілер мен әдебиеттердің тізімдері ұсынылады.

Азаматтық іс жүргізу құқығының жалпы бөлімі бойынша оқу құралында азаматтық іс жүргізудің мәнісі мен негізгі бастамаларының мазмұны ашылып, азаматтық процессуалдық құқыққатынастарының субъектілері, процессуалдық мерзімдер, сот шығындары, ведомстволық бғыныстылық пен соттылық туралы сұрақтар қарастырылады, сондай-ақ дәлелдемелер мен талап туралы ілімдер жан-жақты ашылады.

Жоғарғы оқу орындарының заң факультетінің студенттеріне арналған.

ББК 67.404я7

Пікір жазғандар: **Бекбергенов Н.А.**, заң ғыл. кандидаты, доцент, Қарағанды маңызды білім беретін «Болашақ» институты
Өскембеков С.М., Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық №1 Сотының Төрағасы

И 12030я0400
00(05)-06

ISBN 9965-793-77-8

© **Ильясова Г.А.**, 2007

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
---------------------	----------

«АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ» ПӘНІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ.....	6
ЖАЛПЫ БӨЛІМ	

1-тақырып. Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні және жүйесі.....	12
2-тақырып. Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары.....	23
3-тақырып. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастары және оның субъектілері.....	34
4-тақырып. Азаматтық іс жүргізудегі тараптар.....	43
5-тақырып. Азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалар.....	48
6-тақырып. Азаматтық іс жүргізуге прокурордың, басқа тұлғалардың құқығын қорғау үшін мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдар мен жеке азаматтардың қатысуы.....	53
7-тақырып. Соттағы өкілдік.....	62
8-тақырып. Процессуалдық мерзімдер. Соттық шығындар.....	70
9-тарап. Ведомстволық бағыныстылық және соттылық.....	81
10-тақырып. Дәлелдеу және дәлелдемелер.....	85
11-тақырып. Талап.....	108

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ БӨЛІМІ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ.....	125
---	------------

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ БӨЛІМІ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ.....	132
---	------------

КУРСТЫҚ ЖӘНЕ ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ.....	134
--	------------

КІРІСПЕ

Азаматтық іс жүргізу құқығы ұлттық құқық жүйесінде дербес құқық саласы болып табылатын, Қазақстан Республикасының жоғарғы заң оқу орындарында өтетін негізгі оқу пәндерінің бірі болып табылады.

Аталмыш оқу курсы оқыту пәні болып азаматтық істерді қарау мен сот актісін орындау бойынша сот төрелігін жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормалары, сондай-ақ азаматтық іс жүргізу құқығының ғылымы үшін тән құқықтық категориялар, теоретикалық көзқарастар мен тұжырымдамалар табылады.

Азаматтық іс жүргізу азаматтардың, заңды тұлғалардың және азаматтық-құқықтық қатынастар субъектілерінің заң мен сот алдындағы теңдігін сақтай отырып, бұзылған құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғаудың тиімді құралы болып табылады.

Аталмыш оқу курсы оқып-үйрену студенттерде азаматтық іс жүргізу құқығы саласының негізгі институттары туралы түсінікті қалыптастыруға, сонымен қатар студенттердің азаматтық іс жүргізу ғылымының негізі болып табылатын құқықтық категориялар мен түсініктерді терең меңгеруіне бағытталған.

Оқу пәнінің басты міндеті болып болашақ соттардың, сот орындаушыларының, прокурорлар мен адвокаттардың және өзге де құқық қорғау жүйесіндегі қызметкерлердің жұмысындағы міндеттерді жүзеге асыруы үшін біліктілігін арттыру.

Келешекте құқықтың табиғатын, қазіргі азаматтық қоғам мен мемлекеттің құрылымын түсінетін, заң нормаларын құқыққолдану практикасында іске асыра алатын кәсіби маман-заңгерлерді қалыптастыруға студенттердің Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы саласында терең білімді меңгеруі ғана мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қойылатын тағы да басты міндет — ол тәлімгердің қоғамдық-саяси, заңды және арнайы ғылымдарды

оқып-танысуы, құқықтық мемлекет құру жағдайында мемлекетпен жүктелген қоғамдық міндеттерді жүзеге асыру үшін тәлімгермен қолданыстағы заң нормаларын, кәсіби этика қағидаларын меңгеруі қажет болып табылады.

Оқу құралы заң факультетінің студенттеріне арналған. Сондықтан да оның құрылымы оқу пәні ретінде «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығын» оқытудың мақсаты мен міндеттері бойынша құрылған. Тәлімгерлер азаматтық іс жүргізу құқығы пәнін оқып-танысу нәтижесінде алған білімдерін кейін аталымыш құқық ғылымымен немесе құқыққолдану тәжірибесімен айналысқан кезде тиімді пайдалана білуі тиіс.

Азаматтық іс жүргізу құқығы пәні бойынша алынған білім келешекте оқытылатын мынадай пәндерді меңгеру үшін өте қажет болады: Қылмыстық іс жүргізу құқығы, Отбасы құқығы, Нотариат, Халықаралық жеке құқық, Кәсіпкерлік құқық, Жер құқығы, Экологиялық құқық, Аткарушылық іс жүргізу, Тұрғын үй құқығы және т.б. заң пәндері. Бұл оқу пәндері қазіргі заман талабына сай құқық табиғатын, азаматтық қоғам мен мемлекеттің қазіргі құрылымын білетін білікті маман-заңгерлерді дайындауға мүмкіндік береді. Ол үшін студенттердің Азаматтық іс жүргізу құқығы саласында терең білім алуы өте қажет. Бұл келешекте азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған субъективтік құқықтарын, заңмен қорғалатын құқықтарын, мүдделерін соттарда азаматтық істер бойынша сот өндірісін жүргізуге қатысу арқылы қорғау, білікті заң көмегін көрсету мақсатында құқыққолдану тәжірибесінде азаматтық дауларды шешуде өте маңызды болатын білім өрісін кеңейтуге ықпалын тигізеді. Азаматтық іс жүргізу құқығы мен жоғарыда аталған пәндерді, арнайы курстарды оқып-үйрену арқылы болашақ заңгер мамандығын жан-жақты, терең меңгере алады деген сенімдемін.

«АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ» ПӘНІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1- тарау. Жалпы бөлім

1-тақырып. Азаматтық істер жүргізу құқығының пәні және жүйесі

Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау формалары. Азаматтық істер жүргізу құқығының түсінігі, пәні, әдістері және жүйесі. Азаматтық іс жүргізу құқығының жалпы құқық жүйесінде алатын орны. Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері. Азаматтық сот ісін жүргізудің түсінігі және түрлері. Азаматтық іс жүргізу сатылары. Процессуалдық форманың түсінігі және белгілері.

2-тақырып. Азаматтық істер жүргізу құқығының қағидалары

Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының түсінігі және маңызы. Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының жүйесі. Азаматтық сот ісін жүргізудің ұйымдастырушылық қағидалары. Азаматтық сот ісін жүргізудің қызметтік қағидалары.

3-тарқырып. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастары және оның субъектілері

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының түсінігі және ерекшеліктері. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының алғышарттары. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының мазмұны және объектілері. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының субъектілері, олардың жіктелуі.

4-тақырып. Азаматтық іс жүргізудегі тараптар

Тараптардын түсінігі және құқықтық жағдайлары. Процессуалдық іске ортақ қатысу. Тиісті емес жауапкердің түсінігі және оны ауыстыру. Процессуалдық құқыққабылдаушылық.

5-тақырып. Азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалар

Үшінші тұлғаның түсінігі және түрлері. Даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлғалар. Даудың пәніне дербес талап қоймайтын үшінші тұлғалар.

6-тақырып. Азаматтық іс жүргізуге прокурордың, басқа тұлғалардың құқығын қорғау үшін мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар мен жеке азаматтардың қатысуы

Азаматтық іс жүргізуге прокурордың қатысу міндеттері. Прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу негіздері мен формалары. Азаматтық іс жүргізуге басқа тұлғалардың мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүддені қорғап қатысатын мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және жеке азаматтардың қатысу мақсаттары мен негіздері.

7-тақырып. Соттағы өкілдік

Соттағы өкілдік пен соттағы өкілдің түсінігі. Соттағы өкілдіктің негіздері мен түрлері. Сотта өкіл бола алатын және бола алмайтын тұлғалар. Соттағы өкілдің өкілеттігі.

8-тақырып. Процессуалдық мерзімдер. Соттық шығындар

Процессуалдық мерзімдердің түсінігі, түрлері. Мерзімдерді есептеу, тоқтата тұру. Өткізіп алған мерзімдерді ұзарту, қалпына келтіру. Соттық шығындардың түсінігі және құрамы. Мемлекеттік баж салығы. Істі қарауға байланысты шыққан шығындар. Сот шығындарын бөлу.

9-тарап. Ведомстволық бағыныстылық және соттылық

Ведомстволық бағыныстылықтың түсінігі және түрлері. Соттылықтың түсінігі және түрлері. Азаматтық істі бір соттың қарауынан екіншісіне беру.

10-тақырып. Дәлелдеу және дәлелдемелер

Сот дәлелдеуінің түсінігі мен мақсаты. Дәлелдемелерді жинау және табыстау. Дәлелдемелерді зерттеу және бағалау. Соттық дәлелдемелердің түсінігі. Дәлелдемелердің жіктелуі. Дәлелдеу пәні. Тараптардың дәлелдеу міндеттері. Дәлелдеу тәсілдерінің жекелеген түрлері.

11-тақырып. Талап

Талап қою бойынша іс жүргізудің түсінігі және мәнісі. Талаптың түсінігі және элементтері. Талаптың түрлері. Талап қою құқығы. Талапты біріктіру және бөлу. Талапты өзгерту, талаптан бас тарту, талапты тану, бітім келісімі. Жауапкердің мүддесін қорғау. Талапты қамтамасыз ету.

12-тақырып. Азаматтық істі сотта қозғау

Талап қою. Талап арыздың мазмұны. Талап арызды қабылдау. Талап арызды қабылдаудан бас тарту және қайтару негіздері. Азаматтық істі қозғаудың құқықтық салдары.

13-тақырып. Азаматтық істі соттың қарауына әзірлеу

Азаматтық істі соттың талқысына әзірлеу, оның маңызы. Істі әзірлеу бойынша процессуалдық әрекеттер. Істі соттың талқысына тағайындау, соттың шақырулары.

14-тақырып. Бірінші сатыдағы сотта азаматтық істі қарау бойынша сот талқысы

Сот талқысының түсінігі және маңызы. Сот талқысының бөлімдері. Істі қарауды кейінге қалдырудың түсінігі және негіздері. Іс жүргізуді тоқтата тұру. Істі шешім шығармай аяқтау. Сот мәжілісінің хаттамасы.

15-тақырып. Бірінші сатыдағы соттың актілері

Сот актілерінің түсінігі және түрлері. Сот шешімінің мәнісі және маңызы, мазмұны. Сот шешімінің түрлері. Сот шешіміне қойылатын талаптар. Сот шешіміндегі кемшіліктерді жою. Сот шешімінің заңды күші. Сот шешімін дереу орындау, кейінге қалдыру, бөліп орындау, шешімді орындау тәсілін өзгерту. Аралық сот шешімін орындау. Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымы және оның түрлері.

16-тақырып. Сырттай іс жүргізу

Сырттай іс жүргізудің түсінігі, негіздері және ерекшеліктері. Сырттай шешімнің түсінігі, мазмұны және заңды күші. Сырттай шешімге шағым беру және оның құқықтық салдары.

17-тақырып. Ерекше талап қою арқылы іс жүргізу

Ерекше талап қою арқылы іс жүргізудің түсінігі және мәнісі. Азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы істерді қараудың ерекшеліктері. Жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың алқаби ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысу құқықтарын бұзатын шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту жөніндегі арыздар бойынша іс жүргізу. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларына дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу. Мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және мемлекеттік қызметкерлердің шешімдері мен әрекеттерін даулау туралы істерді қараудың ерекшеліктері. Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын азаматтардың даулауы туралы істерді қараудың ерекшеліктері. Прокурордың мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың актілері мен іс-әрекеттерін заңсыз деп тану туралы жүгінуі бойынша істерді қараудың ерекшеліктері.

18-тақырып. Ерекше іс жүргізу

Ерекше іс жүргізудің түсінігі және мәнісі. Ерекше іс жүргізу бойынша істерді қарастырудың тәртібі. Заңды маңызы бар

фактілерді анықтау. Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе өлді деп жариялау. Азаматты әрекет қабілеттілігі шектелген немесе жоқ деп тану. Азаматты психиатриялық стационарға мәжбүрлеп орналастыру туралы істерді қарау бойынша өндіріс. Баланы асырап алу туралы істерді қарау. Жылжитын мүлікті иесіз деп тану немесе жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншікті тану. Азаматтық хал актілерін жазудағы қателіктерді анықтау. Жоғалған бағалы қағаздарға құқықты қалпына келтіру. Нотариаттық әрекетке немесе одан бас тартуға шағым келтіру. Аралық соттардың шешімдеріне шағым жасау туралы істер бойынша іс жүргізу. Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік қызметті жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік немесе террористік ұйым деп тану туралы өтініш бойынша іс жүргізу.

19-тақырып. Бұйрық арқылы іс жүргізу

Бұйрық арқылы іс жүргізудің түсінігі, мәнісі және маңызы. Бұйрық арқылы іс жүргізуді қозғау. Сот бұйрығы. Сот бұйрығының күшін жою.

20-тақырып. Апелляциялық сатыда іс жүргізу

Апелляциялық сатыда іс жүргізудің мәнісі және маңызы. Апелляциялық шағымдау және наразылық беру құқығы. Апелляциялық шағым, наразылықтың мазмұны. Апелляциялық сатыдағы сотта азаматтық істі қараудың процессуалдық тәртібі мен мерзімі. Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттігі. Апелляциялық тәртіпте сот шешімін өзгерту мен күшін жоюдың негіздері. Апелляциялық сатыдағы соттың актілері. Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымдарын шағымдау, наразылық беру.

21-тақырып. Қадағалау тәртібімен іс жүргізу

Қадағалау тәртібімен іс жүргізудің түсінігі және мәнісі. Шағым, наразылық беру объектісі және субъектілері. Қадағалау тәртібінде шағым мен наразылықты қарастырушы соттар. Қадағалау шағымы: мазмұны мен беру тәртібі. Қадағалау

тәртібінде заңды күшіне енген сот актілерін қайта қараудың негіздері. Істерді қадағалау тәртібінде қараудың процессуалдық тәртібі мен мерзімі. Қадағалау сатысындағы соттың өкілеттіктері.

22-тақырып. Заңды күшіне енген шешімдерді, ұйғарымдар мен қаулыларды жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау жөнінде іс жүргізу

Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша заңды күшіне енген сот актілерін қайта қараудың түсінігі. Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қараудың негіздері. Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау туралы арызды беру мен қараудың тәртібі.

23-тақырып. Сот актілерін орындау бойынша атқарушылық іс жүргізу

Сот актілерін орындау бойынша атқарушылық іс жүргізу сатысының мәнісі. Атқарушылық іс жүргізу субъектілері. Атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың процессуалдық құқықтары мен міндеттері. Мәжбүрлі орындауға жататын актілер. Атқару құжаттары. Сот актілерін орындаудың жалпы ережелері. Борышкердің мүлкінен, жалақысынан өндіріп алу. Өндіріп алынған ақша сомаларын бөлу, атқарушылық санкция, атқару құжаттарын орындамағаны үшін жауапкершілік.

24-тақырып. Халықаралық азаматтық іс жүргізу

Халықаралық азаматтық іс жүргізу туралы жалпы ережелер мен заңдар. Шетел азаматтарының, ұйымдарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың азаматтық сот ісін жүргізудегі құқықтық жағдайлары. Шетел тұлғаларының қатысуындағы істер бойынша Қазақстан Республикасы соттарының құзыреті. Шет мемлекеттерге талап қою. Соттық иммунитет. Соттық тапсырмалар. Шет мемлекеттердің құжаттарын, сот, арбитраж шешімдерін тану, орындау.

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1-тақырып. Азаматтық іс жүргізу құқығының пәні және жүйесі

1. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау формалары.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабына сәйкес, әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар¹. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең (14-бап). Сондықтан да әркім өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы. Құқықтарды қорғаудың формалары әртүрлі. Құқықты қорғау формасы деп заңмен анықталған құзыретті мемлекеттік органдардың құқықты қорғау бойынша қызметін айтамыз, яғни іс жүзіндегі мән-жайларды анықтау, құқық нормасын қолдану, құқықты қорғау тәсілін анықтау.

Қолданыстағы заңдар бойынша азаматтық құқықтарды қорғаудың келесі формаларын атап көрсетуге болады:

- 1) соттық;
- 2) қоғамдық (аралық соттарда, келісім комиссиясында);
- 3) нотариаттық;
- 4) әкімшілік (атқарушы және өкілді органдармен);
- 5) өзін-өзі қорғау (құқығы бұзылған тұлғаның өз әрекетімен).

Осы аталған формалардың ішінде соттық форма басымдыққа ие. Себебі Конституция әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалу құқығына, білікті заң көмегін алу құқығына кепілдік береді (13-баптың 2-бөлімі). Одан әрі қарай бұл ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің (одан әрі ҚР АДЖК) 8-бабында нақтыланады.

¹ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» қаулысы. 15.02.2002 ж. N 1.

Азаматтық құқықтарды қорғау бойынша сот билігі органдарының қызметі азаматтық сот өндірісінде жүзеге асырылады (Конституцияның 75-бабының 2-бөлімі).

2. Азаматтық іс жүргізу құқығының түсінігі, пәні, әдістері және жүйесі.

Азаматтық іс жүргізу құқығы азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының жиынтығынан тұрады.

Азаматтық іс жүргізу құқығы дегеніміз сот пен іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың арасында азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру барысында қалыптасатын азаматтық-процессуалдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі.

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында қарастырылып отырған ұғымға қатысты сұрақ даулы болып табылады. Оған қатысты үш түрлі көзқарас бар, азаматтық іс жүргізу құқығы дегеніміз:

1) заңмен қорғалатын құқықтар мен мүдделерді қорғауға байланысты сот пен процесске басқа да қатысушылардың қызметін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы (Юдельсон К.С., Вижут М.А.)¹;

2) сот төрелігін жүзеге асыру барысында сот пен өзге процесске қатысушылардың қызметін, сонымен бірге осындай қызметтерден туындайтын қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі (Абрамов С.Н.);

3) азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ сот қаулыларын мәжбүрлі орындау тәртібін реттейтін құқық нормаларының жиынтығы (Клейнман А.Ф., Шакарян М.С.)².

¹ Вижут М.А., Зайцев И.М. Гражданский процесс России: Учебник. – М.: Юрист, 1999. – С. 12.

² Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. М.С.Шакарян – М.: «Былина», 1996. – С.10.

Азаматтық іс жүргізу құқығының пәнін азаматтық істерді қарастыру мен шешу барысында сот пен процесске қатысушылардың арасында, сонымен қатар процессуалдық заңдардың нормаларымен реттелген сотпен шығарылған актілерді орындау барысында туындайтын қоғамдық қатынастар құрайды. ҚР АДЖК-нің 1-бабына сәйкес: «ҚР азаматтық іс жүргізу заңдары талап істері мен басқа да істерді қарастыру кезінде соттардың сот төрелігін жүзеге асыру барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді» - делінген.

Азаматтық іс жүргізу құқығының әдістері. Азаматтық іс жүргізу құқығы азаматтық істер бойынша сот өндірісінің саласында қоғамдық қатынастарды императивтік (бағындыру) және диспозитивтік әдістер арқылы реттейді. *Императивтілік* азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының субъектілерінің құқықтық жағдайына байланысты болады. Сот мемлекеттік билік ету органы болып табылады. Соттың талаптары, тапсырмалары, сұрау салуы, шақырулары, өкімдері процесске қатысушылар үшін міндетті болады. Сот төрелігін жүзеге асыру мақсатында сот процесске қатысушыларға мәжбүрлеу шараларын қолдана алады, сот айыпшұлын сала алады. Сондықтан да сотқа қатысты азаматтық іс жүргізу қатынастары императивтік әдістер арқылы реттеледі.

Диспозитивтілік азаматтық сот өндірісі арқылы қорғауға жататын құқықтың сипатымен анықталады. Соттан басқа азаматтық құқықтың өзге субъектілері тең құқықтар мен міндеттерге ие. Сол сияқты азаматтық іс жүргізу құқығының субъектілері де бірдей процессуалдық құқықтар мен міндеттерге ие болады.

Азаматтық іс жүргізу құқығының жүйесі – құқықтық реттеу пәнінің сипатымен негізделген құқықтық нормалар мен институттардың жиынтығы. Ол екі бөлімнен тұрады: жалпы және ерекше. *Жалпы бөлім* нормалары сот өндірісінің жалпы ережелерін бекітетін институттардан тұрады: азаматтық іс жүргізу заңдары; азаматтық сот өндірісінің қағидалары; азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы мен соттылығы; сот құрамы; іске қатысушы тұлғалар; соттағы

өкілдік; дәлелдемелер мен сот дәлелдеуі; сот шығындары; процессуалдық мерзімдер және т.б.

Ерекше бөлімде азаматтық процесстің барлық түрлері мен кезеңдерін толық реттейтін нормалар мен институттар құрайды. Мысалы, бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу; апелляциялық сатыдағы сот өндірісі; сот актілерін қайта қарау бойынша сот өндірісі; халықаралық процесс; сот актілерін орындау және т.б.

3. Азаматтық іс жүргізу құқығының жалпы құқық жүйесінде алатын орны.

Азаматтық іс жүргізу құқығы Қазақстан Республикасының ұлттық құқық жүйесінің құрамдас бір бөлігі бола отырып, құқықтың өзге салаларымен де тығыз байланыста болады және өз алдына дербес құқық саласы болып табылады.

Біріншіден, азаматтық іс жүргізу құқығының конституциялық құқықпен тығыз байланысын атап өту қажет. Конституция соттық билікті жүзеге асырудың формасын бекітеді, соттық жүйені анықтайды, соттардың қызметінің ұйымдастырылуы мен қағидаларын бекітеді, соттардың тәуелсіздігінің кепілдіктерін бекітеді. Бұл нормалар соттардың азаматтық істерді қарау барысында басшылыққа алынуы тиіс.

Екіншіден, азаматтық іс жүргізу құқығы мен материалдық құқық салаларының арасындағы байланысты атап өту қажет. Себебі, сот азаматтық істі материалдық құқық нормаларын басшылыққа алып шешеді. Азаматтық процесс – субъективтік материалдық құқықты жүзеге асыру формаларының бірі, яғни оны мәжбүрлі жүзеге асыру формасы.

Үшіншіден, екі процессуалдық құқық салаларының арасындағы байланысты атап өту қажет: азаматтық және қылмыстық. Екеуінде де сот төрелігін жүзеге асыру тәртібі реттеледі, құқық институттары ұқсас болады, бірақ пәндері бөлек.

4. Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері

Қазақстан Республикасында құқықтың қайнар көзі ретінде нормативтік құқықтық актілер болады. Осыдан, *азаматтық іс*

жүргізу құқығының қайнар көзі деп азаматтық процессуалдық нормалар бекітілген нормативтік құқықтық актілерді айтамыз. Бұл актілер ҚР азаматтық іс жүргізу заңдарын құрайды.

Заңды күшіне қарай азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздерін былай жіктейміз:

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы*¹. 30.08.1995 жылы қабылданған. Негізгі заң соттардың ұйымдастырылуы мен қызметтерінің қағидаларын, тәуелсіздігін, судьяларға қойылатын талаптарды анықтайтын жалпы нормалардан тұрады; жоғары заң күшіне ие және бүкіл Қазақстан Республикасының аумағында әрекет етеді.

2. *ҚР конституциялық заңдары. ҚР конституциялық заңы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы»* 25.12.2000 ж.². Аталмыш заң сот өндірісінің жекелеген қағидаларын, сот жүйесін ұйымдастыруды нақтылайды, әр деңгейдегі соттардың өкілеттігін, құқықтық мәртебесін, тағайындау тәртібін анықтайды.

ҚР Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығы «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 29.12.1995 ж.³. Жарлық Конституциялық Кеңестің мәртебесін, құзыретін анықтайды. Конституциялық Кеңес соттардың нормативтік құқықтық актілерді конституцияға қайшы келеді деп тану туралы өтініштерін қарайды.

3. *Қарапайым заңдар.*

- *Азаматтық іс жүргізу кодексі.* 13.07.1999 ж.⁴ (ҚР 11.07.2001 жылғы N 238; 2.07.2003 жылғы N 451; 9.07.2004 жылғы N 583; 30.12.2005 жылғы N 111; 5.06.2006 жылғы N 146; 6.07.2006 жылғы №146-III Заңдарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді). АДЖК азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүргізу тәртібін толығымен реттейді және азаматтық іс жүргізу құқығының негізгі қайнар көзі болып табылады.

¹ Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.

² Егемен Қазақстан, 30.12.2000.

³ Егемен Қазақстан, 9.01.1996.

⁴ Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.

- *Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 12.06.2001 ж¹*. 90-тарауында сотқа қойылған талап арыз, арыз, шағымдар үшін төленетін баж салығының мөлшері, оны төлеу, есептеу және қайтару тәртібі, жеңілдіктер берілген тұлғалардың тізімдері бекітілген.

- *Қазақстан Республикасының «Прокуратура» туралы заңы. 21.12.1995 ж²*. Прокуратура органдарының мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғап сотқа жолдану негіздері мен формалары, заңдылықты қадағалау бойынша құзыреті анықталады.

- *Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» заңы 5.12.1997 ж³*. Заң адвокаттардың азаматтық істер бойынша өкіл ретінде қатысу негіздерін, білікті заң көмегін көрсету бойынша қызметін бекітеді.

- *Қазақстан Республикасының «Атқару өндірісі және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңы 30.06.1998 ж⁴*. Заң сот актілерін мәжбүрлеп орындау тәртібін және орындау өндірісіне қатысушылардың құқықтық жағдайларын реттейді.

- *Қазақстан Республикасының «Сот приставтары туралы» заңы 7.07.1997 ж⁵*. Заң сот приставтарының соттарға процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыруы үшін көмек көрсетуі мен сот ғимаратын, судьяларды және процеске қатысушыларды қорғауды қамтамасыз етуін, сондай-ақ сот орындаушыларына орындау әрекеттерін жүзеге асыру барысында көмек көрсету қызметін анықтайды.

4. Заңға бағынышты нормативтік құқықтық актілер.

- *Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары.* Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің «Сот

¹ Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-күжат.

² Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-күжат.

³ Егемен Қазақстан, 24.03.1998.

⁴ Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, 168-күжат.

⁵ Егемен Қазақстан, 16.07.1997.

әкімшілігінің жаңа жүйесінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы, 2000 жылғы 12 қазан N 471;

- *Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілері*. Мысалы, Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы «Сот сараптамасының кейбір мәселелері». 7.11.01 ж. №1414¹.

- *Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулылары*. Конституцияның нормаларына ресми түсінік беру туралы қаулылары. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағын және 75-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы, 2002 жылғы 15 ақпан N 1.

- *Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары*. Нормативтік қаулы Қазақстан Республикасының барлық соттары үшін міндетті болып табылады және заңдардың нормаларын сот тәжірибесінде қолдану мәселелері бойынша шығарылады. Ондағы соттық тәжірибеге түсініктер құқықтық норма болып табылады.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көзіне *Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге міндеттемелері* де кіреді. Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық шарттар АДЖК-мен салыстырғанда басымдыққа ие. Мысалы, Азаматтық, отбасы және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы Конвенция. Минск, 7.10.2002 ж.; Сыртқы сауда арбитражы туралы Европа Конвенциясы. 1961 ж. (4.10.1995 ж. ҚР Президенті Жарлығымен қосылды); Шетелдердің арбитраждық шешімдерін тану және орындау туралы Конвенция. 1958 ж. (4.10.1995 ж. ҚР Президенті Жарлығымен қосылды); Шет елдерде алиментті өндіріп алу туралы Конвенция (30.12.1999 ж. ҚР Заңымен қосылған).

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің әрекет етуі ҚР азаматтары мен заңды тұлғаларына,

¹ ҚР ПУАЖ, 2001, №39.

сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шет ел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға да әрекет етеді.

5. Азаматтық сот ісін жүргізудің түсінігі және түрлері.

Азаматтық сот ісін жүргізу – бұл заңмен анықталған бірінші сатыдағы сотта азаматтық істердің белгілі бір тобын материалдық-құқықтық табиғаты бойынша қарау және шешу¹.

Азаматтық сот ісін жүргізу дегеніміз азаматтық істерді қарастыру мен сот актісін орындауға байланысты соттың, іске қатысушы тұлғалардың, орындау өндірісіне қатысушылардың қызметі. Азаматтық сот ісін жүргізудің пәні – нақты азаматтық іс. Азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері болып азаматтардың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің бұзылған және даулалып отырған құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау және құқықбұзушылықты ескерту табылады (АДЖК-нің 5-бабы).

Қолданыстағы ҚР АДЖК азаматтық сот ісін жүргізудің үш түрін қарастырады:

- 1) талап қою бойынша іс жүргізу;
- 2) ерекше талап қою арқылы іс жүргізу;
- 3) ерекше іс жүргізу.

Талап қою бойынша іс жүргізу. Көп таралған сот өндірісінің түрі. Онда құқық туралы дау қаралады, мысалы, азаматтық, отбасы, еңбек, тұрған үй, әкімшілік, қаржы, жер құқыққатынастары, табиғат ресурстарын пайдалану және қорғау бойынша құқыққатынастарынан туындайтын істер қаралады. Оған екі дауласушы тарап қатысады – талапкер мен жауапкер. Қозғау құралы ретінде сотқа талап арыз беріледі. Сонымен, талап ісін жүргізу материалдық-құқықтық дау болған жағдайда пайда болады.

Ерекше талап қою арқылы іс жүргізу. АДЖК-нің 25-29-тарауларында қарастырылған істер бойынша даулы материалдық құқыққатынастарының субъектілері болып, бір жағынан

¹ Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.- С.58

мемлекеттік билік ету органы немесе лауазымды тұлға, екінші жағынан – азамат немесе заңды тұлға қатысады.

Ерекше іс жүргізу. Заң бұл жағдайда құқық туралы дау жоқ, заңды маңызы бар фактілерді анықтау бойынша істерді қарастырады. Мұндай істердің тізімі АДЖК-нің 30-39-тарауларында анықталған.

ҚР АДЖК үшін жаңалық болып бірінші сатыдағы сотпен жеке талаптарды шешу бойынша қарапайымдандырылған тәртіп енгізілген. Ол АДЖК-нің 13-тарауында қарастырылған «*Бұйрық арқылы іс жүргізу*». Судья өндіріп алушы мен борышқорды шақырмай, сот талқысын өткізбестен, сот бұйрығын шығарады. Бірақ бұйрықтық өндіріс тек заңда қарастырылған негіздер болғанда ғана қозғалады (АДЖК-нің 140-бабы).

Азаматтық іс жүргізу сатылары. Сот өндірісі кезеңдерге бөліне отырып жүзеге асырылады. Бұны азаматтық іс жүргізудің сатылары деп атайды. Іс жүргізу сатысы дегеніміз – белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған процессуалдық әрекеттерді біріктіретін сот өндірісінің бөлігі. Азаматтық іс жүргізу төмендегідей сатыларға бөлінеді:

- 1) бірінші сатыдағы сотта азаматтық істі қозғау;
- 2) істі сот талқысына әзірлеу;
- 3) азаматтық істі сот отырысында негізі бойынша қарау;
- 4) заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау бойынша апелляциялық сатыда іс жүргізу;
- 5) заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау бойынша қадағалау тәртібімен іс жүргізу;
- 6) жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актілерін қайта қарау;
- 7) сот актілерін орындау бойынша атқарушылық іс жүргізу¹.

Оқу әдебиеттерінде кейбір жағдайларда азаматтық іс жүргізу сатыларының басқаша сатылары ұсынылады. Осы пікірді ұстанушылардың көзқарастары бойынша, алғашқы саты – «бірінші сатыдағы сотта сот өндірісін жүргізу» деп аталып, оған

¹ Гражданский процесс. Учебник. / Под ред. В.А.Мусина, Н.А.Чечиной, Д.М.Чечота. – М.: «Проспект», 2001. – С.6-7.

азаматтық істі қозғаудан сот шешімін қабылдауға дейінгі кезеңдер кіреді¹.

6. Процессуалдық форманың түсінігі және белгілері.

Азаматтық сот өндірісі заңмен анықталған қатаң тәртіптер сақтала отырып қаралады. Заң соттың азаматтық істі қарауы мен пешу тәртібін тиянақты реттейді.

Азаматтық процессуалдық форма – азаматтық процессуалдық құқық нормаларымен анықталған сот төрелігі мен азаматтық процеске қатысушылардың қызметін жүзеге асыру тәртібі. Сот пен іске қатысушылар тек қана процессуалдық құқық нормасымен қарастырылған әрекеттерді ғана жүзеге асыра алады. Оның белгілері мынадай:

- 1) нормативтілігі - заңмен бекітілген;
- 2) міндеттілігі – процеске қатысушылардың барлығы үшін міндетті;
- 3) жүйелілік;
- 4) жалпы ортақтығы – барлық сот өндірістеріндегі азаматтық істер үшін бірдей қолданылады².

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж.,

¹ Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. М.С.Шакарян – М.: «Былина», 1996. – С.21.

² Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.- С.62.

- 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 2.07.2003 ж., 30.12.2005 ж.) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.
3. Қазақстан Республикасының конституциялық заң күші бар заңы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» 30.12.2000ж. // Егемен Қазақстан, 30.12.2000.
 4. Қазақстан Республикасының Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығы «Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі туралы» 29.12.1995 ж. // Егемен Қазақстан, 09.01.1996.
 5. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағын және 75-бабы 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» қаулысы. 15.02.2002 ж. N 1.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Айсин Н.Г. Конституционный закон о судах и статусе судей в РК. Важнейший шаг в проведении судебно-правовой реформы // Вестник Верховного Суда.-1996. -№ 2.
2. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.
3. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК. 2 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.
4. Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. Шакарян М.С. - М.: «Былина», 1996.
5. Гражданский процесс / Под ред. Осипова Ю.К. - М., 1995.
6. Гражданский процесс. Учебник./Под ред. К.С.Юдельсона. - М.: Юриздат,1972.
7. Гражданский процесс: Учебник / Под ред.Мусина В.А.,Чечиной Н.А., Д.М.Чечота. - М.:ТОО «Фирма ГАРДАРИКА», 1996.
8. Гражданский процесс / Под ред. В.А.Мусина, Н.А.Чечиной, Д.М.Чечота. – М.: «Перспект», 2001.

9. Гражданское процессуальное законодательство. Комментарий. / Воложин А.П. и др. – М.: Юрид. лит., 1991
10. Гражданское процессуальное законодательство: Комментарий / Под ред. М. Қ. Юкова. - М.: Юрид. лит., 1991.
11. Бусурманов Ж. Судебная система и защита прав человека.// Вестник Министерства юстиции. -1996. - № 7.
12. Рассахатская Н.А. Гражданская процессуальная форма. Учебное пособие. – Саратов,1998.
13. Жилин Г.А. Цели гражданского судопроизводства и их реализация в суде первой инстанции. – М., 2000.
14. Нәрікбаев М.С. Азаматтық құқықтарды соттар арқылы қорғау = Защита гражданских прав в суде - Алматы: Борки, 1998.
15. Темирбулатов С. Судебная власть на конституционной проверке // Казахстанская правда, 07.04.1998.
16. Нерікбаев М.Сот билігі- әлеуметтік кепілі // Тураби. -1998. - № 2.
17. Мақұлбеков Б. Жаңа АІЖК-не көзқарас //Тураби. -1998. -№ 2.

2-тақырып. Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары

1. Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының түсінігі және маңызы.

Қағидалар туралы азаматтық істер жүргізу құқығы ғылымында әртүрлі анықтамалар берілген. Қағида дегеніміз – жалпы, идеологиялық басшылыққа алынатын, заңдармен бекітілген және экономикалық қатынастардың сипатымен анықталған ережелер.

Қағидалар – негізгі бастамалар, азаматтық процесс соларға сүйеніп құрылады, олар азаматтық істер бойынша сот төрелігін іске асыру мақсаттарын көрсетеді және сот төрелігін жүзеге асыру әдісін анықтайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары – азаматтық істер жүргізу құқығы нормаларында бекітілген идеялық-саяси, басшылыққа алынатын ережелер, олар процесстің құрылымын, табиғатын анықтайды, процессуалдық құқықтың әрбір нормасы мен институты қағидаларға сүйеніп құрылады¹.

Қағидалардың құқықшығармашылық үшін, құқыққолдану соттық практика үшін де маңызы зор.

2. Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының жүйесі.

Азаматтық іс жүргізу құқық нормаларында бекітілген бірнеше қағидаларға негізделеді. Олар бір-бірімен өзара байланыста болып, біртұтас жүйені құрайды.

Азаматтық іс жүргізу құқығы қағидаларының жүйесі - бұл құқық саласының реттелген, логикалық өзара байланысты барлық қағидаларының жиынтығы.

Азаматтық іс жүргізу құқығының қағидалары Конституцияда, ҚР «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңды күші бар заңында бекітілген.

Қағидалар нормативтік қайнар көзінің сипатына байланысты былай жіктеледі:

1) конституциялық, яғни ҚР Конституциясында бекітілген қағидалар. Мысалы, заң мен сот алдындағы теңдік (14-бап), сот төрелігінің тек қана сотпен жүзеге асырылуы (75-бап).

2) салалық; яғни азаматтық іс жүргізу заңдарында бекітілгендер. Мысалы, жариялылық, сот өндірісінің ауызша және тікелей жүргізілуі.

М.С. Шақаряның құқықтық реттеу объектісіне қарай жіктеуі бойынша азаматтық іс жүргізу құқығының қағидаларын екі топқа бөлуге болады:

1) сот төрелігін ұйымдастыру қағидалары (ұйымдастырушылық). Оған мына қағидалар жатады: сот төрелігінің тек қана сотпен жүзеге асырылуы; соттардың тәуелсіздігі және тек қана Конституция мен заңға бағынуы;

¹ Гражданский процесс / Под ред. Ю.К.Осипова. – М., 1995. – С.22.

судьялардың тағайындалуы; әркімнің заң мен сот алдындағы теңдігі; жариялылық; сот өндірісінің мемлекеттік тілі.

2) сот пен процеске қатысушылардың процессуалдық қызметтерін анықтайтын қағидалар (функционалдық, қызметтік). Оған мынадай қағидалар жатады: заңдылық; диспозитивтілік; сайысушылық; тараптардың теңдігі; сот талқысының ауызша және тікелей жүргізілуі¹.

Бұл ұсыныс көптеген ғалым-процессуалисттердің тарапынан қолдау тапты.

3. Азаматтық сот ісін жүргізудің ұйымдастырушылық қағидалары.

Сот төрелігінің сотпен жүзеге асырылуы. Конституцияның 75-бабында, ҚР АДЖК-нің 7-бабында бекітілген. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек қана сот жүзеге асырады. ҚР сот билігі судьяларға берілген. Заңмен құрылған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты және жергілікті соттары сот жүйесін құрайды. Қандай да бір атаумен арнаулы немесе төтенше соттарды құруға жол берілмейді. Бұл жөнінде «Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің 2006 жылғы 14 сәуірдегі N 1 Қаулысын оқып-танысу ұсынылады².

Сот төрелігі дегеніміз – азаматтық, қылмыстық сот өндірісін жүргізу арқылы сот билігін жүзеге асырудың формасы³.

Мәнісі мынадай:

1) ешкімнің де сот қызметін жүзеге асыруға құқығы жоқ; мемлекеттік органдар азаматтық істерді шеше алмайды;

2) заңды түрде сот төрелігін жүзеге асырудың процессуалдық қатан тәртібі орнатылған;

3) мемлекеттік органдардың қызметіне бақылау жүргізу;

¹ Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. М.С.Шакарян – М.: «Былина», 1996. – С.27.

² Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені, 2006 ж., N 5.

³ Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Том 1. – Алматы: КазГЮА, 2001. – С.76.

4) азаматтық істерді соттардың ведомстволық бағыныстылығына беру арқылы анықтау.

Сотардың тәуелсіздігі және тек қана Конституция мен заңға бағынуы. Конституцияның 77-бабында, АДЖК-нің 12-бабында бекітілген. Осы сұрақ бойынша «Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 6 қаулысын оқып-танғысу ұсынылады¹.

Оның мәнісі мынада:

- Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке өкеп соғады.

- нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

- Сот шешімдері мен талаптары барлық субъектілер үшін міндетті болады;

- Судьяға заңмен қарастырылмаған қызметтер мен міндеттемелер жүктелмеуі тиіс;

- Судьяларды қаржыландыру республикалық бюджеттің есебінен жүргізіледі.

Осы қағиданың кепілдігі ретінде Конституцияда мынадай ережелер бекітілген:

- судьялардың ауыстырылмайтындығы;

- судья лауазымына тағайындау, сайлану, босату тәртібі Конституциялық заңда бекітілген;

- сот қызметіне араласуға тиым салу;

- сотты құрметтемегені үшін жауапкершілік қарастырылған;

- судьяның өміріне қол сұғылмаушылық;

- судья саяси партияларда, қоғамдық бірлестіктерде мүше бола алмайды.

- Судьяға мемлекеттің есебінен материалдық қолдау көрсету, әлеуметтік қамсыздандыру:

- Заңдарда судьяларды тәртіптік жауапкершілікке тартудың негіздерін нақты бекіту.

¹ Егемен Қазақстан - 29.06.2004 ж. - N 162.

Азаматтар мен ұйымдардың заң мен сот алдындағы теңдігі. Конституцияның 14-бабы, АДЖК-нің 13-бабы бекітеді. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді кемсітуге болмайды. Сондықтан да сот төрелігі тең құқылық негізінде жүзеге асырылады, ешкімге артықшылық берілмейді.

Сот талқысының жариялылығы. Жариялылық қағидасын қамтамасыз ету, сот процестерінің ашықтығы мен анықтығы туралы процессуалдық заңдардың нормаларын соттардың біркелкі қолдануы мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты «Сотта азаматтық істерді қарау кезінде жариялылық қағидасын сақтау туралы» 28.10.2005 ж. №5 нормативтік қаулысын қабылдады¹.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 19-бабында бекітілген сотта істі қараудың жариялылық қағидасы барлық азаматтардың, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот мәжілісі залына еркін кіріп, азаматтық процестің барлық сатыларында (бірінші, апелляциялық, қадағалау сатыларының соттарында) басынан аяғына дейін қатысуы және сот отырысы залында болып жатқан жағдайлардың бәрін өз көздерімен көруі қамтамасыз етіліп, азаматтық істердің барлық соттарда ашық жүргізілетінін, сондай-ақ олардың сот отырысы залында болып жатқан жағдайлардың бәрін өз қалаулары бойынша жазып алу, стенограмманы және дыбыс жазуды пайдаланып жазып алу құқығын білдіреді. Жариялылық сондай-ақ заңда көрсетілген жағдайларды сақтай отырып сот отырысы кезінде тікелей хабар жүргізуді, киноға және суретке түсіруді және бейнетаспаға жазып алуды көздейді.

Сотта істі қараудың ашық жүргізілуін ғана емес, сонымен бірге сот рәсімдерінің ашық, анық әрі қол жетерліктей болуын, яғни сот шешімінің көпшілікке жариялануын, тараптардың

¹ Егемен Қазақстан. – 22.11.2005. - N 259.

процестің басқа қатысушыларынан түскен шағымдарымен таныстырылуын, істің жоғары сатыдағы сотта қаралатын уақыты мен орны туралы хабарлауды, заңды күшіне енген шешімдер дерекқорына еркін кіруді, сот актілерінің орындалуы туралы ақпарат алу мүмкіндігін сотта істі қараудың жариялылығы деп түсінген жөн.

Азаматтық сот талқысы ашық сот отырысында өткізіледі. Заң 16 жасқа толған кез келген азаматтың, бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуына рұқсат етеді. 16 жасқа дейін тек куә, іске қатысушы тұлға ретінде қатыса алады. Жабық сот отырысын өткізуге тек қана заңда көрсетілген негіздерде: мемлекеттік құпия жарияланатын болса, жеке тұлғаның құпиялары жарияланатын болса, оның өтініші бойынша өткізіледі. Жазысқан хаттар, телеграммадағы мәліметтер иесінің рұқсатымен ғана жариялануға жатады, әйтпесе жабық сот отырысында жариялануы тиіс. Бұл ережелер фотосуреттер, бейне таспалар жарияланғанда да қолданылады.

Сот отырысын бейнетаспаға, кино, фотосуреттерге түсіру үшін соттың және іске қатысушылардың рұқсаты қажет және белгілі бір уақытқа шектелуі мүмкін. Сот залында отырған орнынан жазбапша жазып алуға, аудиожазу құралдарын қолдануға құқық берілген (АДЖК-нің 19-бабының 8-бөлімі).

АДЖК-нің 202-бабына сәйкес, азаматтардың жеке хат алысулары мен жеке телеграфтық хабарлары ашық сот отырысында тек хат алысқан немесе телеграфтық хабарлар алысқан адамдардың келісімімен ғана жария етілуі мүмкін. Осы ереже фото және киноқұжаттарды, дыбыстық және бейнежазбаларды, сондай-ақ өзге де техникалық құралдардың көмегімен алынған жеке басқа қатысты мәліметтерді зерттеу кезінде де қолданылады.

Хат және телеграф арқылы алынған хабарларда жеке басының мүдделері қозғалған адамдар егер оларды жариялауға және зерттеуге келісім бермесе, онда аталған әрекеттер жабық сот отырысында жүзеге асырылады.

Істерді жабық сот отырысында қарауға тек заңмен көзделген негіздер болғанда ғана жол беріледі.

АДЖК-нің 19-бабының екінші бөлігіне сәйкес, мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар шешімдерді хабарлауды қоса алғанда істерді қарау жабық сот отырысында жүзеге асырылады. Оларға "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына¹ сәйкес, әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-ізвестірушілік және жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен таратылуы шектелген, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер кездесетін істер жатады.

Сонымен қатар, АДЖК-нің 179-бабының алтыншы бөлігінде көзделген жағдайда шешімдерді жариялауды қоса алғанда, сондай-ақ бала асырап алу құпиясын, жеке, отбасылық, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияларды, азаматтар өмірінің ашық айтпайтын сырлары туралы мәліметтерді сақтауды қамтамасыз ету қажет екендігін не істі ашық қарауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайларды негізге алған іске қатысушы адамның өтінішін қанағаттандыру кезінде іс жабық сот отырысында қаралады. Процеске қатысушылар болып табылмайтын адамдар сотқа істі жабық сот отырысында қарау туралы өтініш білдіруге құқылы емес.

Сот істі қараудың жариялылығын шектеу туралы мәлімделген өтініш бойынша процеске қатысушылардың пікірін тыңдап, істі жабық сот отырысында қарау туралы дәлелді ұйғарым шығарады.

АДЖК-нің 344-бабының екінші бөлігіне сәйкес, сотта істі қараудың жариялылығын шектеу мәселесі бойынша сот ұйғарымына жеке шағым берілмейді және наразылық келтірілмейді, бірақ тараптардың осы ұйғарымға білдірген қарсылықтары істің мәні бойынша шығарылған сот шешіміне

¹ Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 4, 102-құжат.

берілген апелляциялық шағымға немесе наразылыққа енгізілуі мүмкін.

Сот өндірісінің ұлттық тілі. АДЖК-нің 14-бабында бекітілген. Бұл қағида Қазақстан Республикасының Конституциясында 7-бапта бекітілген нормадан туындайды: «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады». Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 11.07.1997 жылғы заңында былай делінген: «Қазақстан Республикасында сот өндірісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда сот өндірісінде мемлекеттік тілмен бірге орыс тілі немесе өзге тілдер де қолданылады»¹. Сот өндірісінің тілі қойылған талап арыздың тіліне байланысты анықталады².

Екінші жағынан, Конституцияның 19-бабының 2-бөліміне сәйкес, әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға құқығы бар. Сондықтан да іске қатысушы тұлғалар процессте өз ана тілінде сөйлей алады, барлық соттық әрекеттерге аудармашы арқылы қатыса алады. Сот өндірісі жүргізілетін тілді білмейтін қатысушыға өз тілінде процессуалдық әрекеттер жасауға құқық берілген және іс материалдарымен аудармашының көмегі арқылы таныса алады. Аудармашының қызметі тегін көрсетілуі тиіс.

4. Азаматтық сот ісін жүргізудің қызметтік қағидалары.

Заңдылық. Бұл қағида кез келген құқық саласы үшін міндетті.

Қағиданың мазмұны АДЖК-нің 6-бабында қарастырылған:

1) сот азаматтық істі қарау кезінде Конституция мен заңдарды нақты сақтауы тиіс;

¹ Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 202-құжат

² «Сот ісі жүргізілетін тіл жөнінде заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» Қаулы. Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1989 жылғы 22 желтоқсан N12. // Қазақстан Республикасы (Қазақ КСР) Жоғарғы Соты Пленумы қаулыларының жинағы. 1 том. - Алматы, 1997. - 12 б.

2) сот азаматтық істі шешу кезінде мемлекеттік органның актісінің заңдарға қайшы келетіндігін анықтаса, онда заңды күші жоғары нормативтік актіні қолданады.

Сонымен, заңдылық материалдық және процессуалдық құқық нормаларын дұрыс қолдану дегенді білдіреді.

Мәнісі: ең алдымен, азаматтық істер бойынша соттармен қабылданатын соттық актілердің заңдылығын, сот пен іске қатысушылар процессуалдық әрекеттерді процессуалдық формаға байланысты жүзеге асыруы тиіс дегенді білдіреді.

Заң әдебиетінде заңдылық қағидасын азаматтық сот өндірісінде соттардың тәуелсіздігі және олардың тек қана заңға бағынуы қағидасының мазмұнынан көрінеді деген пікірлер айтылады.

Диспозитивтілік. Бұл қағида азаматтық іс жүргізудің қозғалу механизмін білдіреді, оның пайда болуы, дамуы, тоқтатылуы. Мәнісі материалдық мүдделі тұлғалардың белсенділігіне байланысты болады, олар өз құқықтарына билік ете алады, соның нәтижесінде процессуалдық қатынастардың дамуына әсер етеді. Сөйтіп, диспозитивтілік қағидасы бойынша процесстің жүрісі және тоқтатылуы даулы материалдық құқыққатынастарының субъектілерінің еркіне байланысты болады.

Сайысушылық. АДЖК-нің 15-бабында бекітілген. «Дауласу нәтижесінде шындық туындайды» демекші, азаматтық іс жүргізуде істі қарау мен шешу дауласушы тараптардың сайысуы арқылы жүргізілуі тиіс. Ол үшін екі негіз болуы қажет:

1) дауласушы тараптардың қарама-қайшы материалдық-құқықтық мүдделері болуы тиіс;

2) тараптар тең құқылы болуы қажет.

Әрбір тарап істі жеңуге, соттың талабын қанағаттандыруға немесе талапты қанағаттандырмай тастауына мүдделі, сондықтан да өз талабын дәлелдеуге, негіздеуге міндетті.

Тараптардың процессуалдық тең құқылы болуы. Бұл қағида материалдық құқыққатынастары субъектілерінің тең құқылығына негізделген және тараптардың процессуалдық құқықтары мен міндеттерінің теңдігіне негізделеді (АДЖК-нің 15-бабының 1-

бөлімі). Тараптарға тең құқықтар мен міндеттер белгіленген сон ғана олар сайыса алады.

Сот талқысының ауызша және тікелей жүргізілуі. Сот талқысының ауызша жүргізілуі АДЖК-нің 177-бабының 2-бөлімінде бекітілген: «Істі талқылау ауызша жүргізіледі». Сотта түсінік беру, жарыссөзге қатысу, өтініш білдіру, кеңес беру, қорытынды беру т.б. ауызша жүргізіледі.

Ал осы бапта бекітілген ережелерге сәйкес сот істі қарау кезінде дәлелдемелерді тікелей өзі қабылдап, зерттеуге міндетті: тараптардың, куәлардың түсініктерін тыңдауға, іс материалдарымен танысуға, дәлелдемелерді қарауға және т.б. процессуалдық әрекеттердің барлығы соттың тікелей араласауымен өткізіледі. Тек айрықша жағдайларда ғана бұл қағида орындалмауы мүмкін: дәлелдемені сот тапсырмасы немесе дәлелдемені қамтамасыз ету арқылы жинаумен байланысты болады.

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж., 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 2.07.2003 ж., 30.12.2005 ж.) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.
3. Қазақстан Республикасының конституциялық заң күші бар заңы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» 30.12.2000ж. // Егемен Қазақстан, 30.12.2000.
4. "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына //Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 4, 102-күжат.

5. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 11.07.1997 жылғы заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 202-күжат.
6. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің 2006 жылғы 14 сәуірдегі N 1 Қаулысын оқып-танысу ұсынылады // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені, 2006 ж., N 5.
7. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 6 қаулысын оқып-танысу ұсынылады // Егемен Қазақстан - 29.06.2004 ж. - N 162.
8. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты «Сотта азаматтық істерді қарау кезінде жариялылық қағидасын сақтау туралы» 28.10.2005 ж. №5 нормативтік қаулысын қабылдады // Егемен Қазақстан. – 22.11.2005. - N 259.
9. «Сот ісі жүргізілетін тіл жөнінде заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы» Қаулы. Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1989 жылғы 22 желтоқсан N12. - Қазақстан Республикасы (Қазақ КСР) Жоғарғы Соты Пленумы қаулыларының жинағы - 1997 ж. -1 том – 12 бет.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баймолдина З.Х. К вопросу о сущности принципа диспозитивности гражданского процессуального права. – Алматы, 1999.
2. Хрестоматия по гражданскому процессу / Под ред. М.К.Треушникова – М., 1996.

3. Ларин А.М. Состязательное правосудие / Под ред. С.А.Папина., Л.М.Корнозовой .Вып.1 ИГиП. -1997. - № 10.
4. Хайруллина К.О. Гарантии независимости и неприкосновенности судей // Вестник Министерства юстиции. -1996. - № 11.
5. Меирханова Г. Язык возрождается, но...// Фемида. -1998. - № 4.
6. Махметов Т. Шешенді сөз, шебер тіл-сот үлгісі // Тураби. - 1998. - № 1.
7. Қаржаубаев Е.К. Сот билігін демократияландыру // Заң. - 2000. - N12.

3-тақырып. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастары және оның субъектілері

1. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының түсінігі және жүйесі.

Құқықтық қатынас - құқық нормаларымен реттелген, құрамында өзара алмасып отыратын құқықтар және міндеттермен анықталған құқық субъектілері арасында заңдық байланысы бар қоғамдық қатынастар.

Құқықтық қатынастар мәселесі құқықтанудағы басты мәселелердің бірі. Оны зерттеуге азаматтық іс жүргізу құқығы теориясында ерекше көңіл бөлінеді. Құқықтық қатынастар сұрақтарын зерттеу құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастарға әсер ету механизмін тану, құқық нормаларының тиімділігін арттыру және заңдылықты нығайту мақсатында құқықтық реттеу формалары мен әдістерін жетілдіру қажеттілігін ашу үшін, құқықтық шындықты танып, білу үшін қажет.

Азаматтық процессуалдық қатынастарсыз азаматтық істер бойынша сот әділдігін жүзеге асыру мүмкін емес. Істі қозғау, оны сотта қарауға әзірлеу, дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау, процеске басшылық жасау, процесстің

қатысушыларының субъективті процессуалдық құқықтарды іске асыруы және процессуалдық міндеттерді орындауы, сот шешімін шығару – осының бәрі де азаматтық процессуалдық заңдармен тағайындалған ережелер бойынша, заңмен қарастырылған процессуалдық формаларда және соттың процесстің басқа да қатысушыларымен процессуалдық құқықтық қатынастарға түсуі жолымен жүзеге асырылуы қажет.

Құқықтық қатынас - құқық нормаларымен реттелген, құрамында өзара алмасып отыратын құқықтар және міндеттерден тұратын құқық субъектілері арасында заңдық байланысы бар қоғамдық қатынастар. Азаматтық іс жүргізу қатынасы құқық қорғау қатынастарына жатады. Азаматтық іс жүргізу қатынастары сотқа талап арыз, арыз және шағым берген кезде пайда болады. Азаматтық іс жүргізу құқықтары мен азаматтық іс жүргізу міндеттері азаматтық іс жүргізу қатынастарының мазмұнын құрайды.

Азаматтық істерді қарап шешуде азаматтық іс жүргізу құқық қатынастары туындайды. Азаматтық іс жүргізу құқығы теориясында құқықтық қатынасқа қатысты бірнеше анықтамалар берілген. Мысалы, Н.А.Чечина: «Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастары азаматтық процессуалдық реттеу пәнімен, әдістерімен анықталады. Құқықтық реттеу әдісі азаматтық істер жүргізу құқығы нормаларын іске асыру кезінде қалыптасатын құқықтық қатынастарға қатысушылардың өзара байланысының сипатын анықтайды», - деп жазады.

Азаматтық процессуалдық құқық ғылымында азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының ұғымына қатысты анықтамалар жиі кездеседі. Азаматтық процессуалдық құқық қатынасы – азаматтық процессуалдық құқық нормаларымен реттелген, сот төрелігін жүзеге асыру барысында сот пен іс жүргізуге қатысушылардың арасында пайда болатын қоғамдық қатынастар (Юдельсон К.С., Чечина Н.А., Гуреев П.П.).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай қорытындыға келеміз: *Азаматтық процессуалдық құқық қатынасы* - бұл субъективтік құқықтар мен заңмен қорғалатын мүддені қорғау үшін сот пен өзге азаматтық процесстің

қатысушылары арасындағы азаматтық іс жүргізу құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастар.

Азаматтық іс жүргізу құқық қатынастарының ерекшелігі оның биліктік сипатында болады.

Нақты азаматтық істі қарастырған кезде құқықтық қатынастар жүйесі қалыптасады. Олар мынадай түрдегі құқықтық қатынастардан тұрады: «сот-талапкер», «сот – жауапкер», «сот-үшінші тұлға», «сот-прокурор», «сот- куә» және т.б.

М.А. Гурвич құқықтық қатынастар жүйесін былай жіктейді:

1) басты құқықтық қатынастар – бір жағынан, сот пен екінші жағынан, талапкердің, жауапкердің, даудың пәніне дербес талап қойған үшінші тұлғаның, істі қозғаған прокурордың арасында қалыптасады;

2) қосымша құқықтық қатынастар – соттың және басталып кеткен процесске қорытынды беру үшін кірген прокурордың, мемлекеттік органдардың арасындағы құқықтық қатынастар;

3) көмекші қатынастар – бір жағынан, соттың және екінші жағынан, куәлардың, сарапшылардың, аудармашылардың

арасындағы құқықтық қатынастар¹.

2. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының алғышарттары.

Азаматтық құқық қатынастарының пайда болуына белгілі бір алғышарттар мен негіздер бар болғанда ғана пайда болады.

Құқық қатынастарының пайда болуына, өзгеруіне, тоқтатылуына негіздерді, жалпы танылған ереже бойынша құқық қатынастарының жалпы теориясымен анықталғандай, заңмен бекітілген, яғни құқық қатынастарын туындататын алғышарттар ретінде айтамыз.

¹ Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. М.С. Шакарян – М.: «Былина», 1996. – С.51.

Бұл алғышарттар екі түрге бөлінеді: жалпы (абстрактілі) және негізгі.

Жалпы алғышартқа: құқық нормалары; құқық субъектілік;

Негізгі алғы шартқа: құқықтық қатынастың туындау негізі; заңдық факт (әрекет, әрекетсіздік, оқиға, жағдай немесе заңдық фактілердің жиынтығы танылады).

Осыдан қорытындылайтын болсақ, азаматтық процессуалдық құқық қатынастың туындауына үш алғышарт қажет:

1. азаматтық процессуалдық құқық нормалары;
2. процессуалдық құқықтық қатынасқа қатысушылардың құқық субъектілігі;
3. заңдық факт.

Процессуалдық құқықтық қатынастар пайда болуы үшін, ең алдымен, құқықтық қатынасты қарастыратын процессуалдық құқық нормалары қажет және оның субъектілері берілген іс бойынша процесстің қатысушылары болуы керек.

Азаматтық процессуалдық құқық нормалары - бұл құқықты соттар арқылы жүзеге асыруда процеске қатысушылардың, соттың әрекеттерін реттейтін жалпы танылған ереже. Процессуалдық құқық субъектілік: процессуалдық құқық қабілеттілік және процессуалдық әрекет қабілеттіліктен тұрады.

Сонымен қатар, құқықтық қатынастардың пайда болуы үшін екінші алғышарт - азаматтық процессуалдық құқық қабілеттілігіне және әрекет қабілеттілігіне ие болу керек. Процессуалдық құқық қабілеттілік – құқықтарға ие болу мүмкіндігі. Ол адам туғаннан бастап өмірінің ақырына дейін болады.

Процессуалдық әрекет қабілеттілік – есі дұрыс және кәмілетке толған адамның өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра алу мүмкіндігі. 14 пен 18 жас аралығындағы кәмілетке толмағандарда жартылай әрекет қабілеттілік болады.

Әрбір нақты құқықтық қатынас процессуалдық заңды факт болғанда ғана пайда болады.

Заңдық факт - бұл процессуалдық қатынастардың туындауы, өзгеруі және тоқтатылуымен байланысты азаматтық

құқықтық қатынас нормаларымен қарастырылған өмірлік мән – жайлар.

Процессуалдық қатынастар заңды фактілердің белгілі бір жиынтығы – заңды құрам болғанда ғана пайда болады. Мысалы, процессуалдық құқыққабылдаушылық болуы үшін талапкердің қайтыс болу фактісі және оның мұрагерін іс жүргізуге кіргізу туралы соттың ұйғарымы шығарылуы – екінші фактісі қажет.

Егер алғашқы екі шарт барлық құқық қатынастары үшін бірдей болса, заңды фактілер әрбір құқықтық қатынас үшін өртүрлі. Сондықтан процессуалдық құқық нормасы мен процессуалдық құқықабілеттілік пен әрекет қабілеттілік азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының пайда болуының жалпы алғышарттарына жатады, ал заңды фактілер – арнайы алғышарттарға жатады.

Процессуалдық құқыққатынастар азаматтық іс жүргізу заңдарының нормаларымен реттелген болуы тиіс.

3. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының мазмұны және объектілері.

Азаматтық іс жүргізу құқықтары мен азаматтық іс жүргізу міндеттері азаматтық іс жүргізу қатынастарының мазмұнын құрайды. Осы сұраққа қатысты процессуалист-ғалымдардың көзқарастырына тоқталып өтейік.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастың мазмұны – азаматтық процестегі субъектілердің іс жүргізу құқықтары мен міндеттері, ал кейбір процессуалистердің пікірінше (А.А.Мельников) субъектілердің мінез-құлқы, яғни өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырудағы әрекеттері.

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының мазмұнын соттың, іске қатысушылардың және процесстің басқа қатысушыларының заңмен реттелген процессуалдық әрекеттері құрайды (Александров Н.Г.).

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының мазмұнын процеске қатысушылардың субъективтік құқықтары мен міндеттері, олардың әрекеттері құрайды (Клейнман А.Ф.).

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастарының объектісіне қатысты да теорияда алуан түрлі пікірлер берілген. Мысалы, П.Ф.Елисейкин: «Азаматтық процессуалдық құқық қатынастардың объектісі процесске қатысушылардың іс-әрекеті болып табылады», - деп пайымдайды. Ал М.П.Ринг: «Объект – сотпен қорғалатын материалдық-құқықтық қатынас», - деп қорытындылайды. Н.Б.Зейдердің пікірінше, бұл анықтамадың кемшілігі бар, себебі ол талап ісін жүргізу арқылы қаралатын істерге ғана қолданылады және ерекше өндірістегі істер бойынша құқықтық қатынастарға қолданыла алмайды, себебі онда материалдық-құқықтық дау жоқ. Сондықтан да, Н.Б.Зейдер: «Объект – құқық қатынас неге бағытталса, сол – объект. Нақты іс бойынша жалпы объект және әрбір құқықтық қатынастың арнайы объектілері болады», - деп қарастырады¹.

Азаматтық іс жүргізудегі құқықтық қатынастарының объектісін 2 түрге бөліп қарастыруға болады: *Жалпы және арнайы*.

Жалпы объект - сотпен қаралып, шешілуге немесе қорғалуға жататын материалдық- құқықтық дау немесе заңмен қорғалатын мүдде.

Арнайы объект – нақты, белгілі құқық қатынасын жүзеге асыруда алға қойылған мақсат (мысалы, сот пен сарапшы арасындағы азаматтық іс жүргізу құқық қатынасының объектісі болып осы сарапшының өзінің арнайы білімі негізінде іс үшін мәні бар фактілер туралы қорытындысы)

4. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының субъектілері, олардың жіктелуі.

Азаматтық процессуалдық құқықтың субъектісі – процессте белгілі бір құқықтық жағдайға ие болатын азамат және ұйым.

¹ Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.- С. 116-117.

Азаматтық іс жүргізу құқығының субъектісі азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынасының субъектісі болады.

Азаматтық іс жүргізу құқық қатынастарының субъектілері азаматтар мен заңды тұлғалар, мемлекет те бола алады. Соның қатарына азаматтық іс жүргізу қатынастарына шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар қатыса алады.

Азаматтық процессуалдық құқық қатынас субъектілері - бұл азаматтық іске қатысушы және онда процессуалдық мүддесі бар тұлға. Азаматтық процеске қатысатын тұлғалар, азаматтық құқықтық қатынасқа түсе отырып, негізгі процессуалдық мәртебеге ие болады: талапкер, жауапкер, үшінші тұлға, маман, куәгер және т.б.

Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының субъектілері процессуалдық құқық қабілеттілігіне (АДЖК-нің 45-бабы) және әрекет қабілеттілігіне (АДЖК-нің 46-бабы) ие болуы тиіс.

Азаматтық іс жүргізу қатынастарының субъектілерін мынадай үш топқа бөлуге болады:

1. *сот билігін жүзеге асырушы тұлғалар*: судья, сот мәжілісінің хатшысы, сот орындаушысы, соттық пристав. Сот – міндетті қатысушы субъект, сот төрелігін жүзеге асыру үшін өкілеттік берілген мемлекеттің билік ету органы.

2. *іске қатысушы тұлғалар*: тараптар, үшінші тұлғалар, прокурор, өзге тұлғаның құқығын қорғап азаматтық іс жүргізуге қатысушы мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқарушы орган, ерекше өндіріс бойынша арыз беруші, ерекше талап өндірісінде шағым, арыз беруші тұлға (ҚР АДЖК-нің 44-бабы).

Іске қатысушы тұлғалардың ортақ белгілері мынадай:

а) өз атынан процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру құқығы берілген;

б) дербес заңды мүдделерінің болуы.

в) процесстің пайда болуы, дамуы және тоқтатылуына негіз болатын әрекеттерді жүзеге асыра алады.

Іске қатысушы тұлғалар дегеніміз – процесстің жүруіне дербес заңды мүдделері бар, процессте өз атынан әрекет ете

алатын, процесстің пайда болуы, дамуы және тоқтатылуына бағытталған процессуалдық іс-әрекет жасау құқығы бар процеске қатысушы субъектілер.

Заңды мүдде екі түрлі болады: материалдық (жеке мүдде) және процессуалдық (қоғамдық, мемлекеттік мүдделі). Материалдық мүдде тек қана тараптарда, дербес талап қоятын үшінші тұлғада ғана болады. Процессуалдық мүдде прокурорда, өзге тұлғаның құқығын қорғап қатысушы мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқарушы органдарда, ұйымдарда болады.

Іске қатысушы тұлғалардың құқықтары мен міндеттері АҚЖК-нің 47-бабында қарастырылған.

3. *сот төрелігін жүзеге асыруға көмектесуші тұлғалар:* куә, аудармашы, сарапшы, маман, өкілдер.

Бұл субъектілерде заңды мүдде болмайды, себебі іс жүргізуге соттың шақыруы бойынша қатысады¹.

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж., 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 2.07.2003 ж., 30.12.2005 ж.) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.
3. Қазақстан Республикасының конституциялық заң күші бар заңы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және соттардың мәртебесі туралы» 30.12.2000ж. // Егемен Қазақстан, 30.12.2000.

¹ Абдуллина З.К. Гражданские процессуальные правоотношения и их субъекты // Вестник КазГНУ, серия юридическая, 1999. - №3 (12). – С.79-90.

4. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі. Жалпы бөлім. 27.12.1994 ж. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысы, 1994 ж., № 23-24.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Абдуллина З.К. Гражданские процессуальные правоотношения и их субъекты // Вестник КазГНУ, серия юридическая, 1999. - №3 (12).
2. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.
3. Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. Шакарян М.С. - М.: «Былина», 1996.
4. Гражданский процесс / Под ред. Осипова Ю.К. - М., 1995.
5. Гражданский процесс. Учебник./ Под.ред. К.С.Юдельсона. - М.: Юриздат,1972.
6. Гражданский процесс: Учебник / Под ред.Мусина В.А.Чечиной Н.А., Д.М.Чечота. - М.:ТОО «Фирма ГАРДАРИКА», 1996.
7. Гражданский процесс / Под ред. В.А.Мусина, Н.А.Чечиной, Д.М.Чечота. – М.: «Проспект», 2001.
8. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: Жалпы бөлім. Оқу құралы. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003.
9. Хрестоматия по гражданскому процессу/ Под ред. М.К.Треушникова – М., 1996.

4-тақырып. Азаматтық іс жүргізудегі тараптар

1. Тараптардың түсінігі және құқықтық жағдайлары.

Азаматтық іс жүргізудегі тараптар іске қатысушы тұлғалар қатарына жатады (АДЖК-нің 44-бабы).

Тараптар – сотта субъективтік құқықтары немесе заңмен қорғалатын жеке мүддесі туралы даулары қаралып және шешілуге тиіс іске қатысушы тұлғалар.

Тараптар деп талапкер мен жауапкерді атайды. Талапкер мен жауапкер ретінде жеке тұлғалар (ҚР –ның азаматы, шетел азаматы және азаматтығы жоқ адам) мен заңды тұлғалар (мекемелер, ұйымдар және кәсіпорындар) болып табылады.

Азаматтық іс жүргізуде тараптар ретінде қатысушы үшін азаматтық іс жүргізу құқыққабилеттілігі (АДЖК-нің 45 бабы), ал сотта өзінің іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыру үшін азаматтық іс жүргізу құқықтарын жүзеге асыру үшін азаматтық іс жүргізу әрекет қабилеттілігі (АДЖК-нің 46- бабы) қажет.

Азаматтық іс жүргізудегі құқық қабилеттілігі – азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттеріне ие болу қабилеттілігі, материалдық құқық субъектілері болып табылатын барлық азаматтар мен ұйымдар үшін бірдей дәрежеде танылады.

Азаматтық іс жүргізудегі әрекет қабилеттілігі – сотта құқықтарын өз іс әрекетімен жүзеге асыру және міндеттерін орындау, іс жүргізуді өкілге тапсыру қабилеттілігі.

Талапкер – талап арызын сотқа беру арқылы өзінің даулы құқығын қорғап, сотқа жолданушы немесе субъективтік құқығы мен қорғалатын заңды мүддесі бойынша азаматтық іс қозғалған тұлға.

Жауапкер – талапкердің арызы бойынша жауапқа тартылған тұлға.

Екеуі де даулы материалдық-құқықтық қатынастың субъектісі болып табылады. Тараптардың құқықтары мен міндеттері тең болады.

Тараптардың азаматтық іс жүргізу құқықтарын: жалпы және арнайы деп бөліп қарастырамыз. *Жалпы* – бұл тараптардан басқа да іске қатысушы тұлғаларға тиесілі құқықтар: іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жазып алуға және көшірмелер түсіруге, қарсылықтарын мәлімдеуге, дәлелдеме табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға және т.б (АДЖК 47- бабы)

Арнайы – ҚР АДЖК-нің 32, 49, 50, 156, 158-бабы және т.б баптарында көзделген. Мысалы, талап қоюшы талаптың пәнін немесе негізін өзгертуге; талап қою талабының мөлшерін ұлғайтуға не азайтуға немесе талап қоюдан бас тартуға құқылы, жауапкермен екеуі бітім келісімін жасасуға, жауапкер қарсы талап қоюға құқылы.

Тараптарға заң төмендегідей міндеттер жүктейді: дәлелдемелерді тапсыру міндеттері, оны дәлелдеу, өздерінің тұрақты мекендерінің өзгергені туралы сотқа хабарлауға; сот шығындарын өтеуге; сот актілерін орындауға міндетті. Бұл міндеттерді орындамаған жағдайда тиісінше салдарлар туындайды: талап арыз қайтарылады, қараусыз қалдырылады, сот талқысы кейінге қалдырылады, істі сырттай сот өндірісінде қарайды және сырттай сот шешімі шығарылады.

2. Процессуалдық іске ортақ қатысудың түсінігі және түрлері.

Процессуалдық іске ортақ қатысу – бұл бірден азаматтық процесте талап қоюшы не жауапкер жағында немесе екі тараптар жағынан бір-біріне мүдделері қайшы келмейтін бірнеше тұлғалардың қатысуы¹.

ҚР АДЖК-нің 50-бабында: «Талапты бірнеше талап қоюшының бірлесіп қоюы немесе оның бірнеше жауапкерге қойылуы мүмкін. Талап қоюшылардың немесе жауапкердің ерқайсысы екінші тарапқа қатысты процесте дербес болады» - делінген.

Егер іске бірнеше талап қоюшының қатысуы болса, онда олар тең талап қоюшылар деп аталады.

Егер іске бірнеше жауапкердің қатысуы болса, онда олар тең жауапкерлер деп аталады.

Теория жүзінде бірігіп қатысушылықты екі мағынада қарастырады:

- 1- процессуалдық - құқықтық мағынада;
- 2- материалдық – құқықтық мағынада.

¹ Громошина Н.А. Процессуальное соучастие. – М., 1988.

Іске ортақ қатысуды екі түрге бөледі: *факультативті*, яғни іс жүргізуге іске ортақ қатысушылардың барлығы қатыспай-ақ, біреуінің қатысуымен қарауға болады. Мысалы, жалақы өтеп алу туралы істер бойынша.

Міндетті – іс жүргізуге іске ортақ қатысушылардың барлығы қатысуы міндетті болатын жағдайларда орын алады. Мысалы, денсаулыққа келтірілген зиянды, материалдық зиянды өтеу туралы, моральдық зиянды өтеу туралы істер бойынша.

Іске ортақ қатысудың негіздері болып табылады:

1) егер талаптың пәні – жалпы ортақ құқық болса, мысалы, жалпы ортақ меншікті қорғау туралы талап қойылуы мүмкін.

2) егер талаптар бойынша ортақ бір негіз болса, мысалы, ортақтасып бірнеше адамның зиян келтіруі;

3) негізі мен пәні бойынша талаптар біркелкі болса, мысалы, жұмыс берушіге жұмысшылардың жалақыны төлеу туралы талап арыз қоюы.

Іске ортақ қатысушылардың құқықтары мен міндеттері процесстің тараптары болғандықтан, солардың құқықтары мен міндеттерін пайдаланады. Маңызы – уақыт үнемдеуге және істі дұрыс қарап, шешуге мүмкіндік береді.

3. Тиісті емес жауапкердің түсінігі және оны ауыстыру.

Тиісті емес тарап (талап қоюшы мен жауапкер) – нақты азаматтық іс бойынша азаматтық іс жүргізудің нағыз қатысушысы емес, яғни даулы құқық қатынасының субъектісі болуы мүмкін деген болжау іс материалдары бойынша жоққа шығарылған тарап.

Тиісті емес жауапкер - қойылған талап бойынша заңды жауапқа тартылмайтын тұлға.

Тиісті емес жауапкер тиістісімен мына жағдайда ауыстырылады:

1) соттың белсенділігі бойынша, талапкердің келісімімен (ҚР АДЖК 170- бабының 3-бөлімі)

2) талап қоюшының өтініші бойынша (ҚР АДЖК 51- бабының 1-бөлімі.)

Барлық жағдайда диспозитивтік қағидаға сәйкес, тиісті емес жауапкерді тиістісімен орын ауыстыруға талап қоюшының келісімі керек. Егер талапкер келісімін бермесе, онда сот істі әрі қарай жүргізе береді (ҚР АДЖК-нің 51-бабының 2-бөлімі). Тиісті емес жауапкерді тиістісімен орын ауыстырған жағдайда сот ұйғарым шығарады.

Тиісті емес жауапкер тиістісімен ауыстырылса, онда істі қарау басынан басталады.

4. Процессуалдық құқыққабылдаушылық: түсінігі, негіздері.

Іс жүргізу барысында даулы материалдық құқық қатынастарының субъектілерінің процессуалдық құқықтары мен міндеттері кейбір жағдайларда өзге тұлғаға беріледі. Оны азаматтық процессуалдық құқыққабылдаушылық деп атайды. *Процессуалдық құқыққабылдаушылық дегеніміз - тараптардың біреуін өзге тұлғамен, яғни құқыққабылдаушымен ауыстыру.*

Процессуалдық құқыққабылдаушылық - бұл даулы не сот шешімімен анықталатын құқықтық қатынастарда іс жүргізуден тараптардың біреуінің шығуына байланысты істе тарап немесе үшінші тұлға болып танылатын тұлғаны ауыстыру¹. Бұл жөнінде сот ұйғарым шығарады.

Процессуалдық құқыққабылдаушылық материалдық құқық бойынша келесі жағдайларда орын алады:

1. Әмбебаптық (универсалды) мирасқорлық (мұрагерлік, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы);

2. Сингулярлы мирасқорлық, яғни жеке субъективтік құқық мирасқорлығы (талапқа жол беру немесе басқа тұлғаның қарызын өзіне аудару).

АДЖК-нің 54-бабына сәйкес, процессуалдық құқыққабылдаушылыққа азаматтың қайтыс болуы, заңды

¹ Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. М.С.Шакарян – М.: «Былина», 1996. – С.73.

тұлғаның қайта құрылуы, жойылуы жағдайында, талап ету құқығының ауысуы, борыштың ауысуы жағдайларында жол беріледі.

Материалдық құқықта құқыққабылдаушылыққа жол берілмесе азаматтық іс жүргізуде де жол берілмейді. Мысалы, неке бұзу, алимент өндіру, жұмысқа қайта алу және т.б. істер бойынша жол берілмейді.

Тиісті емес жауапкерді ауыстырудан айырмашылығы: құқыққабылдаушылық болғанда іс жүргізу үзілген жерінен әрі қарай жалғастырылады.

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж., 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 8.08.2002 ж.; 5.05.2003 ж., 2.07.2003 ж., 10.03.2004 ж.; 30.12.2005 ж., 5.06.2006 ж.; 22.06.2006 ж.; 4.07.2006 ж.) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.
3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі. Жалпы бөлім. 27.12.1994 ж. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысы, 1994 ж., № 23-24.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.

2. Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. Шакарян М.С. - М.: «БЫЛИНА», 1996.
3. Громошина Н.А. Процессуальное соучастие. – М., 1988.
4. Хрестоматия по гражданскому процессу / Под ред. М.К. Треушников. – М., 1996.
5. Монахов А.В. Актуальные вопросы соучастия в гражданском процессе: Автореф. дис. к.ю.н. – М., 1987.
6. Громошина Н.А. Процессуальное соучастие: лекция. – М., 1988.

5-тақырып. Азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалар

1. Үшінші тұлғаның түсінігі және түрлері.

Азаматтық іс жүргізуге қатысушы субъектілерден басқа, дауды шешу кезінде тараптардың арасында өзге де мүдделі тұлғалар болуы мүмкін. Мысалы, ерлі-зайыптылардың жалпы ортақ меншігіндегі үлестерін бөлу туралы даулы іс бойынша өзге де туысқан адам мүдделі болуы мүмкін. Себебі, ол өз мүлкін ерлі-зайыптыларға уақытша пайдалануға берген, енді сол мүлкін қайтаруды талап етуі мүмкін.

Екінші жағдайда, заңсыз жұмыстан шығарылған жұмысшы жұмыс берушіге талап қойса, оны жұмыстан шығару туралы бұйрыққа қол қойған лауазымды тұлға жауапкер жағынан дербес талап қоймайтын үшінші тұлға ретінде қатыстырылады. Себебі, істің жүруіне оның мүддесі бар: іс бойынша талапкердің талабын қанағаттандыру туралы шешім шығару оның мүддесіне өсер етуі мүмкін. Сондықтан да процессте жауапкер жағынан оны жақтап, жұмысшының кінәсін дәлелдеуге атсалысады.

Үшінші тұлғалар - өздерінің субъективтік құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін басталып кеткен азаматтық процеске қатысатын және мүдделері тараптардың (талап қоюшы мен жауапкердің) құқықтары мен мүдделерімен сәйкес келмейтін тұлғалар.

Үшінші тұлғалардың азаматтық процеске қатысуының негізгі себебі - олардың қаралып жатқан азаматтық істе өздерінің жеке мүдделері бар. Іс бойынша сот шешімі олардың материалдық құқықтары мен міндеттеріне әсер етуі мүмкін. Бұған қоса үшінші тұлғалар институты нақты бір іс бойынша бірнеше әртүрлі талаптарды біріктіруге мүмкіндік береді, істің бүкіл мән-жайларын сотпен толық зерттеуді қамтамасыз етеді және негізсіз сот шешімдерін шығарудан сақтайды деуге болады.

Үшінші тұлғалардың іс бойынша мүдделерінің сипаты әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан олардың екі түрі болады:

- 1) даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлға;
- 2) даудың пәніне дербес талап қоймайтын үшінші тұлға.

2. Даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлғалар.

Даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлғалар - бұл талап қоюшы мен жауапкер арасында басталып кеткен процеске даудың пәніне қатысты өздерінің дербес құқықтарын қорғау үшін қатысатын тұлғалар (ҚР АДЖК-нің 52-бабы). Бұл тұлғалардың процеске қатысу себебі, олар құқық жөнінде дау талап қоюшы мен жауапкерге емес, өзіне тиесілі деп есептейді. Іс бойынша үшінші тұлғаларды қатыстыру мәселесі, соттың сәйкесті ұйғарым шығаруымен белгіленеді.

Үшінші тұлғаның талап қоюшыдан бір ғана айырмашылығы бар - бұл процеске кіру кезеңі: басталып кеткен процеске кіреді.

Даудың пәніне дербес талаптарын қоятын үшінші тұлғалардың сипаттамасы:

- процеске талап қою арқылы қатысады, талап қоюшының барлық міндеттерін атқарады;
- үшінші тұлғалардың талап қою пәні талап қоюшының талап қою пәнімен толық көлемде немесе жартылай толық сәйкес келуі керек, сондықтан талап қоюшының талабын қанағаттандырса, әлбетте, үшінші тұлғаның талап арызын қанағаттандырудан бас тартады;
- іске қатысу белсенділігі, көбінесе, үшінші тұлғалардың өздерінен болады.

Мысалы, ерлі-зайыптылардың жалпы бірлескен ортақ мүлкін бөлу туралы сотта азаматтық іс қаралып жатырған кезде даулы мүлікке меншік құқығына қатысты (ерлі-зайыптыларға пайдалануға берген жиһазды қайтарып беру немесе жалдауға берілген пәтерден шығару туралы) үшінші тұлға дербес талап қоя отырып процеске кіре алады. Осы жағдайда сот екі талапты қарауы тиіс: әуелі үшінші тұлғаның талабын қанағаттандырса, кейін қалған мүліктерді талапкер мен жауапкерге бөліп беру арқылы дауды шешеді. Бұл соттарға бір процессте екі талапты қарау арқылы уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді.

Даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлға талабын бір тарапқа немесе екі тарапқа да қоя береді. Ол сот шешімі шығарылғанға дейін процеске кіре алады.

АДЖК-нің 52-бабында олар талапкердің барлық құқықтары мен міндеттерін пайдалана алады деп бекітеді: талаптың пәні мен негізін өзгерте алады; мөлшерін ұлғайтып, азайта алады; талаптан бас тарта алады; бітім келісімін жасай алады.

Үшінші тұлғаны процеске кіргізу туралы сот ұйғарым шығарады.

Даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлғаның іске ортақ қатысушыдан айырмашылығы:

- үшінші тұлға әрқашан да басталып кеткен процеске кіреді, ал іске ортақ қатысушы басынан бастап кіреді;
- үшінші тұлғаның талабы дербес сипатта болады;
- іске ортақ қатысатын талапкердің талабы тек қана жауапкерге қойылады;
- үшінші тұлғаның талабы бастапқы талаппен бірге қойыла алмайды.

3. Даудың пәніне дербес талап қоймайтын үшінші тұлғалар.

Даудың пәніне дербес талап қоймайтын үшінші тұлғалар - бұл тараптардың біреуіне қатысты бірінші сатыдағы қаралатын іс бойынша қабылданатын шешім өздерінің құқықтары мен міндеттеріне әсер етуі мүмкін болғанда, талап қоюшы не

жауапкер жағында іске қатысатын тұлғалар (ҚР АДЖК-нің 53-бабы)

Олардың сипаттамасы:

- егер іс тараптардың біреуіне қатысты өздерінің құқықтарына, міндеттеріне әсер етуі мүмкін болса, іс бойынша бірінші сатыдағы соттың шешімі шыққанға дейін талап қоюшы немесе жауапкер жағында іске кірісе алады;

- олар, сондай ақ, тараптардың және іске қатысушы басқа адамдардың өтінішімен немесе соттың бастамасымен іске қатысуға тартылуы мүмкін;

- дербес талап қоймайтын үшінші тұлғалар тараптардың талап қоюдың негіздемесі мен нысанасын өзгерту, талап қою талабының мөлшерін ұлғайту немесе азайту, сондай-ақ талап қоюдан бас тарту, талап қоюды мойындау не бітімгершілік келісімін жасау, қарсы талап қою, соттың шешімін мәжбүрлеп орындатуды талап ету құқықтарынан басқа іс жүргізу құқықтарын пайдаланады және іс жүргізу міндетін мойнына алады (ҚР АДЖК-нің 53-бабы).

Мысалы, жұмысқа қайта алу туралы іс бойынша, сот өз белсенділігі бойынша, жауапкер (жұмыс беруші) жағынан даудың пәніне дербес талап қоймайтын үшінші тұлға ретінде жұмыстан шығару туралы бұйрық шығарған лауазымды тұлғаны процеске қатыстыра алады. Жұмыстан заңсыз шығару немесе заңсыз ауыстыру фактісін сот анықтаған жағдайда, сол процессте сот кінәлі лауазымды тұлғадан жұмыс беруші – ұйымның пайдасына заңсыз жұмыстан шығарылған жұмысшыға лажсыз бос уақыт өткізгені үшін төленген өтемақыны төлеуге байланысты шыққан шығынын өндіріп береді. Сондықтан да бұл жерде үшінші тұлға өзін сот шешімімен келтірілетін жағымсыз салдарынан қорғау мақсатында процеске қатысады¹.

Маңызы:

- негізгі және кері талап бір уақытта бірге шешіледі;
- істі дұрыс өрі әділ шешуге мүмкіндік береді.

¹ Особенности рассмотрения отдельных категорий гражданских дел / Под ред. М.К.Треушниковой. – М., 1995. – С.208-209.

Даудың пәніне дербес талап қоймайтын үшінші тұлғалар іске келесі жағдайларда кірісе алады:

- өз бастамасы бойынша;
- тараптардың өтініші бойынша ;
- іске қатысушы басқа тұлғалардың (прокурордың, мемлекеттік және өзін-өзі басқару органдардың) өтініші бойынша;
- соттың бастамасы бойынша.

Бұлар іске соттың бірінші сатысындағы шешімі қабылданғанға дейін кірісе алады және ол соттың ұйғарымымен белгіленеді

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж., 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 2.07.2003 ж., 30.12.2005 ж.) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.
3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі. Жалпы бөлім. 27.12.1994 ж. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысы, 1994 ж., № 23-24.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аргунов В.Н. Участие третьих лиц в гражданском процессе. - М., 1991.

2. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.
3. Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. Шакарян М.С. - М.: «Былина», 1996.
4. Гражданский процесс / Под ред. Осипова Ю.К. - М., 1995.
5. Гражданский процесс / Под ред. В.А.Мусина, Н.А.Чечиной, Д.М.Чечота. – М.: «Проспект», 2001.
6. Хрестоматия по гражданскому процессу / Под ред. М.К. Треушникова. – М., 1996.
7. Особенности рассмотрения отдельных категорий гражданских дел / Под ред. М.К.Треушникова. – М., 1995.

6-тақырып. Азаматтық іс жүргізуге прокурордың, өзге тұлғалардың құқығын қорғау үшін мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдар мен жеке азаматтардың қатысуы

1. Азаматтық іс жүргізуге прокурордың қатысу міндеттері.

Азаматтық сот ісін жүргізуде заңдардың дәлме-дәл және бір үлгіде қолданылуына жоғары қадағалау жүргізу ісін мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Бас прокуроры тікелей өзі және өзіне бағынатын прокурорлар арқылы жүзеге асырады¹.

Прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу міндеттері, тәсілдері мен формалары ҚР «Прокуратура туралы» 21.12.1995 жылғы заңымен анықталады: Конституция мен заңдардың жоғарылығын қамтамасыз ету, адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, Конституцияның, заңдардың және ҚР Президентінің жарлықтарының және нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл және бір үлгіде

¹ ҚР АДЖК-нің 55-бабының 1-тармағы. 13.07.1999 ж. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.

қолданылуына жоғары қадағалауды жүргізе отырып, мамлекеттің атынан прокуратура: мемлекеттің мүддесін сотта қорғайды; ҚР Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен өзге де құқықтық актілерге наразылық келтіреді (4-бап)¹.

Прокурордың азаматтық іс жүргізудегі құқықтық жағдайының соттан айырмашылығы – прокурор іс бойынша шешім қабылдамайды.

Прокурор АДЖК-нің 44-бабында қарастырылғандай, іске қатысушы тұлғаға жатады. Процессуалдық жағдайы бойынша өзге іске қатысушы тұлғалардан айырмашылығы: прокурор азаматтық процессте мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғау мақсатында қатысады. Сондықтан да прокурорға берілген АДЖК-нің 55-бабындағы бекітілген құқықтардан басқа өзге тұлғаларға берілмеген құқықтар да қарастырылған: прокурор кез келген іс материалымен танысуға және іске қатыспай-ақ, оған наразылық келтіруге құқылы; азаматтық процесстің кез келген сатысында, кез келген іс бойынша қатысуға құқылы. Ол өзінің белсенділігімен немесе соттың шақыруы бойынша процесске қатыса алады. Ал кейбір азаматтық істердің түрлері бойынша прокурор міндетті түрде қорытынды беру үшін қатысуы тиіс, мысалы, ерекше өндірістегі істер қаралғанда (азаматты әрекет қабілеттілігі жоқ немесе шектеулі деп тану туралы істер, т.б.); бала тәрбиесіне қатысты даулар (бала асырап алу туралы, ата-аналық құқықтан айыру туралы істер бойынша) қаралғанда; әкелікті анықтау туралы істер бойынша; материалдық зиянды өндіру туралы (қылмыс жасау нәтижесінде келтірілген материалдық шығынды өндіріп алу туралы) істер бойынша; апелляциялық, қадағалау тәртібінде сот актілері қайта қаралғанда; еңбектік (жұмысқа қайта алу туралы), тұрғын үй қатынастарынан туындаған (тұрғын үйден шығару туралы) даулар қарастырылып жатқанда.

¹ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-күжат.

Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы мұның өзі заңмен көзделген немесе осы іске прокурордың қатысуы қажеттілігін сот таныған жағдайларда міндетті болады.

2. Прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу негіздері мен формалары.

Прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу тәртібі мен оның процессуалдық құқықтарының көлемі оның іс жүргізудің қай сатысында түсуіне қарай және іске қатысу формасына байланысты болады.

Заң прокурордың азаматтық процеске қатысуының екі формасын қарастырады:

1) азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін өз бастамасы немесе соттың бастамасы бойынша талап арыз, арыз қою жолымен процеске қатысуға құқылы.

2) Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін процеске қатысады.

ҚР АДЖК-нің 55-бабының 3-бөліміне сәйкес, прокурор азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау туралы сотқа талап қоюға, өтініш жасауға құқылы.

Азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау туралы, егер адам дәлелді себептермен өзі сотқа жүгіне алмаса, тек мүдделі адамның өтінішімен ғана **прокурор талап қоя** алады. Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүддесін қорғау үшін прокурор мүдделі адамның өтінішіне қарамастан талап қоя алады (АДЖК-нің 55-бабы).

Егер талап қоюшы прокурор мәлімдеген талапты қолдамаса, егер үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделері қозғалмаса, онда сот талап қоюды қараусыз қалдырады.

Прокурор өз талабынан бас тарта алады, бірақ бітімгершілік келісім жасай алмайды, себебі ол материалдық мүддесі жоқ,

процессуалдық мүдделі тұлға. Бұл жағдайда пшын талапкердің өзі соттан істі негізі бойынша қарауды сұрауға құқылы.

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында талап қойған прокурордың процессуалдық жағдайы бойынша прокурор тек қана процессуалдық мағынадағы тарап болып табылады¹.

Прокурордың талаптары - заң бұзушылыққа қарсы күрестің тиімді де маңызды құралдарының бірі.

Іс бойынша қорытынды беру үшін прокурордың процеске қатысуы. Прокурор өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін өз бастамасы немесе соттың бастамасы бойынша процеске қатыса алады (АДЖК-нің 55-бабының 2-бөлімі). Мысалы:

- қолданыстағы заңдар бойынша, прокурор азаматтық іс жүргізуде қорытынды беру үшін міндетті қатысуы тиіс; азаматтың нормативтік-құқықтық актінің заңдылығын даулауы бойынша (АДЖК-нің 284-бабының 2-бөлімі); азаматты хабар-опарсыз кетті деп тану немесе өлді деп жариялау туралы істер (АДЖК-нің 299-бабы); ата-аналық құқықтан айыру туралы (ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 68-бабының 2-тармағы); баланы асырап алуды жою туралы (ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 96-бабының 2-тармағы);

- прокурордың қатысу қажеттілігі сотпен танылғанда:

Азаматтық істі сот талқысына өзірлеу барысында прокурорды қатыстыру мәселесін шешеді. Бұл жерде сот азаматтық істің сипаты мен күрделілігін, қоғамдық маңыздылығын ескеруі тиіс. Сот прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу қажеттілігі туралы ұйғарым шығарады да, оған сот талқысының өтетін датасы мен уақыты, орны туралы хабарлауы тиіс.

- ҚР Бас Прокуроры немесе жоғары тұрған прокурор нақты істің қаралуына прокурордың қатысу қажеттігі туралы нұсқау береді¹.

¹ Аргунов В.Н. Участие прокурора в гражданском процессе. – М., 1991. – С.113.

Прокурор соттағы жарыссөзден кейін, сот кеңесу бөлмесіне кетер алдында істің негізі бойынша қорытынды береді. Прокурор өз қорытындысында талапкердің талабына және жауапкердің қарсылығына қатысты заңды талдау береді.

Істі сотта қарау барысында прокурор заңдардың орындалуына, процеске қатысушылардың әрекеттерінің құқыққа сәйкес болуына бақылау жасайды.

Прокурордың қорытындысы үш бөлімнен тұрады:

1) кіріспе (азаматтық істің қоғамдық маңызы, даулы материалдық құқыққатынасын құқықтық саралау);

2) негізгі бөлім (дәлелдемелерге талдау жүргізу және баға беру);

3) қорытынды бөлімі (талапты қанағаттандыру немесе қанағаттандырмау туралы; жеке ұйғарым шығару қажет пе, шешімді дереу орындауға жіберу қажет пе деген мәселелер туралы қорытындылайды).

3. Азаматтық іс жүргізуге басқа тұлғалардың мүдделерін, қоғамдық немесе мемлекеттік мүддені қорғап қатысатын мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және жеке азаматтардың қатысу мақсаттары мен негіздері.

Азаматтық іс жүргізу құқығы іс жүргізуге өз құқықтарын емес, өзге тұлғалардың құқықтарын қорғаушы мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқарушы органдардың, ұйымдардың және жеке тұлғалардың қатысуын қарастырады (АДЖК-нің 56; 57-баптары).

Аталған органдар мен тұлғалардың процеске қатысу мақсаты келесіде:

- басқа тұлғалардың (азаматтар мен ұйымдардың) субъективтік құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін;
- қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін.

¹ Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.- С.175-176.

Аталмыш органдар процеске екі формада қатыса алады:

1) Заңмен көзделген жағдайларда, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар немесе жеке азаматтар өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау мақсатында, бірінші сатыдағы сот шешімін шығарғанға дейін *сотқа талап қою жолымын* іс жүргізуге қатыса алады. Мысалы, ҚР 15.07.1997 жылғы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңының 5-6-баптары бойынша азаматтар мен қоғамдық бірлестіктер қоршаған ортаны қорғау туралы заңның бұзылу салдарынан денсаулық пен мүлікке келтірілген зиянды өтеп алу туралы сотқа талап қоя алады¹.

ҚР Монополияға қарсы комитеті заңдар бұзылған жағдайда (ҚР «Табиғи монополиялар туралы» заңы, 9.07.1998 ж., 14-баптың 7-тармағы) – сотқа жүгінуге құқылы².

Қазақстан Республикасының 05.06.1991 жылғы «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Заңы (26.06.1992 ж. өзгертулер мен толықтыруларымен қоса) бойынша, Тұтынушылар құқығын қорғау бойынша қоғамдық бірлестіктер өз мүшелерінің мүдделерін қорғау туралы талаппен сотқа жолдана алады³.

2) Сонымен қатар, заңмен қарастырылған жағдайларда, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз бастамашылығы бойынша, іске қатысушы тұлғалардың бастамашылығы бойынша, сондай-ақ соттың бастамашылығы бойынша процеске *қорытынды беру үшін* азаматтық іс жүргізуге қатыса алады (АДЖК-нің 57-бабының 1-бөлімі).

Азаматтық процеске қатысушы мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары:

¹ Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18.

² Егемен Қазақстан, 10.07.1998.

³ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 23, 267-күжат.

- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті өзін-өзі басқару, атқарушы органдар¹;

- әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелері – зейнетақы, жәрдемақы тағайындауға қатысты ерекше өндірістегі істер (нақты некелік қатынастарды анықтау; тұлғаны өлді деп жариялау туралы)²;

- тұрғын үй-коммуналдық орган (ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңы, 16.04.1997 ж.) – тұрғын үйді иеленумен байланысты істер бойынша (үйден шығару; тұрғын үйді бөлу немесе ауыстыру; тұрғын емес үй-жайды тұрғын үйге қайта жабдықтау; тұрғын үй құрылысына меншік құқығы туралы және т.б.)³;

- қорғаншылық және қамқоршылық орган (ҚР «Неке және отбасы туралы» заңы, 17.12.1998 ж.) - балалар мен әрекет қабілеттілігі жоқ тұлғалардың мүдделерін қорғау туралы істер (баланы тәрбиелеуге беру; ата-аналық құқықтан айыру; балалардың тұрғын үйге құқықтарын қорғау; баланы асырап алуды жою және т.б.)⁴;

Жекелеген азаматтар өзге тұлғаның мүддесін қорғау үшін мысалы, сайлау құқығын қорғау; азаматтың әрекет қабілеттілігін шектеу немесе жоқ деп тану туралы; ата-аналық құқықты шектеу туралы істер бойынша талап қоя алады.

Азаматтық іс жүргізуге қатысатын прокурордан айырмашылығы:

- тек қана заң бойынша қызметтік құзыретінде белгіленген міндеті бойынша қатысады. Өйткені, істің дұрыс шешілуіне мемлекеттік мүдденің болуы, мемлекеттің міндеттеуі себеп болып отыр.

¹Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы №16 22.12.2000 ж. «Соттардың қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені, 2001., №1.

² Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 5 сәуір N 365-І // Егемен Қазақстан, 7.04.1999 ж., N 66.

³ ҚР Парламентінің Жаршысы, 1997, №8, 84-құжат.

⁴ Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 23.

- белгілі бір істердің категориялары бойынша ғана қатыса алады. Мысалы, кәсіподақ ұйымы өз мүшелерінің еңбектік құқықтарын қорғау үшін азаматтық істі қозғай алады¹.

Аталмыш субъектілер АДЖК-нің 44-бабына сәйкес іске қатысушы тұлғаларға жатқызылғандықтан, АДЖК-нің 47-бабында бекітілген құқықтарды пайдаланады. Бірақ та бұлар процессуалдық мүдделі тұлға болғандықтан, АДЖК-нің 56-бөліміне сәйкес, талаптан бас тарта алады, бірақ бейбіт келісім жасай алмайды. Өзге тұлғаның мүддесін қорғап қойылған талабынан бас тартқан жағдайда, сол талапкердің өзі соттан істі негізі бойынша қарауды сұрауға құқылы.

Егер өзгенің мүддесін қорғап талап қойылғанда, мүддесі қорғалып отырған тұлға қойылған талапты құптамаса, үшінші тұлғаның мүддесіне қайшы келмейтін болса, онда сот талап арызды қараусыз қалдырады.

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж., 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 2.07.2003 ж., 30.12.2005 ж.) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.
3. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» заңы 21.12.1995 ж. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-құжат.

¹Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы. 9.04.1993 ж. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 200-құжат.

4. Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңы 15.07.1997 ж. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18.
5. Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» заңы. 9.07.1998 ж. // Егемен Қазақстан, 10.07.1998.
6. Қазақстан Республикасының 05.06.1991 жылғы «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» Заңы (26.06.1992 ж. өзгертулер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 23, 267-құжат.
7. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы №16 22.12.2000 ж. «Соттардың қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. – 2001. - №1.
8. Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 1999 жылғы 5 сәуір N 365-I // Егемен Қазақстан, 7.04.1999 ж., N 66.
9. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңы. 16.04.1997 ж. // ҚР Парламентінің Жаршысы, 1997, №8, 84-құжат.
10. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» заңы. 17.12.1998 ж. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 23.
11. Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңы. 9.04.1993 ж. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 200-құжат.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Аргунов В.Н. Участие прокурора в гражданском процессе. - М.:МГУ, 1991.
2. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.

3. Баймолдина З. Х. Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан: проблемы применения и совершенствования // Право и государство. -1999. - № 4.
4. Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. Шакарян М.С. - М.: «Былина», 1996.
5. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: Жалпы бөлім. Оқу құралы. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003.

7-тақырып. Соттағы өкілдік

1. Соттағы өкілдік пен соттағы өкілдің түсінігі.

Жалпы процессуалдық заңға сәйкес азаматтар өз істерін сотта өздері немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы және азаматтың іске өзінің қатысуы оның бұл іс бойынша өкілі болу құқығынан айырмайды (АДЖК-нің 58-бабы).

Азаматтық іс жүргізуде өкілдер өкілдік берушінің атынан заңды іс-әрекеттер жүзеге асырады.

Соттағы өкілдіктің қажеттілігі әртүрлі себептерге байланысты болады. Іске қатысушылардың барлығы бірдей азаматтық процессуалдық әрекет қабілеттілігіне ие бола бермейді (мысалы, кәмілетке толмаған жас балалар, сотпен әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылғандар). Бұл тұлғалардың мүдделерін сотта қорғайтын заңды өкілдері қорғайды.

Алқалы органмен басқарылатын заңды тұлға да тікелей сотта істі қарауға қатыса алмайды. Сондықтан сотта өкілі ретінде оның мүддесін заң кеңесшісі немесе лауазымды тұлғасы қорғайды. Сонымен бірге, өкілдің көмегіне қажеттілік, мүдделі тұлғаның өзі сотта оның мүддесін білдіретін кәсіби заңды көмек алуды қажетсінгенде туындайды.

Өкілдік – басқа тұлғаның (өкілдік берушінің) атынан бір жеке тұлғаның (өкілдің) сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасаған

мәмілесі, өкілдік берушінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызады, өзгертеді және тоқтатады.

Соттағы өкілдік - өкілдік берушінің мүддесін қорғап және соның атынан өзіне берілген өкілеттік шеңберінде тұлғаның процессуалдық әрекетті жүзеге асыруына байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуші құқықтық институт.

Соттағы өкіл дегеніміз - өкілдік берушінің атынан және соның мүддесін қорғап, өзіне берілген өкілеттік шеңберінде процессуалдық іс-әрекетті жүзеге асырушы, әрекет қабілеттілігі бар тұлға¹.

АДЖК-нің 58-бабының 3-бөліміне сәйкес, сотта өкіл ретінде сотта іс жүргізуге өкілеттігі тиісінше рәсімделген, кез келген әрекет қабілеттілігі бар тұлға бола алады.

Сотта аталмыш процессуалдық іс-әрекеттер жасайтын тұлғаны сотта өкілдік етуші деп атайды. Процесте соттағы өкілдің қатысуы өкіл берушіні істен шығарып тастамайды.

Соттағы өкілдіктің азаматтық құқықтағы өкілдіктен айырмашылығы: екі түрлі құқық нормаларымен реттеледі – соттағы өкілдік іс жүргізу құқығының нормаларымен, ал азаматтық құқықта материалдық құқықпен реттеледі; мақсаты мен сипатына байланысты айырмашылықтары болады.

Сотта басқа тұлғаның мүддесіне және оның атынан өкілдік етуге өкілдің құқығын куәландыратын құжаттар ұсынуы негіз болып табылады.

Сотта өкілдік етуші - өкілдік берушінің мүддесі бойынша және соның атынан өзіне берілген өкілеттігі шегінде процессуалдық әрекеттер жасайтын әрекет қабілеттілігі бар тұлға.

Сотта өкілдік ету процессуалдық заңмен барлық азаматтық істер бойынша соттарда және азаматтық процестің барлық сатыларында жүзеге асырылады.

¹ Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. М.С.Шакарян – М.: «Былина», 1996. – С.85.

2. Соттағы өкілдіктің негіздері мен түрлері.

Өкілдіктің туындау негіздері белгілі бір заңды фактілер болады:

- сотқа жеке басын куәландыратын және азаматтық істі жүргізу өкілеттігі рәсімделген құжаттарды тапсыру қажет немесе өкілдің сотта ауызша мәлімдеуін хаттамаға енгізу қажет;
- өкілді іске қатысуға жол беру туралы соттың ұйғарымы шығарылуы мүмкін.

Өкіл мен сенім білдірушінің арасындағы процессуалдық қатынастар тапсырма шартының (адвокат өкіл болғанда), еңбек шартының (заңды тұлғаның өкілі қатысқанда), әкімшілік актінің (қамқоршы мен қорғаншы қатысқанда), соттық актінің, туысқандық фактісі (ата-ана қатысқанда), қоғамдық бірлестікке мүше болу фактісі негізінде пайда болады.

Соттағы өкілдіктің *екі түрі бар*:

- тапсырма бойынша немесе ерікті өкілдік;
- заңды өкілдік.

Тапсырма бойынша өкілдік туындау негіздеріне байланысты келесі *түрлерге* бөлінеді:

- шартты;
- қоғамдық;
- жарғылық;
- Құрылтай құжаттары бойынша өкілдік ету;
- Ресми¹.

Шартты өкілдік ету – еңбек шартына немесе тапсырма шартына негізделген өкілдік ету. Мұнда өкілдік беруші (тарап, үшінші тұлға) басқа тұлғаға (өкіл етушіге) сотта оның ісін жүргізуін тапсырады. Мысалы, тапсырма бойынша адвокат сотта өкіл ретінде қатысады; еңбек шарты негізінде заңды тұлғаның тұрақты қызметкері сотта өкіл ретінде іс жүргізуге қатысады.

¹ Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.- С.201-203.

Өкіл етуші ретінде іске қатысушылардың өтінуімен сот рұқсат еткен басқа да адамдар тапсырма бойынша сотта өкіл бола алады (ҚР АДЖК-нің 59- бабының 7- тармағы).

Қоғамдық өкілдік – азаматтың қоғамдық бірлестікке мүше болуы негізінде туындайды. Мысалы, кәсіподақтың уәкілетті мүшесінің өз мүшелерінің атынан өкілдік етуі.

Жарғылық өкілдік – ұйымдардың мүдделерін қорғау, оның органына (басшысы, лауазымды тұлғасына) жүктеледі. Олар заң, жарғы, ереженің негізінде әрекет етеді. Мысалы, ассоциацияның өз мүшелерінің мүдделерін қорғап, құрылтай құжаты, Жарғы негізінде сотта өкілдік етуі.

Құрылтай құжаттары бойынша өкілдік ету - төмен тұрған ұйымның арнайы тапсырмасынсыз, олардың мүдделерін қорғауға жоғары тұрған ұйымның өкілдік ету құқығы;

Ресми өкілдік ету - тапсырма бойынша өкілдік ету, өз сипаты бойынша заңды өкілдік етуге жақын. Ұйымдардың ісін сотта оларға заңмен, өзге нормативтік құқықтық актілермен немесе құрылтай құжаттарымен берілген өкілеттіктердің шегінде іс-әрекет жасайтын олардың органдары және тиісті өкілеттіктер берілген олардың өкілдері жүргізеді. Мысалы, азаматты әрекетке қабілеттілігі жоқ деп тану туралы іс бойынша оған ресми өкіл ретінде адвокат тағайындалады.

Заңды өкілдік ету - заңның тікелей көрсетілуіне негізделген өкілдік ету:

- әрекетке қабілетсіз (14 жасқа дейінгі жас балалар, есі дұрыс емес кәмелетке толғандар), әрекет қабілетіне толық ие емес (14-18 жастағы жасөспірімдер) немесе әрекетке қабілеті шектеулі (жүйелі маскүнемдіктен, нашакорлықтан әрекет қабілеттілігі шектелгендер) азаматтардың жеке және мүліктік құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін ата-аналары, асырап алушылары, қамқоршылары немесе қорғаншылары;
- хабар-ошарсыз кеткен деп соттық тәртіппен танылған азамат қатысуға тиісті іс бойынша – мүлкіне қамқорлықты жүзеге асыратын қамқоршысы.

3. Сотта өкіл бола алатын және бола алмайтын тұлғалар.

АДЖК-нің 59-бабында тапсырма бойынша өкіл бола алатын тұлғалардың тізімі, ал 60-бапта өкіл бола алмайтын тұлғалардың тізімдері берілген.

Сотта өкіл бола алатын тұлғалардың тізімі өте кең. АДЖК-нің 59-бабына сәйкес, тапсырма бойынша келесі тұлғалар өкіл бола алады:

1) Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» заңы (5.12.1997 ж.) бойынша жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы адвокаттық қызметпен айналыса алады (7-баптың 1-бөлімі)¹.

2) заңды тұлғаның қызметкері – заңды тұлғаның істері бойынша (заңгер, есепші, кадрлар бөлімінің қызметкері және т.б.);

3) кәсіподақтардың уәкілетті тұлғасы - жұмысшы, қызметкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында қатысады;

4) заң, жарғы, ережемен өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті тұлғалары. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 31.05.1996 жылғы заңының 19-бабына сәйкес², мысалы, Қазақстан Жазушылар Одағы өз мүшелерінің құқықтарын қорғауға құқылы;

5) заң, жарғы, ереже бойынша өзге тұлғалардың құқықтарын қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті тұлғасы. Мысалы, коммерциялық ұйымдардың ассоциациясы өзара шарт жасасу негізінде жалпы мүліктік мүдделерді қорғауға қатыса алады; Тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдастықтары өз

¹ Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 1-бабының 2-бөлімі. 5.12.1997ж. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 22, 328-құжат.

² Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9.

мүшелерінің құқықтарын ғана емес, бүкіл тұтынушылардың құқықтарын қорғай алады.

б) іске ортақ қатысушылардың бірі. Басқа іске ортақ қатысушыларының тапсырмасы бойынша біреуі өкіл ретінде қатысады.

7) іске қатысушы тұлғаның өтініші бойынша сотпен іс жүргізуге қатыстырылған тұлғалар. Мысалы, танысы, туысқан адамы.

Заң өкілдік қызметін жүзеге асыруға шектеу қояды. АДЖК-нің 60-бабы сотта өкіл бола алмайтын тұлғалардың тізімін атап көрсетеді:

- судья, тергеуші, прокурор, депутаттар, заңды өкіл ретінде қатысқан жағдайды қоспағанда;

- Адвокаттық қызмет туралы заңды бұза отырып тапсырма алған адвокаттар. Мысалы, егер адвокат осы іс бойынша мүдделері көмек сұрап өтініш жасаған адамның (тараптардың өзара келісімі бойынша болған жағдайларды қоспағанда) мүдделеріне қайшы келетін адамдарға заң көмегін көрсетіп жүрсе немесе бұдан бұрын көрсеткен болса немесе судья, прокурор, анықтауды жүргізуші адам, тергеуші, сарапшы, маман, аудармашы, куә, жөбірленуші немесе куәгер, азаматтық талап қоюшы немесе азаматтық жауапкер ретінде іске қатысқан жағдайларда, сондай-ақ егер істі тергеуге немесе қарауға адвокатпен жақын туыстық қатынастағы лауазымды адам қатысса, ол заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан бас тартуға міндетті¹.

- өкілдік етіп отырған тұлғаға қарсы тарапқа бұрын осы іс бойынша заңды көмек көрсеткен тұлға;

- осы іс бойынша бұрын судья, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, куә ретінде қатысқан болса,

¹Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 15-бабының 2-бөлімі. 5.12.1997ж. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 22, 328-күжат.

- істі қарастыруға қатысып отырған лауазымды тұлғамен туысқандық қатынаста тұратын тұлға.

4. Соттағы өкілдің өкілеттігі.

Заңды және қоғамдық өкілдердің, заңды тұлғалардың органдары мен өкілдерінің өкілеттіктері сәйкесті заңдардан, құрылтай құжаттарынан немесе ережелерден туындайды.

Сотта өкілдің өкілдік ету құқығын куәландыратын құжаттар:

- заңды тұлғалардың басшылары сотқа олардың қызметтік жағдайын немесе өкілеттіктерін куәландыратын куәліктер;
- АХАЖ органдарының куәліктері немесе қамқоршылық және қорғаншылық органдарының куәліктері;
- клиент пен адвокат арасындағы жасалған тапсырма шарты, адвокаттық алқамен берілген ордер;
- ерікті өкілдің өкілеттігі сенім хатта анықталады;
- заңды өкілдер АХАЖ органының куәлігін немесе қамқоршылық және қорғаншылық органының куәлігін ұсынуы тиіс (баланың туу туралы куәлігі; бала асырап алу туралы, қамқоршылық немесе қорғаншылық тағайындау туралы куәліктер).

Соттағы өкіл өкіл беруші жүзеге асыра алатын АДЖК-нің 47-бабында қарастырылған іске қатысушы тұлғалардың, сот актілеріне шағым беру құқығынан басқа, процессуалдық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

Өкілдің өкілеттіктері (ҚР АДЖК-нің 61-бабы): сотта іс жүргізуге арналған әрекеттерді жүзеге асыра алады, тек қана талап арызға қол қою, істі аралық сотқа беруді, талап қою талаптары мен талап қоюды танудан толық немесе ішінара бас тартуды, бітімгершілік келісім жасауды, өкілеттіктерді басқа адамдарға беруді, соттың қаулысына шағым беруді, берілген мүлікті немесе ақшаны алуды қоспағанда, өкілдік берушінің атынан барлық іс жүргізу әрекеттерін жасауға құқық беріледі.

Осы аталған іс-әрекеттердің әрқайсысын іске асыруға өкілеттік өкілдік беруші берген сенімхатта арнайы көзделуі тиіс.

Қарастырылған ережелер заңды өкілдікке, ресми өкіл-адвокатқа және заңды тұлғаның органдарының іс жүргізуіне қолданылмайды. Аталмыш тұлғалар заң, ереже, жарғыларда қарастырылған барлық әрекеттерді жүзеге асыра алады. Олар, сондай-ақ, талаптан бас тарта алады, талапты тануға, бітім келісімін жасауға құқылы. Кейбір жағдайларда мұндай әрекеттерді орындауға қамқоршылық және қорғаншылық органдарының рұқсаты қажет болады.

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж., 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 2.07.2003 ж., 30.12.2005 ж.) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.
3. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі. Жалпы бөлім. 27.12.1994 ж. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысы, 1994 ж., № 23-24.
4. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңының 1-бабының 2-бөлімі. 5.12.1997ж. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 22, 328-құжат.
5. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 31.05.1996 жылғы заңы. // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Барщевский М.Ю. Организация и деятельность адвокатуры в России: Науч-практич. Пособие. – М., 1997.
2. Барщевский М.Ю. Бизнес-адвокатура в США и Германии. – М., 1995.
3. Сотов П.В., Каменецкий Р.А. Адвокатура и нотариат. – М., 1999.
4. Баймуханова К. Права адвоката значительно расширены //Юридическая газета. - 17.06.1998 .
5. Баймуханова К. Право на адвокатскую деятельность // Юридическая газета. -19.08.1998 г
6. Доверенность на ведение дел в суде: отдельные вопросы правового регулирования // Вестник МГУ. Серия Право. - 1999. - № 11.
7. Классификация представительства // Хозяйство и право. - 2000. - №8.
8. Роль и место адвокатуры в судебной системе суверенного Казахстана // Мысль. -1999. - № 1.
9. Тыныбеков С. К вопросу о совершенствовании законодательства об адвокатуре и адвокатской деятельности. // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2001 г. - №4 (25).

8-тақырып. Процессуалдық мерзімдер. Соттық шығындар

1. Процессуалдық мерзімдердің түсінігі, түрлері.

Азаматтық іс жүргізу заңдары соттың міндеті тек қана азаматтық істерді дұрыс шешу емес, сол сияқты тез қарастыру және шешу екенін қарастырады. Процессуалдық мерзімдер азаматтық істерді заңды қарастырып, шешу бойынша сот міндеттерін орындау кепілі, азаматтардың және ұйымдардың субъективтік құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін тез және уақытылы қорғау кепілінің бірі.

Іс жүргізу мерзімдері талап (талап арыз, арыз, шағым) бойынша азаматтық істерді қозғау, қарау мен шешу (шешім шығару), оларды (апелляциялық, қадағалау және жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша) қайта қарау тәртібін ҚР азаматтық іс жүргізу кодексі белгілеген мерзімдер.

Процессуалдық мерзім – бұл заңмен немесе сотпен тағайындалған уақыт, осы уақыт ішінде азаматтық іс қаралуы тиіс, қандай да бір процессуалдық әрекет жүзеге асырылуы тиіс немесе мүмкін немесе сот өндірісінің белгілі бір бөлігі аяқталуы тиіс. Процессуалдық әрекеттер заңда белгіленген мерзімдер ішінде жасалуға тиіс. Бұл әрекеттер соттың азаматтық істерді қарауынан, соттың және азаматтық іс жүргізуге қатысушылардың әртүрлі әрекеттерінен тұрады. Іс жүргізу мерзімдерін екі түрге бөліп қарастыруға болады:

- 1) заңмен белгіленген мерзімдер;
- 2) Сотпен белгіленген мерзімдер.

Заңмен белгіленген мерзім сотқа және басқа да азаматтық іске қатысушылар үшін міндетті. Сонымен қатар сот және тараптар, іске қатысушылар өзара келісімдері бойынша мұндай мерзімді өзгерте, ұзарта алмайды, тек қана дәлелді себептер болған жағдайда ғана қалпына келтірілуі мүмкін. Мысалы, азаматтық істерді қараудың заңмен белгіленген мерзімі - 2 ай (АДЖК-нің 174-бабы); сот шешімінің заңды күшіне ену мерзімі - 15 күн өткен соң (АДЖК-нің 334-бабының 3-бөлімі), сот актілеріне наразылық келтіру мерзімі - 1 жыл (АДЖК-нің 388-бабының 1-бөлімі), жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарау үшін арыз беру мерзімі – 3 ай (АДЖК-нің 406-баптың 2-бөлімі) және т.б.

Бірінші сатыдағы соттың істерді қарау мерзімдері жалпы және қысқартылған деп бөлінеді. АДЖК-нің 174-бабы бойынша бірінші сатыдағы сотта азаматтық істі қараудың *жалпы мерзімі* арыз қабылданған күннен бастап 2 ай мерзімнен аспауы тиіс. Ал істердің кейбір категориялары бойынша *қысқартылған* 1 ай мерзім белгіленген (жұмысқа қайта алу; алимент өндіру және мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды тұлғалардың әрекетін (әрекетсіздігін)

даулау туралы); айрықша жағдайларда ерекше талап өндірісінде қаралатын істер үшін өте қысқа мерзімдер қарастырылған (сайлауға қатысушы азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыз түскен күннен бастап сайлауға дайындық кезеңінде – 5 күн ішінде, ал дауыс беруге 5 күн қалғанда және дауыс беру күнінде – дереу қаралуы тиіс; әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қараушы органдардың (лауазымды тұлғалардың) қаулылыларын даулау туралы шағым – 10 күн ішінде қаралуы тиіс.

Егер заң мерзімді тікелей көрсетпесе, сот процессуалдық мерзімді өзі тағайындай алады. *Сотпен белгіленген мерзімі* азаматтық іске қатысушыларға байланысты тек сотпен бекітіледі және соттың өзімен керек болған жағдайда өзгертілуі (ұзартылуы) мүмкін және іс жүргізу әрекеттерін жасауға арналған мерзім заңда белгіленбесе, оны сот тағайындайды. Мысалы, арызды қозғаусыз қалдырғанда қателерді жөндеуге арналған мерзім (АДЖК-нің 155-бабы); қосымша дәлелдемелер тапсыру үшін мерзім сотпен тағайындалады (АДЖК-нің 189; 214-баптары); апелляциялық шағымның жетіспеушіліктерін толықтыру үшін (АДЖК-нің 336-бабы) және т.б.

2. Мерзімдерді есептеу. Мерзімді өткізіп алудың салдары.

Іс жүргізу әрекетін жүзеге асыруға арналған мерзімдер сөзсіз болуға тиіс оқиға көрсетіле отырып, дәлме-дәл күнтізбелік күнмен немесе жылдармен, айлармен немесе күндермен есептелетін уақыт кезеңімен белгіленеді. Соңғы жағдайда әрекет бүкіл кезеңнің ішінде жасалуы мүмкін. Кезеңмен есептелетін іс жүргізу мерзімінің ағымы оның басталуы белгіленген күнтізбелік күннен немесе оқиға болған күннен кейінгі күні басталады.

Жылдармен, айлармен есептелетін мерзімдер белгіленген уақыттың тиісті соңғы жылының, айының сол күні аяқталуы тиіс (АДЖК-нің 125-бабының 1-бөлімі) және де уақыты бойынша соңғы күннің 24 сағатына дейін созылуы тиіс. Мысалы, 2005 жылдың 15 қазанынан басталған 1 жылдық мерзім 2006 жылдың 15 қазан күні 24 сағатта аяқталады.

Процессуалдық мерзімдер үздіксіз жүреді. Оған демалыс және мереке күндері кіреді. Егер мерзімнің аяқталу күні ондай күні жоқ айға сәйкес келсе, онда мерзім сол айдың соңғы күні аяқталады. Мысалы, 31 қаңтардан басталған 1 айлық мерзім 28 немесе 29 ақпан күні аяқталуы тиіс.

Егер мерзімнің аяқталу күні демалыс, мейрам күніне сай келсе, онда одан кейінгі алғашқы жұмыс күнінде аяқталады.

Процессуалдық мерзімді негізсіз өткізіп алу оны қалпына келтіруге, ұзартуға негіз болмайды. Тек қана дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда ғана заңмен белгіленген мерзімді қалпына келтіру немесе сотпен белгіленген мерзімді ұзарту туралы өтініш білдіруге болады.

3. Өткізіп алған мерзімдерді тоқтата тұру, ұзарту, қалпына келтіру.

Іс жүргізу мерзімдерін тоқтата тұру. Барлық аяқталмаған іс жүргізу мерзімдерінің ағымы іс жүргізуді тоқтата тұрумен тоқтатыла тұрады. Мерзімдерді тоқтата тұру іс жүргізуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар туындаған уақыттан басталады (АДЖК-нің 242-243-баптары). Сот өндірісі қалпына келтірілген күннен бастап процессуалдық мерзімдер де жүре бастайды.

Процессуалдық мерзімдерді ұзарту, қалпына келтіру. Тек қана сот тағайындаған мерзімдерді сот ұзарта алады (АДЖК-нің 128-бабының 1-бөлімі). Мысалы, қосымша дәлелдемелерді тапсыру үшін белгіленген мерзім жетпей қалса, онда іске қатысушы тұлғалардың өтініштері бойынша сот мерзімді ұзарта алады.

Заңмен белгіленген мерзімдерді, егер олар сот дәлелді деп таныған себептермен өткізіліп алынса, тек қана сот қалпына келтіре алады (АДЖК-нің 128-бабының 2-бөлімі). Мысалы, сот шешіміне апелляциялық шағым беру мерзімін науқастануына байланысты немесе ұзақ іссапарда болуына байланысты, тараптың қайтыс болуына байланысты құқыққабылдаушысы процеске кіргісі келгенде, өткізіп алған болса, онда сотқа тиісті

дәлелдемелерді ұсына отырып, мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш беруге болады.

Өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш іс жүргізу әрекеттерін жасауға тиісті болатын сотқа беріледі. Сот бұл өтінішті мәселенің қаралатын орны мен уақыты хабарланатын іске қатысушы тұлғалардың қатысуымен қарайды, алайда олардың келмей қалуы соттың алдына қойылған мәселені шешу үшін кедергі болып табылмайды. Іс жүргізу мерзімдерін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарады.

Мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш берумен қатар, ол бойынша мерзімі өткізіліп алынған қажетті іс жүргізу әрекеттері жасалуға тиіс. Іс жүргізу мерзімдерін ұзарту, қалпына келтіру немесе ұзартудан, келтіруден бас тарту туралы сот ұйғарым шығарады. Оған жеке шағым немесе жеке наразылық келтіруге болады.

4. Соттық шығындардың түсінігі және құрамы.

Соттық қызмет мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Осы шығындардың бір бөлігі заңмен бекітілген тәртіпте процеске қатысушылармен төленеді.

Сот шығындары – сотта азаматтық істі қарау және сот шешімін орындауға байланысты жұмсалатын мемлекеттің және іске қатысушы тұлғалардың шығындары¹.

Сот шығындары мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) Мемлекеттік баж;
- 2) Іс жүргізуге байланысты шығындардан тұрады (АДЖК-нің 100-бабы).

Мүдделі тұлғаларға сот шығындарын өтеудің мақсаты – сот төрелігін жүзеге асыру үшін шыққан мемлекет шығындарын өтеу болып табылады.

Мемлекеттік баж салығының іс жүргізуге байланысты шығындардан айырмашылығы:

¹ Гражданский процесс. Учебник. / Под ред. В.А.Мусиной, Н.А.Чечиной, Д.М.Чечота. – М.:Проспект, 2001. – С.144.

1) мемлекеттік баж салығының мөлшері талап құнына қарай анықталады, ал шығындардың мөлшері сот пен іске қатысушылардың іс жүзінде шыққан шығындарымен анықталады;

2) мемлекеттік баж салығы мемлекеттің пайдасына өтеп алынса, іс жүргізуге шыққан шығындардың ішінде қарауды тұрған жерінде жүргізуге кеткен шығын ғана мемлекеттің пайдасына өндіріледі, ал қалғандары іс бойынша тараптардың есебінен шығындалған тұлғаның пайдасына өндіріледі;

3) мемлекеттік баж салығын өндіріп алудың мақсаты болып сот жүйесіне төленетін ақыны ішінара мемлекетке өтеу, ал істі қарауға байланысты шығынды өтеудің мақсаты болып сот төрелігін жүзеге асырушы тұлғалардың мүлдіктік жағдайларын толығымен қалпына келтіру табылады;

4) Заңда қарастырылған негіздерде іске қатысушылардың материалдық жағдайын ескере отырып, оларды мемлекеттік баж салығынан судья босата алады, мөлшерін азайта алады, бөліп төлеуге, кейін төлеуге рұқсат ете алады, ал істі қарауға шыққан шығындардан сот босата алмайды, тек қана айрықша жағдайларды қарауды тұрған жерінде жүргізуге байланысты шыққан шығыннан босатуы мүмкін.

5. Мемлекеттік баж салығы.

Мемлекеттік баж - уәкілдік берілген мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасағаны не заңдық маңызы бар құжаттарды бергені үшін алатын міндетті төлем, яғни сотпен азаматтық істерді қарап, шешкені үшін мемлекет кірісіне төленетін ақша төлемі. Мемлекеттік баж сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше жүргізілетін істер жөніндегі арыздардан, апелляциялық шағымдардан, сондай-ақ соттық құжаттардың көшірмелерін бергені үшін алынады.

Мемлекеттік баж мөлшерін анықтау кезінде сот 12.06.2001 жылғы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті

¹ Гражданский процесс. Учебник. / Под ред. В.А.Мусяной, Н.А.Чечиной, Д.М.Чечота. – М.:Проспект, 2001. - с.145.

төлемдер туралы (Салық кодексінің)» нормаларын басшылыққа алуы тиіс¹.

Мемлекеттік баждың мөлшері Қазақстан Республикасының салық кодексінің 90-тарауында қарастырылған (496-бап). Сонымен қатар, онда *баж салығынан босатылатын* тұлғалардың санаттары және талапкерді босататын істердің санаттары қарастырылған (501-бап).

Мемлекеттік баждың екі түрі қарастырылған:

1) айлық есеп көрсеткішке қатысты нақты пайыздық көлемде анықталады. Мысалы, неке бұзу туралы арыз бергені үшін – АЕК-тің 30% мөлшерінде белгіленген.

2) талап құнына қатысты пропорционалды түрде белгіленеді. Мысалы, мүлктік даулар бойынша талап арыз берген жеке тұлғалардан – 1%; заңды тұлғадан – 3 % көлемінде алынады.

Егер бірнеше талап біріктіріліп қойылса, онда оның құны барлық талаптардың жалпы құнымен анықталады. Мысалы, некені бұзу туралы талаппен бірге жалпы бірлескен ортақ меншікті бөлу туралы талап қойылса, онда мемлекеттік баж салығының мөлшері – некені бұзу туралы талап үшін анықталған (АЕК-нің 30%) және ортақ меншікті бөлу туралы талаптың құнына байланысты (талап құнының 1%) заңда анықталған мөлшерде белгіленеді².

Талаптың құны АДЖК-нің 102-бабында қарастырылған тәртіпте анықталады. Талаптың құнын талапкер көрсетеді. АДЖК-нің 49-бабы бойынша, талапкер талаптың құнын ұлғайтуға немесе азайтуға құқылы.

Талап құнын анықтау мүмкін емес болғанда, мемлекеттік баж салығының мөлшері алдын-ала сотпен анықталады, кейін сот шешімі шығарылғанда сотпен нақты анықталғанда немесе талап

¹ Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-күжат.

² Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы №19 20.12.1999 ж. «Соттардың салық заңдарын қолдануының кейбір сұрақтары туралы» // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. – 2000. - №1.

құны талапкермен ұлғайтылса, онда қалған мөлшерін қосымша төлеуді міндеттеу туралы ұйғарылады.

Мемлекеттік баж қайтарылады:

- 1) істі аралық сотқа бергенде;
- 2) апелляциялық шағым қайтарылғанда.

Баж салығы 1 жыл ішінде қайтарылуы тиіс (ҚР Салық кодексінің 508-бабы).

Мемлекеттік баж қайтарылмайды:

- 1) талапкер талаптан бас тартқанда;
- 2) тараптар бітім келісін жасасқанда,
- 3) талапкер талабының мөлшерін азайтқанда.

Сот тараптардың мүліктік жағдайларын ескере отырып, тараптардың біреуін немесе екеуін де баж салығын төлеуден босата алады (ҚР Салық кодексінің 501-бабы).

6. Істі қарауға байланысты шыққан шығындар.

Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар - іске мүдделі тұлғалармен сотта іс қарау және соттың шешімін орындағаны үшін төленетін шығындар.

Іс бойынша пайда болған шығындарды істі қарау және пешу, сондай-ақ ол жөнінде шығарылған шешімді орындау кезінде мүдделі тұлғалардың нақты көтерген шығындары құрайды. Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындардың үлгі тізбесі АДЖК-нің 107-бабында қамтылған.

АДЖК-нің 107-бабына сәйкес, іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар қатарына мыналар жатады:

- куәлерге, сарапшыларға және мамандарға төленуге тиісті сомалар;

- қарауды тұрған жерінде жүргізуге байланысты шығындар;
- заттай дәлелдемелерді сақтауға байланысты шығындар;
- жауапкерді іздестіру жөніндегі шығындар;
- тараптарға хабарлау және оларды сотқа шақыру жөніндегі шығындар;

шығындар;

- соттың шешімдерін, үкімдерін, ұйғарымдарын, қаулыларын орындауға байланысты шығындар;

- сот қажет деп таныған өзге де шығындар.

Куәға, сарапшыға, маманға және аудармашыға сотқа келуіне байланысты жол шығындары, үй-жайды жалдау және тамақтануға жұмсаған шығындары өтелуге жатады. Сарапшы мен маманға, сонымен бірге, құралдарды пайдаланғаны, химиялық реактивтерді қоданғаны, коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін шыққан шығындары да өтеледі, оларға сыйақы төленуі тиіс. Оны шақырған тарап төлейді немесе соттың өзі, екі тарап шақырса, онда бөліп төлейді.

Жұмыс істейтін куәлардың жұмыс орны бойынша орташа жалақысы сақталады. Ал жұмыста жоқ тұлғаларға жұмсалған уақыты бойынша өтемақы төленеді.

7. Сот шығындарын бөлу.

Барлық істі қарауға байланысты шыққан шығындар тараптардың есебінен өтелуге жатады, тек қана аудармашының қызметіне сыйақы мемлекеттің есебінен өндіріледі.

Пайдасына сот шешімі шығарылған тарапқа, бұл тарап сот шығындарын төлеуден босатылса да, басқа тараптан іс бойынша жұмсалған барлық шығындарды сот алып береді. Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, онда шығындар талап қоюшыға қойылған талаптардың сот қанағаттандырған мөлшеріне бара-бар, ал жауапкерге - талап қою талаптарының талап қоюшыға бас тартылған бөлігіне бара-бар беріледі (АДЖК-нің 110-бабы).

Өкілдің көмегіне төленетін шығындары мен сыйақысы келесі жеңілген тараптан талаптың қанағаттандырылған бөлімінен 10 % мөлшерінде өндіріліп алынады.

Талапкер талаптан бас тартса жауапкерден сот шығындары өндіріп алынады. Егер жауапкердің ерікті түрде талапты қанағаттандыруына байланысты талапкер талабынан бас тартса, онда жауапкер барлық шығынды өтейді (АДЖК-нің 113-бабы).

Егер талапкер сот шығындарынан босатылған болса, онда босатылмаған жауапкерден мемлекеттің пайдасына талаптың қанағаттандырылған бөлігінде сот шығыны өндіріп алынады.

Егер талап қанағаттандырылмаса, онда талапкерден мемлекеттің пайдасына істі қарауға байланысты шыққан шығындар өндіріп алынады.

Егер талап ішінара қанағаттандырылса, ал жауапкер сот шығынынан босатылған болса, онда талаптың қанағаттандырылмаған бөлігінде талапкерден мемлекеттің пайдасына өндіріп алынады.

Егер екі тарап та сот шығынынан босатылған болса, онда істі карауға байланысты шығындар республикалық бюджеттің есебіне жатқызылады.

Қай тараптың пайдасына шешім шығарылса, сот АДЖК-нің 110-бабына орай екінші жақтан, оның алғашқыда сот шығындарын өтеуден босатылғанына қарамастан, барлық шығындарды содан өндіреді.

Талапкер талап-арыздан бас тартқан кезде ол шеккен шығындардың орнын жауапкер толтырмайды. Егер талапкер талап-арыз берілгеннен кейін жауапкердің оларды ерікті түрде қанағаттандыруы нәтижесінде өз талаптарын қолдаудан бас тартса, сот талапкердің өтініші бойынша талапкер шеккен сот шығындары мен өкілдің көмегіне төлеу жөніндегі шығындарды жауапкерден өндіріп беруге құқылы.

Талап-арыз ішінара қанағаттандырылған кезде сот талапкер шеккен шығындарды талап-арыздың сотпен қанағаттандырған талаптарының мөлшеріне барабар, ал жауапкерге - талап-арыз талаптарының талапкерге бас тартылған бөлігіне барабар тағайындайды.

Процеске қатысушы өкілдердің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындар тараптың нақты шеккен шығындары мөлшерінде өндіріліп алынуы мүмкін екенін, бірақ ақшалай талаптар бойынша өндірілетін сома талап-арыздың қанағаттандырылатын бөлігінің он процентінен аспауға тиіс екенін соттардың ескергені жөн (АДЖК-нің 111-бабы)¹.

¹ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы №9 «Азаматтық процессуалдық заңдардың кейбір нормаларын қолдану туралы» 30.06.2000 ж. // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. - 2000. - N 7.

Бірнеше жауапкері бар істер бойынша шешімдер шығару кезінде олардан сот шығындары ортақ қатынаста емес, үлестік қатынаста өндіріліп алынады.

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж., 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 2.07.2003 ж., 30.12.2005 ж., 22.06.2006 ж., 4.07.2006 ж.) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.
3. Қазақстан Республикасының 12.06.2001 жылғы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168- құжат.
4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы №9 «Азаматтық процессуалдық заңдардың кейбір нормаларын қолдану туралы» 30.06.2000 ж. // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. - 2000. - N 7.
5. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы №19 20.12.1999 ж. «Соттардың салық заңдарын қолдануының кейбір сұрақтары туралы» // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. - 2000. - №1.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.

2. Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. Шакарян М.С. - М.: «Былина», 1996.
3. Гражданский процесс / Под ред. Осипова Ю.К. - М., 1995.
4. Гражданский процесс / Под ред. В.А.Мусина, Н.А.Чечиной, Д.М.Чечота. – М.: «Проспект», 2001.
5. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы: Жалпы бөлім. Оқу құралы. - Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003.
6. Алибеков М. Проблемы финансирования местных судов.// Тураби. -1998. -№ 2.
7. Серикбаев Е. Проблемы госпошлины // Тураби. -1998. -№ 2.

9-тақырып. Ведомстволық бағыныстылық және соттылық

1. Ведомстволық бағыныстылықтың түсінігі және түрлері

Ведомстволық бағыныстылық - құқық туралы немесе басқа да заңды істерді белгілі бір органың құзырлығына жатқызу¹. Әр орган тек өзіне ведомстволық бағыныстылықтағы ғана сұрақтарды қарастыруға құқылы. Заңды істердің ведомстволық бағыныстылығы негізгі заңмен және тек кейбір жағдайларда заңға сәйкес нормативтік актілермен анықталады.

Ведомстволық бағыныстылықтың мақсаты – заң бойынша белгіленген мемлекеттік орган немесе қоғамдық бірлестіктердің құзыретіне берілген азаматтық істердің аумағын анықтау.

Соттық ведомстволық бағыныстылықтың мақсаты – соттардың қарауына жататын азаматтық істердің аумағын анықтау².

Ведомстволық бағыныстылық түрлері:

¹ Гражданский процесс: Учебник / Под ред. В.А.Мусина, Н.А.Чечиной, Д.М.Чечота. – М.: Проспект, 2001. – С.104.

² Гражданский процесс / Под ред. М.К.Треушников. – М.: Спарк, 1996. – С.58.

Айрықша ведомстволық бағыныстылық – заңмен істі қарау бір органның ведомстволық бағыныстылығына берілген болса, мысалы, азаматты психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы істер тек жалпы юрисдикциялық сотта шешіледі (АДЖК-нің 309-бабы).

Көпше ведомстволық бағыныстылық - заң іс қарастыруды бірнеше органдардың ведомстволық бағыныстылығында қарастырады, мысалы, мекемелер мен жеке тұлғалар арасындағы мүлктік дау аралық сотпен немесе жалпы юрисдикциялық соттармен қаралып, шешілуі мүмкін.

Көпше ведомстволық бағыныстылық мынадай түрлерге бөлінеді:

Балама ведомстволық бағыныстылық - бұл талап қоюшының таңдауы бойынша ведомстволық бағыныстылық. Мысалы, салық органының шешімі жоғары тұрған салық қызметі органына немесе сотқа шағымдалуы мүмкін.

Аралас ведомстволық бағыныстылық - ведомстволық бағыныстылықтың басқа түрлеріне тән белгілері бар ведомстволық бағыныстылық. Мысалы, еңбек даулары келісім комиссиясында қаралуға жатады, сонымен қатар сотта да шешілуге жатады.

Шарттық – бұл тараптардың өзара келісімімен белгіленетін ведомстволық бағыныстылық. Мысалы, тараптар сотқа келген соң істі аралық соттың қарауына ауыстыру туралы шешім қабылдай алады.

Императивтік - заңмен белгіленген кезек бойынша бірнеше юрисдикциялық органдармен іс қарауы тиіс. Мысалы, тасымалдау шартынан туындайтын міндеттемелер бойынша сотқа дейінгі дауды шешу үшін талап қою тәртібін сақтау қажет. Содан кейін ғана сотқа жолдануға болады¹.

2. Соттылықтың түсінігі және түрлері.

¹ Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Том 1. – Алматы: КазГЮА, 2001. – С. 290-292.

Соттылық - соттар арасында белгілі азаматтық істер қарастыру өкілеттіктерін бөлу, яғни істің қай соттың қарастыруына жататындығын анықтау.

Соттылық түрлері ортақ және аумақтық болып бөлінеді

Ортақ соттылық - даудың мәні бойынша қай деңгейдегі (аудандық, облыстық, Жоғары) сот қарайтынын белгілейді. Яғни, әртүрлі деңгейдегі соттардың бірінші сатыдағы сот ретінде істерді қарастыруы. Мысалы, аудандық (қалалық); облыстық және оған теңестірілген соттарда; ҚР Жоғарғы Сотында бірінші сатыдағы соттар ретінде қаралатын істердің аумағын анықтау.

Аудандық және оған теңестірілген қалалық соттарда қарастырылатын істердің аумағы АДЖК-нің 27-бабында анықталған.

Облыстық және оған теңестірілген соттардың соттылығы АДЖК-нің 28-бабында қарастырылған.

ҚР Жоғарғы Сотының соттылығы АДЖК-нің 29-бабында қарастырылған.

Аумақтық соттылық – ол сот жүйесінің бір қатардағы көптеген (аудандық және оларға теңестірілген немесе облыстық және оларға теңестірілген) соттардың қайсысы нақты азаматтық істі мәні бойынша қарайтындығы. Яғни, мемлекеттің әкімшілік аумақтарға бөлінуіне байланысты бір деңгейдегі соттардың арасында өкілеттіктерді бөлу. Оның түрлері мынадай:

- **Жалпы** – талап жауапкердің мекен-жайы бойынша, заңды тұлға болса – органы орналасқан жердегі сотқа қойылады (АДЖК-нің 31-бабы);

- **Баламалы** - іс заңда бекітілген бірнеше соттардың бірінде талапкердің таңдауы бойынша қойылады (АДЖК-нің 32-бабы);

- **Айрықша** - азаматтық істердің белгілі бір санаттары заңда көрсетілген соттарда ғана жүзеге асырылады (АДЖК-нің 33-бабы);

- **Шартты** – тараптар өзара келісімі бойынша соттылықты өзгерте алады (АДЖК-нің 34-бабы);

- істердің байланыстылығы бойынша соттылық – бір өндіріске біріктірілген бірнеше талап бойынша істі қарайтын сотты анықтау (АДЖК-нің 35-бабы).

3. Азаматтық істі бір соттың қарауынан екіншісіне беру.

АДЖК-нің 36-бабы соттылық ережелерін өзгертуді қарастырады. Соттылықты ауыстыру дегеніміз соттылық туралы ережелерге қарамастан, заңмен қарастырылған негіздерде, істі басқа соттың қарауына беру¹.

Азаматтық істі бір соттың қарауынан екіншісіне мына жағдайларда береді:

- егер тұрғылықты жері бұрын белгісіз болған жауапкер істі өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа беру туралы өтініш жасаса;

- егер бір немесе бірнеше судьяға қарсылық білдіргеннен кейін, сондай-ақ назар аударуға тұратын басқа мән-жайлар бойынша судьяларды ауыстыру немесе аталған сотта істі қарау мүмкін болмаса;

- егер істі аталған сотта қарау кезінде оның істің соттылық ережелерін бұза отырып қабылданғаны анықталса;

- егер сотқа талап қойылса, сот істі басқа соттың қарауына береді (АДЖК-нің 36-бабы).

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен

¹ Осокина Г.Л. Подведомственность и подсудность дел гражданского судопроизводства. Учебное пособие. – Томск, 1993. – С.32-33.

толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж., 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 2.07.2003 ж., 30.12.2005 ж.) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Пленумының қаулысы №9 «Азаматтық процессуалдық заңдардың кейбір нормаларын қолдану туралы» 30.06.2000 ж. // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. - 2000. - N 7.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право РК. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001.
2. Гражданский процесс / Под ред. М.К.Треушникова. – М.: Спарк, 1996.
3. Осокина Г.Л. Подведомственность и подсудность дел гражданского судопроизводства. Уч.пособие. - Томск., 1993.
4. Комментарий к ГПК РФ / Под ред. М.К.Треушникова. – М., 1996.

10-тақырып. Дәлелдеу және дәлелдемелер

1. Сот дәлелдеуінің түсінігі мен мақсаты.

Сот дәлелдеуі - бұл істің мән-жайларын соттық дәлелдемелер арқылы анықтау бойынша процесске қатысушылардың қызметі және өзге де қатысушылардың дәлелдемелерді табыс ету, жинау және оларды зерттеу бойынша әрекеті. Яғни, сот дәлелдеуі азаматтық іс бойынша іс жүзіндегі мән-жайларды анықтау бойынша іс-әрекет.

Сот істің мән-жайларын анықтау бойынша өз белсенділігімен дәлелдемелерді жинақтау міндетінен босатылған.

Тек тараптардың өтініштері бойынша қажетті материалдарды алуға сұрау салу жолымен көмектесе алады.

Сот дәлелдеуі – бұл заңды фактілерді анықтауға бағытталған процессуалдық және ойлау қызметі¹.

Сот дәлелдеуі азаматтық іс жүргізудің мына субъектілерімен жүзеге асырылады:

- дәлелдемелерді жинайтын, тапсыратын және зерттейтін тараптар мен өзге іске қатысушы тұлғалар;
- дәлелдемелерді зерттейтін және бағалайтын сот.

Сот дәлелдеуінің мақсаты болып азаматтық істің мән-жайларын анықтау, яғни дәлелдемелердің көмегімен заңды фактілердің бар болуын немесе жоқ болуын анықтау табылады.

Сот дәлелдеуі мынадай әрекеттерден тұрады:

- дәлелдемелерді жинақтау (дәлелдемелерді қамтамасыз ету, сот тапсырмаларын беру, қарауды тұрған жерінде жүргізу, сұрау салу арқылы);
- дәлелдемелерді сотқа табыстау;
- сот отырысында дәлелдемелерді зерттеу;
- дәлелдемелерді бағалау².

2. Дәлелдемелерді жинау және табыстау.

Тараптардың дәлелдеу қызметтері мынадай:

- дәлелдемені жинау және табыстау (АДЖК-нің 66-бабы). Дәлелдемені жинау мен табыстау азаматтық істі қозғаған сәттен сот шешімі шығарылғанша жүзеге асырылады. Дәлелдемелер тікелей сотқа тапсырылады. Сот оларға дәлелдемелерді жинауға сұрау салу жолымен көмектесе алады (АДЖК-нің 15-бабының 2-бөлімі);
- зерттеу.

Дәлелдемені жинау әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады:

¹Решетникова И.В. Доказательственное право в гражданском судопроизводстве. – Екатеринбург, 1997. – С.10.

²Гражданский процесс / Под ред. М.К.Треушников. – М.:Спарк, 1999. – С.164.

- *соттың сұрау салуы арқылы*. Сот тараптарға қосымша дәлелдемелерді тапсыруды ұсына алады (АДЖК-нің 66-бабының 4-9-бөлімдері). Егер тараптар үшін дәлелдемені тапсыру қиын болғанда, сот олардың өтініші бойынша дәлелдемелерді сұрау салу арқылы тапсыруды талап ете алады.

- *Соттың тапсырмасы арқылы* (АДЖК-нің 72-73-баптары). Егер дәлелдеме басқа қалада немесе ауданда орналасқан болса, онда сол жердегі сотқа белгілі бір процессуалдық әрекеттер жасауды тапсыра алады. Мысалы, куәдан тұрған жері бойынша түсінік алу, заттай дәлелдемені қарауды тұрған жерінде жүргізу. Соттық тапсырма алған күннен бастап 10 күнде орындалуға жатады. Мұндай тапсырманы, егер ол елмен құқықтық көмек көрсету туралы шарт жасалған болса, шетелдегі сотқа да жіберуге болады.

- *Дәлелдемені қамтамасыз ету* – егер болашақта дәлелдемені жинау және тапсыру мүмкін болмайтын немесе жоғалып кету қаупі төнген жағдайда, іске қатысушы тұлға сотқа дәлелдемелерді қамтамасыз етуді сұрап, өтініш түсіре алады. Соның нәтижесінде сот ұйғарым шығарады (АДЖК-нің 74-бабы). Дәлелдемені қамтамасыз ету мақсатында сот куәдан түсінік алады, қарауды тұрған жерінде жүргізе алады, суретке түсіреді, сызбаны түсіреді және т.б. Осы мәліметтердің барлығын хаттамаға толтырып, іс материалына тігіледі. Кейін сот талқысы кезінде жарияланып, дәлелдемелер зерттеледі.

3. Дәлелдемені зерттеу және бағалау.

Дәлелдемені зерттеу сотпен, тараптармен және іске қатысушы тұлғалармен азаматтық іс жүргізудің барлық қағидалары сақтала отырып, сот мәжілісінде жүзеге асырылады.

Дәлелдемені зерттеу сот мәжілісінде жүргізіледі (тараптардың түсініктерін тыңдау, куәнің түсінігін алу, сарапшының қорытындысын жариялау, жазбаға және заттай дәлелдемені қарау; хаттаманы жариялау арқылы).

Сот іске қатысушыларға және олар өзара сұрақтар қоя алады.

Дәлелдемені зерттеу қарауды тұрған жерінде жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Дәлелдемелер күттірмейтін жағдайларда, сот мәжілісіне әкелу мүмкін болмаса, жазбаша және заттай дәлелдемені қарауды тұрған жерінде жүргізеді. Оның нәтижелері хаттамаға енгізіледі, суретке түсіріледі, сосын іске тігіледі.

Әрбір дәлелдеме - іске қатыстылығы, жол берілуі, растығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктігі тұрғысынан бағалануға тиіс.

Дәлелдемелерді бағалау – дәлелдемелердің іске қатыстылығы, жол беру, сенімділігі және жеткіліктігін анықтау (АДЖК-нің 77-бабының 1-бөлімі).

Дәлелдеменің сенімділігі дегеніміз – мән-жайлардың іс жүзінде бар болуы. Ол үшін алдымен сот деректер алынған қайнар көздердің сапасын тексеруі қажет. Мысалы, куә деректерді дұрыс түсініп, қабылдай алды ма, есте сақтау қабілеті қандай, шындықты айта ма? - деген мәселелерді шешіп алуы тиіс. оны басқа дәлелдемелермен салыстыру арқылы тексере алады.

Дәлелдеменің жеткіліктігі дегеніміз – жиналған дәлелдемелер негізінде іздестіріліп отырған фактілерді анықтау мүмкіндігі. Әйтпесе, сот қосымша дәлелдемелерді тапсыруды ұсынады.

Заңгер-ғалым З.К.Абдуллинаның пікірінше, дәлелдемелерді алдын-ала бағалау судьямен дәлелдемелерді қабылдау, зерттеу барысында беріледі.

Дәлелдемелерге соңғы баға сотпен кеңесу бөлмесінде сот шешімінің дәлелдеу бөлімінде беріледі.

Дәлелдемелерге бақылау бағасы жоғары тұрған соттармен апелляциялық немесе қадағалау тәртібінде беріледі¹.

4. Соттық дәлелдемелердің түсінігі.

¹ Абдулина З.К. Проблема доказывания в гражданском судопроизводстве. Учебное пособие. – Алматы: Данекер, 2004. – С.31.

Азаматтық іс жүргізуде дәлелдеу соттық дәлелдемелерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Соттық дәлелдемелер азаматтық істер бойынша заңды фактілерді анықтаудың тәсілдері болып табылады.

ҚР АДЖК-нің 64-бабында дәлелдемелердің түсінігі берілген.

Соттық дәлелдемелердің түсінігі азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында даулы мәселе. Мәселен, заңгер-ғалым З.К.Абдуллинаның пікірінше, соттық дәлелдемелер болып заңмен қарастырылған процессуалдық формаларда істің мән-жайларын жан-жақты және толық анықтау үшін және негізді шешім шығару үшін сотта пайдаланылатын іс жүзіндегі деректер (фактілер туралы мәліметтер), сондай-ақ дәлелдеу тәсілдері табылады.

М.К.Треушников: «Соттық дәлелдемелер – істі дұрыс шешу үшін маңызы бар, заңмен қарастырылған процессуалдық формада (процессуалдық тәртіпте алынған және зерттелген дәлелдеу тәсілдерінің көмегімен) анықталған фактілерді тікелей немесе жанама растайтын іс жүзіндегі деректер» - деп тұжырымдайды¹.

Д.М.Чечот соттық дәлелдемелердің мәнді белгілері ретінде ұсынады: дәлелдеме факт ретінде және дәлелдеме факт туралы мәліметтердің қайнар көзі ретінде қарастырылады. Соның негізінде төмендегідей анықтама береді: «Соттық дәлелдемелер болып іс жүзіндегі деректер, сондай-ақ сотта мән-жайларды жан-жақты және толық зерттеу үшін пайдаланылатын дәлелдеу тәсілдері табылады»².

З.Х.Баймолдина, соттық дәлелдемелер – іс үшін маңызды мән-жайларды анықтап беретін іс жүзіндегі шын деректер деп түсінік береді³.

Сонымен, жоғарыда келтірілген ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, мынадай толық анықтама беруге болады: *Соттық дәлелдемелер* – заңды жолмен алынған, азаматтық іс

¹ Треушников М.К. Судебные доказательства. – М., 1999 – С.8.

² Гражданский процесс: Учебник / Под ред. В.А.Мусина, Н.А.Чечиной, Д.М.Чечота. – М.: Проспект, 2001. – С.213.

³ Баймолдина З.Х. Доказывание и доказательства в гражданском судопроизводстве. – Алматы: Жеты Жаргы, 2001. – С.28.

бойынша тараптардың талаптары мен қарсы пікірлерін дәлелдейтін мән-жайлардың бар-жоғын анықтағанда сот негізге алатын нақты деректер және істі дұрыс шешу үшін маңызы бар мән-жайлар.

Іс жүзіндегі деректер дегеніміз - істі дұрыс шешу үшін маңызды заңды фактілер мен мән-жайлар туралы ақпараттар. Бұл іс жүзіндегі деректер дәлелдеу тәсілдері: тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктері, куәлардың түсініктері, заттық дәлелдемелер мен сарапшының қорытындысымен, процессуалдық әрекеттердің хаттамаларымен және өзге құжаттармен анықталады.

Соттық дәлелдемелер мынадай белгілерден тұрады:

1) заңды тәсілмен алынған. Мысалы, куәнің жазбапа түсінігі; судьяның телефон арқылы сөйлесу жолымен анықтаған мәліметі дәлелдеме болмайды, себебі заңды тәсілмен анықталмаған;

2) іске қатысы бар;

3) заңмен қарастырылған дәлелдеу құралымен, яғни АДЖК-нің 64-бабында қарастырылған соттық дәлелдемелердің түрлері арқылы анықталады.

АДЖК-нің 69-бабында дәлелдеме ретінде жол берілмейтін іс жүзіндегі деректер көрсетілген. Егер іс жүзіндегі деректер іске қатысушы тұлғалардың құқықтарына нұқсан келтіру арқылы заңды бұза отырып алынған болса, ондай дәлелдемелерге сотпен жол берілмейді. Мысалы, күш көрсету, алдау, қорқыту арқылы алынған деректер.

Дәлелдемелердің іске қатыстылығы АДЖК-нің 67-бабында анықталады. Егер дәлелдемелер дауды дұрыс шешу үшін маңызды мән-жайлардың бар немесе жоқ болуын анықтайтын болса іске қатысты деп санаймыз.

Іс жүзіндегі деректерге дәлелдемелік фактілер жатады. *Дәлелдемелік фактілер* дегеніміз – іс бойынша анықталуға жататын заңды фактілермен байланысты болатын және солардың көмегімен іздестіріліп отырған заңды фактілердің бар не жоғын

анықтауға мүмкін беретін мән-жайлар¹. Мысалы, зиянды өтеу туралы іс бойынша жауапкердің зиян келтірілген күні және сол уақытта жұмыс бабымен басқа жерде болу фактісі (алиби) іссапарда болу куәлігімен, қонақ үйде болғаны туралы түбіртек және куәлардың көрсетуі арқылы дәлелденсе, оның кінәсіздігі, яғни зиянның жауапкермен келтірілмегендігі дәлелденеді. Жауапкердің басқа жерде болу фактісі – іс бойынша заңды факт болмайды. Бірақ, егер де ол дәлелденген болса, онда ол іздестіріліп отырған заңды факті – зиянды жауапкер келтірмегендігі туралы қорытынды береді.

Соттық дәлелдемелерге заңда анықталған құралдармен (тәсілдермен) анықталған іс жүзіндегі деректер жатады (АДЖК-нің 64-бабының 2-бөлімі). Заңда көрсетілмеген тәсілдермен алынған деректер соттық дәлелдемелер бола алмайды.

Бұл жерде *дәлелдемелерге жол беру* ережесі қолданылады: сот тек қана заңмен қарастырылған дәлелдемелердің түрлерін пайдалана алады. Ал дәлелдеме ретінде тек қана заңмен қарастырылған тәсілдермен анықталған іс жүзіндегі деректер қолданыла алады. Заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен анықталуға жататын істің мән-жайлары басқа дәлелдемелермен анықтала алмайды (АДЖК-нің 68-бабы).

Жөкелеген дәлелдемелерге жол беру материалдық құқық нормаларында қарастырылған. Мысалы, мәмілелердің жазбаша формасын сақтамау оны куәлардың түсініктерімен дәлелдеуге тыйым салады (АДЖК-нің 153-бабының 1-бөлімі).

5. Дәлелдемелердің жіктелуі.

Соттық дәлелдемелерді үш негіздер бойынша жіктеуге болады:

1. істің мән-жайларымен дәлелдемелердің байланыс сипатына қарай:

¹ Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. М.С.Шакарян – М.: «Былина», 1996. – С.147.

Тікелей дәлелдеме – іздестіріліп отырған фактілер туралы тек қана нақты қорытынды беретін дәлелдемелер (мысалы, қарыз шарты).

Жанама дәлелдеме – іздестірілетін факт туралы бірнеше болжамды қорытынды беретін дәлелдемелер (мысалы, қарыз беру туралы сұрап жазылған хат).

Жанама дәлелдемелер соттық практикада азаматтық істер бойынша, тікелей дәлелдемелер болмағанда немесе олар жеткіліксіз болғанда, жиі қолданылады. Мысалы, өсиетті жарамсыз деп тану, мүлікті қамаудан босату туралы істер бойынша жанама дәлелдемелер қолданылады. Жанама дәлелдемелерді қолданғанда сот барлық дәлелдемелердің жиынтығымен бірге болжамды қорытындыларды зерттейді. Жанама дәлелдемелердің табиғатын зерттей отырып, Ю.К.Осипов былай деп жазады: «Практика жанама дәлелдемелерді қолданудың келесі ережелерін жасап шығарды:

1) жанама дәлелдемелердің негізінде қорытынды жасау үшін олар бірнеше болуы қажет;

2) олардың әрқайсысының сенімділігіне күмән болмауы қажет;

3) олардың жиынтығы дәлелденетін факт жөнінде бір ғана қорытынды беруге мүмкіндік беретін жүйені құрауы тиіс»¹.

2. Қалыптасу негізі бойынша;

Жеке дәлелдемелер - тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелері, куәнің айғақтары, сарапшының қорытындысы.

Заттық дәлелдемелер – жазбаша және заттай дәлелдемелер жиынтығы, яғни бұл іс бойынша маңызы бар әртүрлі құжаттар мен заттар.

3. Дәлелдемелердің қалыптасу процесі бойынша:

Бастапқы – алғашқы қайнар көздерден алынған дәлелдеме. Мысалы, өз көзімен көрген куәнің айғақтарындағы мәліметтер; шарттың түпнұсқасы; жарамсыз тауар; затта, жерде қалған із және т.б.

¹ Гражданский процесс / Под ред. Ю.К.Осипова. – М.:изд. БЕК, 1995. – С.151.

Туынды – бастапқы дәлелдеменің мазмұнын қайталайтын дәлелдемелер. Мысалы, құжаттың көшірмесі, саусақтың ізі алынған пленка¹.

Дәлелдемелер алу тәсілдері бойынша алты түрге бөлінеді:

- тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктері;
- куәнің түсініктері;
- жазбаша дәлелдемелер ;
- заттық дәлелдемелер ;
- сарапшының қорытындысы;
- маманның кеңестері.

6. Дәлелдеу пәні.

Дәлелдеу пәні - істі қарап, шешу үшін сот растығын анықтауға тиіс заңды фактілер. Олар іс жүргізуде дәлелденуге жатады немесе іздестірілуші фактілер деп аталады.

Дәлелдеу пәніне талап негіздемесінің деректері жатқызылады, яғни талап қоюшымен талап негіздемесі ретінде көрсетілген заңды фактілер, сондай-ақ талапқа қарсылық негіздемесінің деректері, яғни жауапкермен талапқа қарсы негіздемесі ретінде көрсетілген заңды фактілер жатады.

Кейбір жағдайларда процесс даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлғалардың кіруімен, жауапкердің қарсы талап қоюымен күрделіленеді. Осындай жағдайларда дәлелдеу пәніне осындай талаптардың негізін құрайтын заңды фактілер де енгізілуі тиіс.

Сонымен, дәлелдеу пәні төмендегідей фактілер тобынан тұрады:

- талаптың негізі болатын фактілер;
- талапқа қарсылықты негіздейтін фактілер;
- қарсы талапты негіздейтін фактілер;
- үшінші тұлғаның талабын негіздейтін фактілер.

¹ Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу РСФСР/ Под ред. М.К.Треушников. – М., 1996. – С.80.

Бірақ барлық заңды фактілер дәлелдеуге жатпайды. Кейбір фактілер дәлелденбей-ақ шешімнің негізіне алына береді.

Процессуалдық әдебиетте қандай заңды фактілер дәлелдеуге жатпайды деген сұраққа қатысты ортақ пікір жоқ. Осы мәселені арнайы зерттеумен К.С.Юдельсон айналысқан. Оның пікірінше, дәлелдеуге жатпайтын фактілерді төрт топқа бөлген: жалпыға мәлім, преюдициалды-анықталған, презумциялық және даусыз.

Дәлелдеуден босату негіздері АДЖК-нің 71-бабында қарастырылған. Соған сәйкес дәлелдеуді қажет етпейтін фактілерге мыналар жатады:

- *жалпыға мәлім фактілер* - сотқа және жалпы қауымға мәлім фактілер (АДЖК-нің 71-бабының 1-бөлімі). Мысалы, су тасқыны, жер сілкінісі, қуаңшылықтың болуы. Егер бұл оқиға мемлекет аумағына белгілі болса, онда сот шешімге негіз етіп алады. Ал егер тек белгілі бір аумақта мәлім болса, онда міндетті түрде шешімде көрсетуі тиіс, себебі кейін шешім шағымдалған жағдайда бұл туралы жоғары тұрған соттарға белгілі болуы үшін қажет.

И.Б.Марткович, фактілерді жалпыға мәлім деп тану үшін мұндай фактінің бар болуына қатысты соттың күмәні болмауы тиіс деп пайымдайды¹.

- *преюдициалды фактілер* - өзге азаматтық және қылмыстық істер бойынша шығарылған және заңды күшіне енген үкім немесе шешім бойынша анықталған фактілер (АДЖК-нің 71-бабының 2-бөлімі). Мысалы, регрестік (кері) талап қойған жағдайда алғашқы іс бойынша анықталған заңды факті қайтадан дәлелденбей-ақ шешім шығаруға негіз болады;

- *презумциялық фактілер* – заңда бекітілген белгілі бір фактінің бар болуы туралы болжам. Мысалы, зиян келтірушінің кінәлілік презумпциясы, міндеттемені орындамаған жауапкердің кінәсі, тұлғаның белгілі бір уақытта қайтыс болу презумпциясы, әке немесе шеше болу презумпциясы және т.б. Бірақ, мұндай фактілер жокқа шығарылуы да мүмкін. Мысалы, аса қауіпті

¹ Марткович И.Б. Определение объема судебного исследования в гражданском процессе. // Труды Иркутского ун-та, Серия юридическая, 1995. Т. 13.

қайнар көзбен келтірілген зиян үшін жауапкердің кінәсі: зиянды келтіру әрекеті, оның зиянды салдары мен олардың арасындағы себепті байланыс фактілері анықталғанда дәлелденеді. Бірақ жауапкер зиян бой бермейтін күштердің салдарынан немесе жәбірленушінің қасақана кінәсінің нәтижесінде келтірілгені анықталса жауапкершіліктен босатылады;

- *жалпыға танымал фактілер* - егер тиісті құқықтық тәртіптің аумағында керісінше анықталмаса, мән-жайлар дәлелдемелерсіз анықталған болып есептеледі: ғылымдағы, техникадағы, өнердегі зерттеу әдістерінің дұрыстығы, тұлғаның заңды білуі; тұлғаның қызметтік және кәсіби міндеттерін білуі, тұлғаның арнайы дайындығының немесе білімінің жоқ болуы (АДЖК-нің 71-бабының 5-бөлімі);

- *даусыз фактілер* - бір тарап дәлелдеуге міндетті фактіні екінші тараптың тануы. Сондықтан да ол дәлелденген болып есептеледі (АДЖК-нің 78-баптың 3-бөлімі). Мысалы, егер сот қабылдаса, жауапкердің фактіні тануы, оны талапкердің дәлелдеуінен босатады.

АДЖК-нің 66-бабының 10-бөліміне сәйкес, егер тарап сотпен сұратылған дәлелдемені тапсырмаса, демек, ондағы мәліметтер осы тараптың мүддесіне қарсы бағытталған және онымен танылған деп есептеледі.

АДЖК-нің 91-бабының 8-бөліміне сәйкес, тарап сараптамаға қатысудан бас тартып отырса және оған кедергі келтірсе, онда сараптамамен анықталуға жататын факт анықталған немесе жоққа шығарылған деп танылады.

7. Тараптардың дәлелдеу міндеттері.

Азаматтық іс жүргізуде сайысушылық қағидасы бойынша азаматтық істер бойынша дәлелдеу міндеттері тараптарға жүктелген. Азаматтық істі шешу үшін маңызды фактілер дәлелдемелерді тапсыру және зерттеу жолымен дәлелденеді. Осы жерде дәлелдемелерді кім тапсыруы қажет, яғни дәлелдеу міндеттері кімге тиесілі деген сұрақ туындайды.

АДЖК-нің 65-бабына сәйкес, әр тарап өз талабы мен қарсылығын негіздейтін мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. Бұдан

дәлелдеу міндеттері тараптарға жүктеледі және әрбір тарап өзінің талабы немесе қарсылығы негізделетін фактілерді дәлелдеуі тиіс деген қорытындыға келеміз.

Талапкер АҚЖК-нің 150-бабы бойынша талап қоя отырып, өз талабын негіздейтін мән-жайларды көрсетуі тиіс. Жауапкер талапты мойындай алады. Бұл жағдайда талапкер ештеңені дәлелдемейді, сот оны қабылдай алады. Егер мұндай әрекет заңға қайшы келсе немесе өзгенің құқығын, бостандығын бұзатын болса, сот талапты мойындауды қабылдай алмайды (АҚЖК-нің 49-бабының 2-бөлімі).

Дәлелдеу міндеті талапқа қарсы шығып отырған жауапкерге жүктеледі, ол белгілі бір фактілерге сүйенетін пайымдауларын келтіреді. Өз кезегінде, талапкер жауапкердің пайымдауына қарсылық білдірсе, онда өз қарсылығын негіздейтін фактілерді дәлелдеуі тиіс.

Дәлелдемелерді тапсыру міндеті тек қана тараптарға емес, барлық іске қатысушы тұлғаларға да жүктеледі (АҚЖК-нің 65-бабының 1-бөлімі). Даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлға өз талабын негіздейтін мән-жайларды дәлелдейді. Даудың пәніне дербес талап қоймайтын үшінші тұлға өзінің тараптармен қарым-қатынасына әсер ететін фактілерді дәлелдей отырып, өзіне кері талаптың қойылу мүмкіндігін жоюға тырысады. Прокурор, басқа тұлғаның құқығын қорғаушы мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар мен жекелеген азаматтар өздері қойған талаптың негізі болатын мән-жайларды дәлелдеулері тиіс.

8. Дәлелдеу тәсілдерінің жекелеген түрлері

Тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктері.

Тараптар мен үшінші тұлғалардың түсініктері іс жүргізу барысында тексеріледі және бағалануға жатады. Түсінік ауызша немесе жазбаша берілуі мүмкін. Әр тарап өзінің талабын немесе оған қарсылықты негіздейтін мән-жайлар туралы баяндайды. Тарап түсінік бергенде екінші тараптың түсінігін негіздейтін фактіні тануға құқылы. Бұл – даусыз факт, сондықтан да дәлелденбейді. Бұл туралы сот отырысының хаттамасына

енгізіледі және сол тараптың қолы қойылады. Егер жазбаша түсінікте фактіні таныса, онда іске тіркеледі. Фактіні соттан тыс тану дәлелдеме болып табылмайды (АДЖК-нің 78-бабы).

Фактіні тану талапты танудан мүлдем басқа ұғым болып табылады. Фактіні тану – дәлелдеме болса, талапты тану – билік ету әрекеті, соның нәтижесінде сот талапты қанағаттандыру туралы шешім шығаралы.

Куәнің түсініктері (айғақтары).

Куә түсінігі – жеке тұлға-куәнің іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы түсінік беруі. АДЖК-нің 79-бабы бойынша куә ретінде түсінік алуға жатпайды:

- бала тәрбиесі туралы даулар бойынша істерден басқа, өзінің жас ерекшелігі бойынша, физикалық немесе психикалық жетіспеушіліктеріне байланысты фактілерді дұрыс қабылдай алмайтын тұлғалар;

- азаматтық іс немесе қылмыстық іс бойынша өкілдер - өкіл немесе қорғаушы міндеттерін орындауға байланысты мәлім болған мән-жайлар бойынша;

- судья – шешім немесе үкім шығару кезінде кеңесу бөлмесінде мән-жайларды талқылау барысында туындаған мән-жайлар туралы;

- аралық судьяның немесе төрешінің міндеттерін атқаруға байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы - аралық судья немесе төреші;

- діни қызметкерлер – мәлім болған мән-жайлар туралы;

- заңда көрсетілген өзге тұлғалар.

Тұлға сотта өзіне, жұбайына және жақын туысқандарына (ата-ана, ата-әже, аға-іні, апа-сіңлілері, немерелеріне) қарсы куәлік түсінік беруден бас тартуға құқылы.

Куәнің құқықтары (АДЖК-нің 80-бабы):

- сотқа шақырылуына байланысты шығындарды өтеп алуға;

- уақытын жоғалтқаны үшін өтемақы алуға,

- түсінікті ана тілінде беруге және аудармашының көмегін пайдалануға;

- сот талқысын кейінге қалдырғанда соттан түсінік алуды өтініп сұрауға;
 - түсінік берген соң сот мәжіліс залынан шығуға соттан рұқсат алуға;
 - түсінік бергенде жазбаша материалдарды пайдалануға.
- Куәнің міндеттері (АДЖК-нің 80-бабы):*
- соттың шақыруы бойынша келуге міндетті;
 - шындықты айтуға тиіс. Куә жалған түсінік бергені үшін және түсінік беруден бас тартқаны үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 352; 353-баптары бойынша жауапкершілікке тартылатыны туралы ескертіледі.
 - ауырған жағдайда, кәрілік, мүгедектік жағдайына байланысты сотқа келуге мүмкіндігі болмаса тұрған жерінде түсінік алынады.

Жазбаша дәлелдемелер.

Жазбаша дәлелдемелер - іс үшін маңызды мән-жайлары бар актілер, құжаттар, іскерлік немесе жеке сипаттағы актілер. Яғни, жазылған жазбаша белгілерді сақтай алатын кез келген пішін мен сападағы заттар. Жазбаша белгілерді жазу тәсілі затта оқып-білуге мүмкіндік беретін материалдық іздер қалдыруы тиіс. Белгілер химиялық құралдармен (тушь, сия, бояу, бормен) немесе механикалық (заттың беткі қабатын ою, күйдіру, сызу арқылы салынуы мүмкін). Ең бастысы, белгілер ойды бере алатын логикалық жүйені құруы тиіс.

Жазбаша дәлелдемелер әртүрлі болады: актілер, анықтамалар, құжаттар, іскерлік немесе жеке хаттар, қолхаттар.

Құжат дегеніміз – құзыретті органмен берілетін, оның құқықтары мен міндеттері бойынша қажетті реквизиттерден, мөрден тұратын жазбаша дәлелдеме.

ҚР АДЖК-нің 82-бабының 2-бөліміне сәйкес, құжаттарға компьютерлік ақпараттардан тұратын материалдар, фотосуреттер және кинотүсірілімдер, үн- және бейнетаспалар жатады.

Нысаны бойынша жазбаша дәлелдемелер төрт түрлі болады:

- 1) жәй жазбаша нысандағы құжаттар;

2) міндетті нысан мен мазмұндағы жазбаша дәлелдемелер (қайғылы жағдай туралы акт, коммерциялық акт, туу туралы куәлік және т.б.);

3) нотариаттық куәландырылған шарттар.

Құрылу тәсіліне қарай: түпнұсқа және көшірме деп бөлеміз.

Заттық дәлелдемелер.

Заттық дәлелдемелер - өзінің сыртқы пішіні, белгілері арқылы іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау құралы болып табылатын заттар.

Заттық дәлелдемелер болып сотқа іске қатысушы тұлғалармен тапсырылған, сондай-ақ соттың көмегімен жинақталған, өзінің сыртқы пішінімен, түрімен, материалдық белгілерімен, қасиеттерімен, сапасымен, орналасқан жері бойынша іс үшін маңызды мән-жайларды анықтауға мүмкіндік беретін кез келген материалдық объект. Мысалы, зиян келтірілген жиһаз, жалған құжат, бұзылған азық-түлік, жыртылған киім және т.б.

Заттық дәлелдемелер жазбаша дәлелдемелерден ажыратылады. Заттық дәлелдеме болып табылатын құжатта ақпарат материалдық, көзбен көрінетін белгілер түрінде болады, мысалы, құжаттағы түзетулер, құжаттың парағының жетіспеушілігі т.б. Ал жазба дәлелдемеде бұл ақпарат шартты белгілер (цифралар, әріптер) арқылы беріледі.

Ұсақ заттық дәлелдемелер конверт, пакеттерге салынып, азаматтық істе сақталады. Егер зат ірі болса, онда олардың тізімі құрылып, сейфтерде сақталады.

Егер де заттық дәлелдемені сот залына әкелу мүмкін болмаса, онда судья қарауды тұрған жерінде жүргізіп, хаттаманы толтырады, суретке түсіреді және мөрлеп тастай алады. Сосын, ол зат нақты адамға сақтауға беріледі. Бұл жөнінде акт жасалады.

Егер заттық дәлелдеме ретінде даулы заттың өзі болса, онда сот талапты қамтамасыз ету мақсатында оны қамауға алу туралы ұйғарым қабылдай алады.

Тез бұзылатын заттар (азық-түліктер) дереу қаралуға жатады. Қараудан кейін олар иесіне қайтарылады. Азаматтық істе затты беру туралы акт сақталады.

Заттық дәлелдемелер сот шешімі заңды күшіне енген соң иесіне қайтарылады немесе сот талапты пайдасына шешкен тарапқа береді. Ал азаматтардың меншігінде бола алмайтын заттар (есірткі заттар) тиісті мемлекеттік ұйымдарға беріледі.

Сарапшының қорытындысы.

Ғылымның, өнердің, техниканың, құрылыстың әр саласына білімі бар мамандар сотқа істің мән-жайларын зерттеу үшін шақырылады, оларды соттық сарапшылар деп атайды.

Сараптама – белгілі бір процессуалдық тәртіпте және процессуалдық заңдағы ережелерді сақтай отырып, іс үшін маңызды мән-жайларды анықтау мақсатында, сотпен тапсырылған объектілерді ғылыми негізде сарапшының зерттеуі.

Соттық дәлелдеме ретінде сараптама емес, сарапшының сараптама жүргізу нәтижесінде алған қорытындысы болады.

Сот өндірісінде азаматтық істер бойынша, көбінесе, сот-медициналық, сот-психиатриялық, сот-тауарлық, криминалистика сараптамалары тағайындалады.

Сараптама іске қатысушылардың өтінішімен немесе соттың өз бастамасымен тағайындалады. Сот сараптама тағайындау туралы ұйғарым шығарады. Ондай ұйғарымға жеке шағым, жеке наразылық беруге болады.

Сот сарапшыға тапсырма бере отырып, анықтауға жататын мән-жайларды анықтап, нақты сұрақтарды ұсынады.

Сарапшы ретінде іске мүддесі жоқ, арнайы ғылыми білімі бар жеке тұлға тағайындалады. Сарапшының істің жүрісіне мүддесі болған жағдайда оған АДЖК-нің 41-бабында қарастырылған негіздер бойынша қарсылық беріледі.

Сарапшының құқықтары мен міндеттері АДЖК-нің 92-бабында бекітілген. *Сарапшы құқылы:*

- іс материалдарымен танысуға;
- қорытынды жасау үшін қосымша материалдар тапсыру туралы өтініш білдіруге;

- сот отырысына қатысып, іске қатысушыларға сұрақтар қоюға;

- сот хаттамасымен танысуға және оған ескертулер жасауға құқылы;

- қорытынды жасап, тапсыруға және оған қатысты түсінік беруге, қажет болса, аудармашының көмегін пайдалануға;

- құқығын шектейтін сот әрекеттеріне шағым келтіруге құқылы;

- арнайы білімінің шегінен шығатын сұрақтар бойынша қорытынды беруден бас тартуға;

- сараптама жүргізгені үшін шығындарын өтеттіруге және сараптама жүргізу оның лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, орындаған қызметі үшін сыйақы алуға.

Сарапшының міндеттері:

- соттың шақыруы бойынша келуге;

- қойылған сұрақтар бойынша негізді және объективті қорытынды беруге;

- жүргізілген зерттеулермен байланысты туындаған сұрақтар бойынша түсінік беруге.

АДЖК сараптаманың бірнеше түрлерін қарастырады: біржақты, комиссиялық, кешенді, қосымша және қайталама.

Біржақты сараптама дегеніміз бір сарапшымен жүзеге асырылатын сараптама (АДЖК-нің 94-бабының 1-бөлімі);

Комиссиялық сараптама күрделі сараптама зерттеулерін жүргізу қажет болғанда және бір мамандық бойынша бірнеше сарапшымен жүргізіледі (АДЖК-нің 94-бабының 2-бөлімі);

Кешенді сараптама іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін білімнің әр-алуан саласында зерттеу жүргізу қажет болса және сараптаманы әртүрлі мамандық бойынша сарапшылар жүргізуі тиіс болады (АДЖК-нің 95-бабының 1-бөлімі).

Қосымша сараптама қорытынды түсініксіз және толық емес болғанда, сондай-ақ жаңадан сұрақтар туындаған жағдайда тағайындалады (АДЖК-нің 98-бабының 1-2-бөлімдері);

Қайталама сараптама қорытынды жеткіліксіз негізделгенде немесе оның дұрыстығына күмән туындаса иә

сараптаманы жүргізудің процессуалдық нормалары мәнді бұзылған жағдайда, сол объектілерді зерттеу және сол сұрақтарды шешу үшін тағайындалады (АДЖК-нің 98-бабының 3-бөлімі).

Сарапшының қорытындысы басқа дәлелдемелерге қарағанда басымдыққа ие болмайды және сот үшін міндетті болып табылмайды. Ол басқа дәлелдемелердің жиынтығында бағалануға тиіс. Сарапшы қорытындысын бағалау шешімнің толық негізделген бөлігінде берілуге тиіс. Бұл орайда сот сарапшы қорытындыларының немен негізделгенін, сараптамаға ұсынылған материалдардың толық зерделенгенін оларға тиісінше талдау жасалғанын көрсетуге тиіс. Сарапшының қорытындысымен келіспейтіндігін сот өз шешімінде негіздеуге тиіс.

Егер сараптама жүргізу бірнеше сарапшыларға тапсырылса, олардың әрбіреуі сараптамалық зерттеу нәтижесі бойынша жекелеген қорытындылар берген болса, онда сот әрбір сарапшының қорытындысымен келісетінін не келіспейтінін негіздеуі тиіс.

АДЖК-нің 96-бабының 6-бөлігіне сәйкес, дәлелдемелер ретінде тек сараптама қорытындысына дейін сарапшының сот отырысында ауызша берген түсініктемелері қабылдануы мүмкін.

4.07.2006 жылғы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот сараптамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы¹ бойынша, судья, егер үлгілерді зерттеудің іс үшін маңызы бар болса, оларды, оның ішінде тірі адамның, мәйіттің, жануардың, заттың, нәрсенің қасиеттерін бейнелейтін үлгілерді алуға құқылы.

Үлгілерге материалдардың, заттардың, шикізаттардың, дайын өнімнің сынамалары да жатады.

¹Егемен Қазақстан, 2006 жылғы 11 шілде, N 159-161.

Үлгілерді алу туралы дәлелді ұйғарым шығарылады, онда: үлгілерді алатын адам; үлгілер алынуы тиіс адам (ұйым); нақты қандай үлгілер және қандай санда алынуы тиіс екені; адам үлгілерді алу үшін қашан және кімге келуі тиіс екені; үлгілер алынғаннан кейін олардың қашан және кімге табыс етілуі тиіс екені көрсетілуі қажет.

Үлгілерді судьяның жеке өзі алуы, ал қажет болса, егер бұл әрекет үлгілер алынатын жынысы басқа адамды жалаңаштап шешіндірумен байланысты болмаса және ерекше кәсіби дағдыны талап етпесе, дәрігердің немесе басқа маманның қатысуымен алуы мүмкін. Өзге жағдайларда үлгілерді судьяның тапсырмасы бойынша дәрігер немесе басқа маман алуы мүмкін.

Үлгілерді алу құқығы судьяда, сарапшыда, дәрігерде немесе басқа маманда болады.

Үлгілерді алу сараптамалық зерттеудің бір бөлігі болып табылатын жағдайларда, оны сарапшы жүргізуі мүмкін.

Үлгілер тараптардан, сондай-ақ үшінші тұлғалардан алынуы мүмкін.

Судья адамды өзіне шақырады, оны, қолхат ала отырып, үлгілерді алғаны туралы ұйғарыммен таныстырады, оған және осы іс жүргізу әрекеттеріне қатысушы өзге де адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді.

Судьяның жеке өзі немесе маманның қатысуымен қажетті әрекеттерді жүргізеді, үлгілерді алады, оларды орайды және мөр басады.

Үлгілерді алу нәтижелері іс жүргізу әрекеттерінің (сот отырысының) хаттамасында тіркеледі, онда жүргізілу ретін сақтай отырып, үлгілерді алу үшін жасалған әрекеттер, бұл ретте қолданылған ғылыми-зерттеу және басқа да әдістер мен рәсімдер, сондай-ақ үлгілердің өздері жазылады (АДЖК-нің 91-1-бабы)

91-2-бап. Дәрігердің немесе басқа маманның, сондай-ақ сарапшының үлгілерді алуы: «Судья өзінен үлгілер алынуға тиіс адамды, сондай-ақ тиісті тапсырмасы бар ұйғарымды дәрігерге немесе басқа маманға жібереді. Ұйғарымда осы іс

жүргізу әрекетіне барлық қатысушылардың құқықтары мен міндеттері көрсетілуі тиіс.

Дәрігер немесе басқа маман судьяның тапсырмасы бойынша қажетті әрекеттерді жүргізеді және үлгілерді алады. Үлгілер оралады және мөр басылады, одан кейін дәрігер немесе басқа маман жасаған ресми құжатпен бірге судьяға жіберіледі.

Сарапшы зерттеу процесінде сынақ үлгілер дайындауы мүмкін; бұл туралы ол қорытындыда хабарлайды.

Судья мұндай үлгілерді дайындау кезінде қатысуға құқылы, оны өзі жасайтын хаттамада көрсетеді.

Сарапшы зерттеу жүргізгеннен кейін үлгілерді оралған және мөр басылған түрде өзінің қорытындысына қоса тіркейді.

Егер үлгілерді судьяның тапсырмасы бойынша маман немесе сарапшы алған болса, онда ол ресми құжат жасап, оған іс жүргізу әрекетіне барлық қатысушылар қол қояды және іс материалдарына қоса тіркеу үшін судьяға беріледі.

Алынған үлгілер оралған және мөр басылған түрде хаттамаға қоса тіркеледі.

91-3-бап. Үлгілерді алу кезінде тұлғаның құқықтарын қорғау: «Үлгілерді алу әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары адамның өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз болуы тиіс. Қатты ауыру сезінуін тудыратын күрделі медициналық рәсімдерді немесе әдістерді қолдануға үлгілер алынуға тиісті адам жазбаша келісім бергенде ғана, ал егер ол кәмелетке толмаған немесе психикалық аурумен ауыратын болса, бұған қоса оның заңды өкілдерінің де келісімімен жол беріледі».

Маманның кеңестері.

Мамандар да сарапшы сияқты сот төрелігін жүзеге асыруға көмектесуші тұлғалар тобына жатқызылады. Сондықтан да бұл субъектілер азаматтық істің жүрісіне заңды мүддесінің жоқ болуымен сипатталады.

АДЖК-нің 64-бабында дәлелдеу тәсілдерінің тізімінде маманның кеңесі қарастырылмаған. Бірақ та азаматтық іс жүргізу заңы 99-бапта процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыру үшін маманды қатыстыру жағдайларын қарастырған. Ондағы

мақсат – ғылыми-техникалық құралдарды қолдануда кеңес алу және көмек алу үшін пайдаланады.

Сот ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға консультациялар (түсіндірмелер) беру және көмектесу арқылы дәлелдемелерді жинауда, зерттеуде және бағалауда жәрдем көрсету мақсатында сот отырысына немесе іс жүргізу әрекеттеріне қатыстыру үшін істің нәтижесіне мүдделі емес, арнаулы білімі бар кәсіпкерге толған адамды маман ретінде тартуы мүмкін.

Сот тараптың өтінімі бойынша да мамандарды тартуға құқылы. Іске қатысатын адамдар арнаулы білімі бар нақты адамды маман ретінде тарту туралы сотқа өтініш жасай алады (АДЖК-нің 99-бабы).

Арнайы зерттеулер жүргізу талап етілмейтін жағдайларда маман сотқа ауызша немесе жазбаша нысанда консультация (түсіндірме) береді.

Маманның жазбаша нысанда берілген консультациясы сот отырысының (тиісті іс жүргізу әрекетінің) хаттамасына қосымша түрінде тіркеледі және сот отырысында жария етіледі. Ауызша консультация тікелей сот отырысының (іс жүргізу әрекетінің) хаттамасына енгізіледі (АДЖК-нің 207-бабы).

Маманды іске қатыстыру туралы мәселе судьямен істі әзірлеу кезінде жүзеге асырылады жән бұл туралы ұйғарым шығарылады.

Маманның құқықтық жағдайы сарапшыға да ұқсас келеді. Маманға сұрақтар қоюға болады.

Атқарушылық өндіріс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заң сот шешімін орындау кезінде орындау әрекеттерін жүзеге асыру үшін арнайы білімді қажет ететін жағдайларда, іске қатысушылардың өтініші бойынша маманды қатыстыруды қарастырады. Қажет болса бірнеше маманды тағайындауға да болады. Сот орындаушысы бұл туралы қаулы қабылдауы тиіс.

Ресей Федерациясының азаматтық іс жүргізу заңдары да маманның кеңесін соттық дәлелдемелердің қайнар көзі ретінде танымайды. Сондықтан да оның азаматтық іс жүргізуде

қатысуына тек қана сот мәжілісінде және сот актілерін орындау барысында жол беріледі. Ол сотқа пікірін білдіру үшін кеңесші ретінде, дәлелдемені зерттеу барысында техникалық көмегін пайдалану үшін, мүліктің құнын бағалау үшін қатыстырылады¹.

Маман құқылы:

- шақырылу мақсатын білуге;
- арнайы білімі мен тәжірибесі жоқ болғанда іс бойынша сот өндірісіне қатысудан бас тартуға;
- соттың рұқсатымен іске қатысушаларға сұрақтар қоюға;
- өзі қатысқан процессуалдық әрекетті жүзеге асыру туралы хаттамамен танысуға, ескертулер жасауға;
- соттың әрекетін шағымдауға;
- шығындарын өтеп алуға және сыйақы алуға

Маманның міндеттері:

- соттың шақыруы бойынша келуге;
- процессуалдық әрекеттерді жүзеге асыруда және сот отырысына қатысуға;
- кеңестер беруге;
- өзі орындайтын әрекеттер бойынша түсініктер беруге.

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж., 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 2.07.2003 ж., 30.12.2005 ж., 5.06.2006 ж.) //

¹ Треушников М.К. Судебные доказательства. – М.: Городец, 1999. – С.55.

- Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.
3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот сараптамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 4.07.2006 жылғы заңы // Егемен Қазақстан, 2006 жылғы 11 шілде, N 159-161.
 5. Қазақстан Республикасының «Соттық сараптама туралы» заңы. 12.11.1997 ж. заңы (5.05.2000 ж. заңмен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен қоса). – Алматы, 2006.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Абдуллина З.К. Проблемы доказывания в гражданском судопроизводстве. (Учебное пособие). – Алматы: «Данекер», 2004.
2. Абдраимов Б., Мухамедшин Р. Некоторые теоретические и практические вопросы гражданского судопроизводства // Правовая реформа в Казахстане. - 2000. - №3.
3. Баймолдина З.Х. Доказывание и доказательства в гражданском судопроизводстве. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2001.
4. Решетникова И.В. Доказательственное право в гражданском судопроизводстве. – Екатеринбург, 1997.
5. Треушников М.К. Судебные доказательства. – М.: Городец, 1999.
6. Баймолдина З.Х. О некоторых аспектах пределов законодательного регулирования // Фемида. – 2003. - №5.
7. Темирова Е. Правило свободной оценки доказательств // Фемида. -2005 - №2.
8. Темирова Е. Субъекты оценки доказательств в гражданском судопроизводстве // Тураби. – 2004 - №5.

9. Вопросы гражданского судопроизводства // Правовая реформа. – 2000. - №3 (7).
10. Поврезнюк Г.И. Судебная экспертиза. Практическое пособие. – Алматы: Аян Эдет, 2001.

11-тақырып. Талап

1. Талап қою бойынша іс жүргізудің түсінігі және мәнісі.

Азаматтық іс жүргізу құқығы бірінші сатыдағы соттарда жүргізілетін үш түрлі сот өндірісін қарастырады: талап өндірісі, ерекше талап өндірісі және ерекше өндіріс. Солардың ішіндегі сот тәжірибесінде ең көп қаралатын істер – ол талап өндірісі болып табылады.

Талап өндірісі – азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларымен реттелген, материалдық құқықтық қатынастардан туындайтын субъективтік құқық немесе заңмен қорғалатын мүдделер туралы дауларды қарастыру және шешу жөніндегі соттың қызметі¹.

Талап өндірісін жүргізу тұлғалардың арасындағы субъективтік құқықтар бойынша келіспеушілікті шешуге бағытталған. Бұл үшін қажетті процессуалдық құрал болып талап арыз табылады.

Талап өндірісін жүргізудің мәнісі – дауламыш отырған субъективтік құқықтың бар немесе жоқтығын сот тексереді.

Максаты - тану, белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мәжбүр ету, құқықтық қатынастарды өзгерту немесе тоқтату арқылы субъективтік құқықтарды қорғау.

Талап қою тараптардың құқықтық теңдігімен сипатталатын еңбек, отбасы, жер, азаматтық құқық қатынастарынан

¹ Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. М.С.Шакарян – М.: «Быллина», 1996. – С.118.

туындайтын даулар бойынша бұзылған құқықтар мен мүдделерді қорғау үшін сотқа шағымданғанда пайда болады. Бірақ, кейде талап өндірісінің негізінде дау жоқ болуы мүмкін, мысалы, кәмелетке толмаған балалары бар ерлі-зайыптылардың некені бұзғылары келген кезде. Жалпы ереже бойынша талап өндірісі материалдық-құқықтық дау болған кезде пайда болады. Біздің іс жүргізуде талап өндірісі азаматтық құқық туралы даудың болуымен, азаматтық құқыққа тән «теңдік» қағидасымен реттелетін тараптардың арасындағы қарым-қатынастармен сипатталады.

Талап өндірісінің сипаттау белгілері мынадай:

- құқық туралы немесе заңды мүдде туралы даудың болуы;
- қарама-қайшы мүдделі тараптардың болуы;
- сот өндірісі сайысу түрінде өткізіледі.

2. Талаптың түсінігі және элементтері.

Талап дегеніміз – мүдделі тұлғаның бұзылған немесе даулы субъективтік құқығы немесе заңмен қорғалатын мүддесін, құқық туралы дауды шешу жолымен қорғауды талап етіп сотқа жолдануы.

Нақтылы айтқанда, талап - құқық туралы дауды шешу үшін бұзылған немесе даулы субъективтік құқықты немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау туралы талап қою арқылы тұлғаның сотқа жүгінуі.

Талап үш элементтен тұрады. Талаптың элементтері - бұл талаптың құрамдас бөліктері болып табылады. Олар:

Талаптың пәні – бұл соттан шешім шығаруды өтініп, талапкермен көрсетілген субъективтік құқық.

Талаптың пәні – заңмен қорғалатын мүдде болады. Мысалы, мүлікке меншік құқығы, ғылым, әдебиет шығармаларына авторлық құқық, еңбек ету құқығы және т.б. Сонымен, талаптың пәні ретінде талапкер нұсқап отырған болжамды бар немесе жоққа шығарылып отырған құқықтық қатынас болады.

Талаптың пәнін даулы құқықтық қатынастың объектісінен айыра білу қажет. Мысалы, жауапкерден мүлікті қайтару туралы

талаптың пәні – талапкердің осы мүлікті қайтару құқығы болса, оның материалдық объектісі – дауланып отырған мүлік болады.

Талаптың негізі - талап қоюшының материалдық-құқықтық талабын негіздейтін заңды фактілер. Олар - мәмілелер, шарттар, зиян келтіру фактісі, мұра қабылдау негізі болып табылатын фактілер, құқықтың бұзылу фактісі. Мысалы, мәмілені жарамсыз деп тану туралы талаптың негізі болып нотариаттық немесе жазбаша формада куәландырылған шарттың болмауы, мәмілені жасасу кезінде еркіндіктің болмауы – қорқыту, алдау, күш көрсету фактілерінің орын алуы.

Талаптың негізін талапкердің өзі дәлелдеуі тиіс.

Талаптың мазмұны - талап қоюшымен көрсетілген сот арқылы қорғану түрі, яғни сотқа жүгіну арқылы талап қоюшының өзінің бұзылған немесе даулы құқығын қорғау туралы сұрайтын соттың қызметі.

Талаптың мазмұны сот қорғауының түріне сәйкес талапкермен анықталады. Осыған байланысты талапкер соттан сұрай алады:

1) жауапкерді белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруға мәжбүрлеуді (мысалы, шығынды өтеу, мүлікті қайтару, ақшалай құнын өтеу) немесе белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруды тоқтатуды (мысалы, зиян, шығын келтіретін іс-әрекеттерді тоқтатуды);

2) субъективтік құқық немесе жауапкердің арасындағы құқықтық қатынастарды өзгерту немесе тоқтату туралы.

3. Талаптың түрлері.

Талап келесі белгілері бойынша жіктеледі:

1) процессуалдық-құқықтық белгі бойынша;

2) материалдық-құқықтық белгі бойынша.

Талапты процессуалдық-құқықтық белгілері бойынша үш түрге бөліп қарастыруға болады:

1) *Ұйғару жөніндегі талаптар* немесе орындату туралы талаптар дегеніміз - бұл жауапкердің белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруын немесе оны жүзеге асыруды тоқтатуын міндеттеуді талап ету. Мұндай талап жауапкердің ерікті түрде

талапкердің пайдасына белгілі бір әрекеттерді орындамауына байланысты оларды сот арқылы мәжбүрлеп орындату үшін қойылады. Мысалы, жауапкердің заңсыз иелігіндегі өз мүлкін қайтаруды талап ету, алиментті, шығынды өндіріп беру туралы, қарызды қайтару туралы талап қою.

Пәні – жауапкердің өзінің міндеттерін ерікті түрде орындамауына байланысты талапкердің жауапкердің белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруын талап ету құқығы (мысалы, мүлікке келтірілген зиянды өтеттіру жолымен меншік құқығын қорғау)

Негізі – даулы құқықтың пайда болуына негіз болған фактілер (мысалы, мүлікті сатып алу жолымен меншік құқығының пайда болуы) және талап қою құқығының пайда болуына негіз болған фактілер (мысалы, зиян келтіру фактісі).

Мазмұны – соттан жауапкерді белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мәжбүрлеуді сұрау.

2) *тану туралы талаптар* бойынша талап қоюшы соттан белгілі бір құқық қатынасының бар немесе жоқтығын растауын сұрайды.

Пәні – даулаып отырған субъективтік құқық немесе мүдде. Мысалы, авторлық құқықты, мұралық құқықты, меншік құқығын тану туралы талап.

Түрлері: 1) оң талап – құқықтың бар болуын тануға бағытталған (мысалы, әкелікті тану);

2) теріс талап – даулы құқықтың жоқ екендігін тануға бағытталған (некені жарамсыз деп тану).

Негізі - оң талап үшін - даулы құқықтық қатынастардың пайда болуына негіз болған фактілер. Мысалы, меншік құқығын тану туралы талап бойынша меншік құқығының пайда болуына негіз болып – сатып алу-сату шартын, сыйға тарту, айырбастау шартын жасасу фактілері табылады.

Теріс талап үшін негіз болып даулы құқықтық қатынастың пайда болуына кедергі болатын фактілер жатады. Мысалы, мәміленің нотариаттық тәртіпте куәландырылмауы, мәміленің күштеу, алдау, қорқыту жолымен жасалуы және т.б.

Мазмұны – соттан құқықтық қатынастардың бар немесе жоқ болуын тану туралы шешім шығаруды талап ету.

3) *Өзгерту жөніндегі талаптар* немесе «конститутивтік» деп аталады – материалдық-құқықтық қатынастарды өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған талап.

Құқықтық қатынастарды өзгерту немесе тоқтату кейбір жағдайларда соттың шешімімен ғана мүмкін болады. Сондықтан да сотқа құқықтық қатынастарды өзгерту немесе тоқтату туралы талаптар қойылады.

Пәні – талапкердің біржақты бастамасымен құқықтық қатынастарды сот арқылы өзгерту немесе тоқтату құқығы. Мысалы, некені бұзуды, шартты бұзуды немесе өзгертуді талап ету.

Негізі – 1) өзгертілуге немесе тоқтатылуға жататын құқықтық қатынастардың пайда болуына негіз болған фактілер;

- 2) құқықтық қатынастардың өзгертілуі немесе тоқтатылуына себеп болған фактілер.

Мысалы, сатып алу-сату шартын бұзу туралы талап қоюдың негізі болып:

Біріншіден, шарттың жасалу фактісі;

Екіншіден, сатып алынған мүліктің сапасыздығы, мөлшерінің жетіспеушілігі туралы факті.

Мазмұны – құқықтық қатынастардың өзгеруі немесе тоқтатылуы туралы шешім шығаруды соттан талапкердің талап етуі.

Материалдық-құқықтық белгісіне қарай талаптар жеке санаттағы азаматтық істерге бөлінеді: еңбектік, тұрғын үй, отбасылық құқықтық және т.б. қатынастардан туындайтын істер.

Азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымында талаптың тағы да екі түрін атап көрсетеді: заттық және жеке. Заттық талап – мүліктік құқықтарды қорғайтын талап, жеке – жеке мүліктік емес құқықты қорғайтын талап¹.

4. Талап қою құқығы.

¹ Хрестоматия по гражданскому процессу / Под ред. М.К. Треушникова. – М., 1996. – С.95.

Талап қою құқығы – Қазақстан Республикасының Конституциясымен (13-баптың 2-бөлігі, 75-бап) бекітілген сот арқылы қорғану құқығының бір нысаны. Сотқа жүгіну арқылы құқықтарды қорғау құқығы азаматтық процеске қатысатын азаматтарға және ұйымдарға, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға тиесілі.

Талап қою құқығының материалдық және процессуалдық мағынадағы екі түсінігі бар.

Материалдық мағынадағы талап қою құқығы дегеніміз – борышқордың міндетін сот арқылы мәжбүрлеп жүзеге асыртуға субъективтік құқық.

Процессуалдық мағынадағы талап қою құқығы – бірінші сатыдағы сотта азаматтық істі талап арыз беру арқылы қозғау құқығы және материалдық-құқықтық дауды сотта қарастыру кезінде қолдау көрсету.

Талап қою құқығы белгілі алғышарттарымен байланысты. *Талап қою құқығының алғышарттары* дегеніміз - нақты азаматтық іс бойынша тұлғаның талап қоюға субъективтік құқығының пайда болуын заң бойынша оның бар не жоқтығымен байланыстыратын мән-жайлар.

Алғышарттар жалпы және арнайы, оң және теріс деп екі топқа бөлінеді.

Азаматтық істердің барлық санаттары үшін ортақ болатын жалпы және оң алғышарттарға мыналар жатады:

- 1) талап қоюшының процессуалдық құқық және әрекет қабілеттілігіне ие болуы (АДЖК-нің 45-46-баптары);
- 2) өкілеттігі бар тұлғаның талап арызға қол қойып, сотқа тапсыруы (АДЖК-нің 154-бабының 1-бөлімінің 4-тармағы);
- 3) АДЖК-нің 150-бабында бекітілген талап арыздың мазмұны мен оған тіркелетін қосымшаларға қойылатын талаптарды сақтау.

Жалпы және теріс алғышарттар:

- 1) даулы құқықтың соттың қарауына жататындығы, яғни соттардың ведомстволық бағыныстылығына жататындығы (АДЖК-нің 24-26-баптары);

2) осы тараптардың арасындағы дәл осындай пән, негіз бойынша қабылданған, заңды күшіне енген сот шешімі болмауы тиіс (АДЖК-нің 153-бабының 1-бөлімінің 2-тармағы);

3) осы тараптардың арасындағы дәл осындай пән, негіз бойынша талапкердің талаптан бас тартуы, тараптардың бітім келісімін жасасуына байланысты қабылданған, заңды күшіне енген сот ұйғарымы болмауы тиіс (АДЖК-нің 153-бабының 1-бөлімінің 2-тармағы);

Арнайы алғышарттар - азаматтық істердің кейбір санаттарына қатысты жалпы алғышарттармен бірге қойылады: - азаматтық істің осы түрі үшін заңмен тағайындалған сотқа дейінгі талап ету тәртібін сақтау (АДЖК-нің 154-бабының 1-бөлімінің 1-тармағы). Мысалы, тасымалдау шарттарынан туындайтын міндеттемелер бойынша дауды алдын ала шешу міндеттері көлік туралы заңдармен реттелген.

5. Талапты біріктіру және бөлу.

Соттық тәжірибеде бір тұлға екінші бір тұлғаға бірнеше талап қоятын жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы, денсаулыққа келтірілген зиянды және моральдық зиянды өтеп алу, некені бұзу мен алиментті өндіру, ортақ мүлікті бөлу туралы талап қойылуы мүмкін. Себебі, бұл талаптар ортақ бір құқықтық қатынастардан туындап тұр.

Сонымен қатар, тәжірибеде талаптың бір түрі екіншісімен бірге қойылады – тану және өзгертуші талаптар ұйғару жөніндегі талапмен бірге қойылады. Мысалы, меншік иесі деп тану және мүлікті қайтару туралы талап; Некені бұзу және ортақ мүлікті бөлу туралы талап. Талаптар соттың да бастамасымен біріктіріледі немесе ажыратылады.

АДЖК-нің 171-бабына сәйкес, судья қажет болғанда, *істі дұрыс, әрі тез шешу мақсатында* талаптарды біріктіреді немесе бөліп тастайды.

Егер біртектес бірнеше іс бойынша сол тараптар қатысатын болса немесе әртүрлі талапкерлердің ортақ бір жауапкерге қойған талабы болса, онда бұл істерді біріктіруге болады.

Сол сияқты талаптың біреуі бастапқысымен тығыз байланысты болса және де екеуінің біреуі дұрыс шешілуінен екіншісі тәуелді болса, судья талаптарды біріктіреді. Мысалы, әкелікті анықтау және алимент өндіру туралы талаптардың біріншісі дұрыс шешілсе, екіншісі де қанағаттандырылады.

Ал кейбір жағдайларда соттың құқығы ғана емес, ол заңның көрсетуі бойынша біріктіруге міндетті. Мысалы, ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 21-бабы бойынша некені бұзу туралы іспен бірге сот алиментті өндіру, бала тәрбиесі, ортақ мүлікті бөлу туралы дауларды да бірге қарастырып кетуге тиіс.

Талаптарды біріктіру мен бөлу объективті және субъективті болады¹.

Талаптарды біріктірудің екі түрін қарастыруға болады:

1) *объективті біріктіру* - екі дауласушы тараптардың арасындағы бірнеше талаптарды біріктіру. Мысалы, некені бұзу және балаға алимент өндіру туралы істер;

2) *субъективті біріктіру* - бір талапкердің бірнеше жауапкерге қойған талабын немесе бірнеше талапкердің бір жауапкерге қойған талабын біріктіру. Бұл жағдайда іске ортақ қатысу болады. Мысалы, жұмысқа қайта алу туралы, жалақы өндіріп беру туралы жұмысшылардың жұмыс берушіге қойған талаптарын біріктіруге болады.

Сот талап арызды қабылдай отырып, егер де бөлек қарастыру дұрыс деп тапса, талапкердің бір немесе бірнеше талабын жеке бөліп қарастыруға құқылы (АДЖК-нің 171-бабының 2-бөлімі).

Талаптарды бөлудің екі түрін қарастыруға болады:

3) *объективті бөлу* - бір жауапкерге қойылған талаптарды әртүрлі өндірісте қарау үшін бөлу. Мысалы, неке бұзу және бала тәрбиесіне қатысты істер (ата-аналық құқықтан айыру).

Мүлікті бөлу туралы дау үшінші тұлғаның құқығын қозғайтын болса, онда сот бұл талаптарды бөледі. Себебі, заң

¹ Баймолдина З.Х. Исковой порядок защиты прав в суде: Научно-практическое пособие. - Алматы: Жеті Жарғы, 2001. - С.35.

бойынша некені бұзу және ортақ мүлікті бөлу мұндай жағдайда, екінші талаптың күрделіленуіне байланысты, бірге қарастырылуға жатпайды.

Кейбір жағдайларда талаптарды біріктіруге мүлдем болмайды. Мысалы, некені бұзу талабымен бірге зайыбын үйден шығарту туралы талапты, тұрғын үйді бөлуді, мәжбүрлі айырбастау және т.б. талаптар бірге қарастырылмайды.

4) *субъективті бөлу* - әртүрлі тұлғалардың арасындағы талаптарды әртүрлі өндірісте қарау үшін бөлу. Мысалы, балаға алимент өндіру туралы талап қойылып, оған қатысты әкелік дауланып отырса, онда бұндай талаптар некені бұзу туралы істен бөлек қаралуға жатады.

Талаптарды біріктіру немесе бөлу туралы сот ұйғарым шығарады. Бұл ұйғарым істің одан әрі жүруіне кедергі болмайтындықтан апелляциялық тәртіпте шағымдануға жатпайды.

6. Талапты өзгерту. Талаптан бас тарту. Талапты тану. Бітім келісімі.

Талапты өзгерту дауды қарастыру кезінде талаптың негізін немесе пәнін өзгерту жолымен жүзеге асырылады.

Талап қоюдың негізі мен пәнін өзгерту. ҚР АДЖК-нің 49-бабына сәйкес, талап қоюшы талаптың негізін немесе пәнін өзгертуге, қойылған талабының мөлшерін ұлғайтуға немесе азайтуға немесе талап қоюдан бас тартуға құқылы. Оны жүзеге асыру үшін талап қоюшы бірінші сатыдағы сот шешім қабылдағанға дейін жазбаша өтініш беруге тиіс.

Талаптың пәнін өзгерту дегеніміз бұл алғашқы ұсынылған негіз қалдырылып, талаптың бастапқы пәнін өзгерту. Мысалы, Азаматтық кодекстің 428-бабына сәйкес, егер тауардың жетіспеушілігі сатушымен ескертілмеген болса, сапасыз тауарды алған сатып алушы, өзінің қарауы бойынша, сатушыдан талап етуге құқылы:

- сатып алу бағасын түсіруді;
- тауардың жетіспеушілігін тегін жоюды;
- сапалы тауарға ауыстыруды;

- шартты орындаудан бас тартуды және тауар үшін төленген ақысын қайтаруды талап етуге.

Сатып алушы – талапкер ретінде жоғарыда аталған құқықтарын жүзеге асыру мақсатында талаптың пәнін солардың біреуін екіншісімен ауыстыруға құқылы.

Талаптың негізін өзгерту дегеніміз – алғашқы ұсынылған заңды фактілерді жанасымен өзгерту. Мысалы, тауар жеткізілімі шартын бұзу туралы талап арызын қоюға мынадай заңды фактілер негіз болады:

- сапасыз тауарды сату;
- тауар жеткізу мерзімін бірнеше рет бұзу.

Осылардың біреуін екіншісімен талап қойғанда өзгертуге талапкердің құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 22.08.2003 жылы №5 «Сот шешімі туралы» қаулысында¹ берілген ресми түсінік бойынша, АДЖК-нің 219-бабының 2-бөлігіне және 49-бабының 2-бөлігіне сәйкес, сот істі талапкер мәлім еткен талаптар шегінде шешеді және талап-арыздың пәнін немесе негіздемесін өз бастамасы бойынша өзгертуге құқығы жоқ. Алайда, сот шешім шығара отырып, егер мұндай шешім талапкердің құқықтарын, бостандықтары мен заңмен қорғалатын мүдделері үшін қажет деп санаса, сондай-ақ заңда көзделген басқа да жағдайларға байланысты болса, талапкердің келісімімен сот талаптардың шегінен шығуы мүмкін. Мәселен, ата-ана құқықтарын шектеу немесе одан айыру туралы шешім шығарумен бірге баланы асырауға алиментті өндіру жайлы сот шешім қабылдауға құқылы (17.12.1998 жылы "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабының 3-тармағы, 71-бабының 5-тармағы)².

Талап-арыздың мәні талапкердің (арыз берушінің) нақты талаптарымен келісіледі және жүгінушінің құқықтары, бостандықтары немесе заңды мүдделері бұзылуының немесе

¹ ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. - 2003. - №8.

² Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 23.

бұзылуына қауіп төнуінің мәні көрсетіле отырып, материалдық-құқықтық талап ретінде анықталады.

Талап-арыздың негіздемесі деп мүдделі адам көрсеткен, өзінің талап-арызының мәні болып табылатын материалдық-құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әсер ететін фактілер түсінілуге тиіс.

Талап-арыздың мөлшерін ұлғайтуды немесе азайтуды, мәселен, талап-арыздың көлемін нақтылау туралы болғандықтан, талап-арыздың мәнін өзгерту ретінде қарауға болмайды.

Талаптан бас тарту - сотта талап қоюшының өзінің субъективтік құқығын сот арқылы қорғау талабынан бас тартып, қорғалатын азаматтық іс жүргізуді тоқтатуға бағытталған процессуалдық әрекеті.

АДЖК-нің 49-бабының 1-бөліміне сәйкес талапкер талабынан бас тарту алады. Талаптан бас тарту – мүдделі тұлғаның сотқа қойған талабынан бас тартуы. Ол сот шешімі шыққанға дейін жазбаша өтініш беру жолымен жүзеге асырылады. Сот талаптан бас тартуды қабылдаса өндірісті тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Егер талапкер ішінара бас тартса, онда бас тартпаған бөлігінде іс қарала береді.

Егер талап қоюшының талабын бөліп қарастыруға болатын болса, онда ол талаптың бір бөлігінен бас тартуға құқылы (талап арызы бойынша материалдық залалды, моральдық зиянды өтеуді сұрайтын болса, онда тек материалдық залалды өтеуін талап етіп, ал моральдық зиянды өтеуден бас тартуы мүмкін).

Талапты тану - сотта талап қоюшының талаптарын қанағаттандыруға және талап қоюшы үшін лайықты сот шешімін шығаруға бағытталған жауапкердің келісімі. Жауапкердің өзіне берілген субъективтік құқығына сәйкес талап қоюды тану ешкімнің басымдылығынсыз өз еркімен жүргізіледі. Бұл жөнінде жауапкерден қолхат алынады (ҚР АДЖК-нің 49-бабының 1-бөлімі).

Жауапкердің талапты тануынан фактіні тануын айыра білу қажет. Фактіні тану дегеніміз – бұл талапкердің талабын негіздейтін заңды фактінің бар немесе жоқ болуын тану. Бұлар даусыз фактілер деп аталып, дәлелдеуден босатылады. Жауапкер

фактіні тани отырып, талапқа қарсы болуы мүмкін. Мысалы, жауапкер қарыз беру шартының жасалу фактісін таниды, бірақ ол қарызды уақытында қайтардым деп, талапқа қарсылық білдіреді.

Тараптардың бітімгершілік келісімі - бұл заңмен белгіленген жағдайларға сәйкес, сотта тараптардың арасында жасалған материалдық-құқықтық дауды ерікті түрде шешу туралы келісім¹. Бітім келісімінің мәнісі - дауды өзара бітімгершілікпен шешу арқылы іс жүргізуді аяқтау. Талаптар істі бітімгершілік келісіммен аяқтай алады, оған талап қоюшы мен жауапкер қол қояды және келісім сотпен бекітіледі (ҚР АДЖК 49-бабының 1-бөлімі).

И.М.Пятилетовтың пайымдауынша, бітім келісімі келесі белгілермен сипатталады:

1) келісім азаматтық істің аяқталуына бағытталған болуы тиіс;

2) келісім заңмен талап етілген нысанда рәсімделген;

3) келісім сотпен бекітілген болуы тиіс.

Бұл акт соттың өндірісті тоқтату туралы ұйғарымымен рәсімделеді.

Бітім келісімін талапкер, жауапкер және даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлғалар жасаса алады.

Бітімгершілік келісімін жасау сотта және соттан тыс жасалуы мүмкін.

Соттан тыс жасалған бітімгершілік келісім - бұл сот отырысынан тыс жасалған келісім және сотқа жолданбаған. Мысалы, ҚР «Неке және отбасы туралы» заңының 143-бабы бойынша соттан тыс тәртіпте алимент төлеу туралы келісім жасасуға болады. Соттан тыс бітімгершілік келісім жасалу фактісін және оның шарттарын жалпы тәртіп бойынша тарап сотта дәлелдеуі мүмкін.

Бітімгершілік келісімін азаматтық процестің кез-келген сатысында (бірінші сатыдағы сотта, апелляциялық өндірісінде,

¹ Баймолдина З.Х. Мирное соглашение в гражданском судопроизводстве. // Договор в гражданском праве: проблемы теории и практики. Том 1. - Алматы: КазГЮА, 2000. - С.156-160.

қадағалау өндірісінде және атқарушылық іс жүргізу сағыларында) жасауға болады.

7. Жауапкердің мүддесін қорғау.

Азаматтық істер бойынша сот өндірісі сайысушылық қаридасына сәйкес жүргізіледі. Сондықтан да талапкер мен жауапкердің мүдделерінің қайшы болуына байланысты әр тарап өз позициясын, қорғану тәсілін тандауда тең құқылы. Жауапкер басқа тарап сияқты талапкерге қатысты соттық іс жүргізуде өз мүддесін қорғау мүмкіндігіне ие болады.

Жауапкер қорғану мүмкіндігін *талапқа қарсылық білдіру* немесе *қарсы талап қою* жолымен жүзеге асыра алады немесе қарсылық білдіруді: процессуалдық және материалдық деп екі түрге бөлуге болады¹.

Процессуалдық қарсылық – бұл талапкердің талабының заңсыздығын негіздеуге бағытталған жауапкердің қарсылығы. Мысалы, талапкердің талап қою құқығының жоқ болуын; талаптың соттың қарауына жатпайтындығын немесе соттылықтың бұзылғандығын жауапкер негіздейді. Соның салдарынан істі қарауды кейінге қалдыруды, талап арызды қараусыз қалдыруды, өзге сотқа істі қарауға беруді талап ете алады.

Материалдық-құқықтық қарсылық – бұл жауапкердің заңды мүдделері мен құқығын қорғауға бағытталған. Мысалы, жауапкердің кінәсінің жоқтығын дәлелдеуі. Ол жоққа шығару (даулау) немесе дәлелді қарсы талап қою тәсілдерімен жүзеге асырылады.

Қарсы талап – бұл алғашқы қойылған талапмен бірге қарастыру үшін жауапкердің талапкерге қойған дербес материалдық-құқықтық талабы. Қарсы талап сот шешімі шыққанға дейін, сол сотқа берілуі тиіс.

¹ Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. 1 том. – Алматы: КазГЮА, 2001. – С.389-390.

Қарсы талапқа қойылатын талаптар: жалпы талаптар. Мысалы, қарсы талап АДЖК-нің 150-бабына сөйкес жазбаша формада беріледі және 151-бапта қарастырылған тіркеу құжаттары қосымша ретінде тіркелуі тиіс.

Арнайы талаптар бойынша, сот қарсы талапты АДЖК-нің 157-бабында қарастырылған шарттың біреуіне жауап беретін жағдайда қабылдайды:

1. егер қарсы талап алғашқы талаптың есебіне жатқызылатын болса. Мысалы, қарызды қайтару туралы бастапқы талапқа қарсы жауапкер, керісінше, талапкерге мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы қарсы талап қоя алады. Қарсы талаптың мөлшері бастапқының мөлшерінен артық болмауы тиіс.

2. егер де қарсы талапты қанағаттандыру алғашқы талапты толық немесе ішінара қанағаттандыруды болдырмайтын болса. Мысалы, алимент өндіру туралы талапқа қарсы жауапкерді әкесі емес деп тану туралы талап қойылуы мүмкін. Некені бұзу туралы талапқа – некені жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қойылады.

3. қарсы және алғашқы талап арасында өзара байланыс болса және оларды бірге қарау дауларды неғұрлым тез және дұрыс шешуге жеткізетін болса. Мысалы, тұрғын үй қатынастарынан туындайтын даулар бойынша - жауапкерді үйден шығару туралы талапқа – үйді жөндеуге кеткен шығынды өтеп алу туралы жауапкер қарсы талап қоя алады.

8. Талапты қамтамасыз ету.

Көп жағдайларда талапкердің пайдасына шешілген шешімді заңды күшіне енген соң орындау қиынға соқтыратын жағдайлар туындауы мүмкін. Олар әртүрлі: борышкер даулы мүлкті сатып жібереді, жойып жібереді, ұқыпсыз пайдаланып, мүлктің құндылығын жоғалтып жібереді. Сондықтан да осындай оқиғалардың алдын алу үшін даулы затты иеліктен шығаруға, пайдалануға тиым салуға болады. Мұндай шараларды талапты қамтамасыз ету деп атайды.

Талапты қамтамасыз ету дегеніміз талап арыз қанағаттандырылған жағдайда шешімді орындау мүмкіндігіне кепілдік беретін, сотпен қолданылатын шаралар.

Бұл институттың маңызы – жауапкер теріс іс-әрекет жасауының салдарынан сот актісін орындауға мүмкін болмайтын кезде талапкердің заңды мүдделері қорғалады.

Талап қоюды қамтамасыз етуге, егер мұндай шараларды қабылдамау сот шешімін орындауды қиындатса немесе оның орындалуын мүмкін етпесе, істің барлық жағдайларында да жол беріледі (ҚР АДЖК-нің 158-бабы).

Талап қоюды қамтамасыз ету мақсаттары:

- егер сот шешімінің орындалуын қиындатса;
- егер сот шешімінің орындалуын мүмкін етпесе.

Талапты қамтамасыз ету шаралары соттың бірінші және екінші сатысында да іс қаралғанда қолданыла береді.

Іске қатысатын тұлғалар талап қоюды қамтамасыз ету туралы жазбапаның нұсқасындағы арызды сотқа ұсынады. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызды судья жауапкерге және іске қатысатын басқа адамдарға хабарламастан, ол сотқа түскен күні шешеді. Соның нәтижесінде сот талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарым шығарады. Талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарым сот шешімдерін орындау үшін ҚР АДЖК-нің 237-239 баптарымен белгіленген тәртіпте дереу орындалады.

АДЖК-нің 159-бабында талапты қамтамасыз ету шараларының тізімі берілген.

1. *жауапкердің мүлкін қамалуға алу.* Мүлік хатталып, оны пайдалануға тиым салынады.

2. *жауапкердің белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруына тиым салу.* Мысалы, сот жауапкерді үйді бұзуға, құрылыс жұмыстарын жүргізуге, тауарды өндіруге, пәтерге орналасуға тиым салады.

3. *басқа адамдардың жауапкерге мүлік беруіне немесе оған қатысты басқа да міндеттемелерді орындауына тиым салу.* Мысалы, жеке, заңды тұлғалардың банктердегі жинақтарына қатысты. Мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қойылғанда міндеттемені орындауға тиым салу.

4. мүлікті қамаудан босату туралы талап қойылған жағдайда оны сатуды тоқтата тұру. Қамауға алынған мүлік соттың шешімі заңды күшіне енген соң сот орындаушысымен сатылады. Егер осы мүлікті қамаудан босату туралы талап қойылса, оны сатуды тоқтатуға болады.

5. дауланып отырған мемлекеттік органның, ұйымның немесе лауазымды тұлғаның актісінің күшін тоқтата тұру. Мысалы, әкімнің шешімі дауланып жатырса, онда оның күшін тоқтата тұруға болады.

6. борышкердің сотта даулауына байланысты орындау құжаты бойынша өндіріп алуды тоқтата тұру. Мысалы, егер борышкер орындау құжатын сотта дауласса, онда өндіріп алу тоқтатыла тұрады.

Соттың өзі талаптың сипатына сай қажетті шараларды тандап алады. Судья олардың бірнешеуін де қолдана алады.

АДЖК-нің 162-бабы бойынша іске қатысушылардың өтініштері бойынша (мысалы, бастапқы шараның жеткіліксіздігі, жауапкердің мүддесіне нұқсан келтіруіне байланысты) талапты қамтамасыз ету шараларының бір түрін екіншісімен ауыстыруға болады.

Сот тараптардың өтінішімен немесе өзі талапты қамтамасыз ету шарасын қолдану туралы сот ұйғарымын шығарып, күшін жоя алады. Бұл мәселе сот мәжілісінде шешілуі тиіс.

Талапты қамтамасыз ету шарасын қолдану туралы соттың ұйғарымына жеке шағым немесе наразылық келтіруге болады. Бұл талапты қамтамасыз ету туралы ұйғарымның орындалуын тоқтата тұрады.

Егер талап қанағаттандырылмай қалса, онда жауапкер шешім заңды күшіне енген соң талапкерге талапты қамтамасыз ету шарасын қолдану арқылы өзіне келтірілген залалды өтеп алу туралы талап қоя алады.

Ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (7.10.1998 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 4, 217-құжат.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу Кодексі. 13 шілде 1999 ж. (ҚР заңдарымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен қоса 29.03.2000 ж., 5.07.2000 ж., 2.03.2001 ж., 11.07.2001 ж., 2.07.2003 ж., 30.12.2005 ж.) // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат.
3. Қазақстан Республикасының 17.12.1998 жылғы «Неке және отбасы туралы» Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 23.
4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 22.08.2003 жылғы №5 «Сот шешімі туралы» қаулысы // ҚР Жоғарғы Сотының бюллетені. - 2003. - №8.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Баймолдина З.Х. Мировое соглашение в гражданском судопроизводстве. // Договор в гражданском праве: проблемы теории и практики. Том 1. – Алматы: КазГЮА, 2000.
2. Баймолдина З.Х. Исковой порядок защиты прав в суде: Научно-практическое пособие. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001.
3. Нәрікбаев М.С. Азаматтық құқықтарды соттар арқылы қорғау = Защита гражданских прав в суде/ Нәрікбаев М.С., Пономаренко Ю.А., Әбдірайымов Б.Ж. - Алматы: Борки, 1998.
4. Осокина Г. Понятие, виды, значение тождества иска (исков) // Российская юстиция. -1995. - № 3.
5. Хрестоматия по гражданскому процессу / Под ред. М.К. Треушникова. – М., 1996.

**АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАЛШЫ
БӨЛІМІ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУ ҮШІН
ҰСЫНЫЛАТЫН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ**

1. Азаматтық құқықтарды қорғаудың формаларын көрсетіңіздер:

- A) қоғамдық,
- B) нотариаттық;
- C) әкімшілік, соттық;
- D) өзін-өзі қорғау
- E) соттық, қоғамдық, әкімшілік, нотариаттық, өзін-өзі қорғау.

2. Азаматтық іс жүргізудің қағидасы болып табылады :

- A) жариялылық, сот ісін жүргізудің тілі; диспозитивтілік; сайысушылық;
- B) императивтік, диспозитивтік;
- C) сот төрелігін ұйымдастыру, қызметтік;
- D) нормативтілік, жүйелілік, міндеттілік;
- E) барлық жауап дұрыс.

3. Азаматтық іс жүргізудің қозғалу механизмін анықтаушы қағида:

- A) заңдылық;
- B) диспозитивтілік;
- C) істің тікелей, ауызша жүргізілуі;
- D) объективтік шындық;
- E) сайысушылық.

4. Азаматтық іс жүргізу сатысына жатпайды:

- A) прокурордың істің негізі бойынша қорытынды беру үшін іс жүргізуге қатысуы;
- B) азаматтық істі сотта қозғау;
- C) азаматтық істі сот талқысына өзірлеу;
- D) жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот қаулыларын қайта қарау;

Е) заңды күшіне еңбеген сот шешімдерін апелляциялық тәртіпте қайта қарау.

5. Бірінші сатыдағы соттардағы азаматтық сот өндірісінің түрлерін атаңыз:

- А) қадағалау сот өндірісі;
- В) апелляциялық сот өндірісі;
- С) талап өндірісі, ерекше талап өндірісі, ерекше өндіріс;
- Д) арбитраждық өндіріс;
- Е) бұйрықтық өндіріс.

6. Іске қатысушылардың құрамына кірмейтін субъектіні атаңыз:

- А) прокурор;
- В) талапкер;
- С) жауапкер;
- Д) сарапшы;
- Е) үшінші тұлға.

7. Процессуалдық күқық қабылдаушылыққа қай кезде жол беріледі:

- А) іс жүргізудің кез келген сатысында;
- В) сот шешім шығарғанға дейін;
- С) азаматтық істі әзірлеу кезінде;
- Д) сот талқысы барысында;
- Е) сотта азаматтық істі қозғағанға дейін.

8. Даудың пәніне дербес талап қоятын үшінші тұлғаның талапкерден айырмашылығын атаңыз:

- А) айырмашылығы жоқ;
- В) мемлекеттік баж салығын төлемейді;
- С) сот шешімі шығарылғанға дейін іс жүргізуге кіре алады;
- Д) соттың шақыруы бойынша іс жүргізуге кез келген сатыда қатыса алады;
- Е) азаматтық іс жүргізудің кез келген сатысында қатыса алады.

9. Прокурордың азаматтық іс жүргізуге қатысу нысандары:

- A) апелляциялық тәртіпте наразылық беру арқылы;
- B) азаматтық істі қозғау және іс бойынша қорытынды беру үшін қатысу;
- C) қадағалау тәртібінде сот шешіміне наразылық беру арқылы;
- D) орындау өндірісінде заңдылықты қадағалау әрекеттерін жүргізу арқылы;
- E) соттың шақыруы бойынша қадағалау міндетін орындау үшін қатысу.

10. Сот, тергеуші және прокурор сотта ерікті өкіл бола ала ма:

- A) болады;
- B) болады, егер өкілдік берушімен туысқандық қатынаста болмаса;
- C) бола алмайды;
- D) болады, егер бұл туралы заңмен қарастырылса;
- E) егер заңмен басқаша қарастырылмаса, бола алмайды.

11. Бірінші сатыдағы сот ретінде ҚР Жоғарғы Сотының соттылығына жатады:

- A) азаматты әрекет қабілеттілігі жоқ деп тану туралы істер;
- B) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынышты, есеп беретін органдардың, министрліктердің, өзге де республикалық атқару органдарының нормативтік құқықтық актілерін даулау туралы істер;
- C) тараптардың біреуі халықаралық немесе шет ел ұйымы болып табылатын істер;
- D) ҚР Үкіметінің нормативтік құқықтық актісін даулау туралы істер;
- E) аумақтық сайлау комиссиясының ҚР Президентін, өкілді органдар депутатын сайлауды өткізу бойынша шешімдері мен әрекеттерін даулау туралы істер.

12. Жауапкердің тұрғылықты жері бойынша анықталған соттылықтың атауы?

- A) арнайы;
- B) жалпы аумақтық;
- C) баламалы;
- D) шартты;
- E) ерекше.

13. Мерзімдер қалпына келтіруге жатады :

- A) сотпен белгіленген мерзімдер;
- B) заңмен белгіленген мерзімдер;
- C) прокурормен белгіленген мерзімдер;
- D) шешіммен белгіленген мерзімдер;
- E) ұйғарыммен белгіленген мерзімдер.

14. Мемлекеттік баж дегеніміз не:

- A) сот шығыны;
- B) заңды маңызы бар әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін мемлекеттің пайдасына өндіріліп алынатын міндетті төлем;
- C) істі қарауға байланысты шыққан шығындар;
- D) талаптың құны;
- E) салықтың бір түрі;

15. Қай субъектіні күштеп әкелуге болмайды:

- A) жауапкер;
- B) куә;
- C) сарапшы;
- D) маман;
- E) талапкер.

16. Сотта ерікті өкіл бола алады;

- A) судья;
- B) прокурор;
- C) тергеуші;
- D) адвокат;
- E) депутат

17. Сот дәлелдеуінің кезеңдері:

- A) дәлелдемелердің іске қатыстылығын анықтау;
- B) дәлелдемелерге жол беру;
- C) дәлелдемелерді қамтамасыз ету, сот тапсырмаларын орындау;
- D) дәлелдемелерді жинақтау, табыстау, дәлелдемелерді зерттеу, дәлелдемелерді бағалау;
- E) қарауды тұрған жерінде жүргізу, соттың сұрау салуы.

18. Куә ретінде түсінік алуға жатпайтын тұлғалар:

- A) бала тәрбиесі туралы даулар бойынша істерден басқа, өзінің жас ерекшелігі бойынша, физикалық немесе психикалық жетіспеушіліктеріне байланысты фактілерді дұрыс қабылдай алмайтын тұлғалар; азаматтық іс немесе қылмыстық іс бойынша өкілдер; судья, діни қызметкерлер;
- B) туысқандары мен таныс адамдар;
- C) прокурор, іске қатысушы тұлғалар;
- D) жұбайы, жақын туысқандары.
- E) әрекетке қабілеттілігі жоқ тұлғалар.

19. Талаптың түрін көрсетіңіз:

- A) бұйыру;
- B) қанағаттандыру;
- C) тану;
- D) өтеп алу туралы;
- E) мүлікті қайтару туралы.

20. Азаматтық іс жүргізудегі бірінші сатыдағы соттың актілеріне жатады:

- A) сот бұйрығы, шешім;
- B) шешім, сырттай шешім, ұйғарым, сот бұйрығы;
- C) қаулы, ұйғарым;
- D) ұйғарым, сот бұйрығы;
- E) үкім, нұсқау, қаулы.

21. Талаптың пәнін көрсетіңіз:

- A) даудың объектісі;
- B) талаптың негізі;

- С) жауапкерге қойылатын материалдық-құқықтық талап;
- Д) талапкердің соттан сұрауы;
- Е) даулы құқық.

22. Талаптың негізі дегеніміз не:

- А) талапкердің жауапкерге сот арқылы жолдаған материалдық-құқықтық талабы;
- В) даулы құқықтық қатынас;
- С) талапкер қол жеткізуді көздейтін соттың шешімі;
- Д) талапкер талабында көрсеткен сот қорғауының түрі;
- Е) талапкердің жауапкерге қойып отырған материалдық-құқықтық талабын негіздейтін заңды фактілер.

23. Талапты мойындағанда оған қарсы тарап дәлелдеуге міндегі емес фактінің атауы:

- А) даулы фактілер;
- В) талаптың негізі болатын фактілер;
- С) жалпыға мәлім фактілер;
- Д) даусыз фактілер;
- Е) преюдициалды фактілер.

24. Талап қояды өзгерту дегеніміз не?

- А) талаптың мөлшерін өзгерту;
- В) талаптың пәнін немесе негізін өзгерту;
- С) талаптың мәтінін өзгерту;
- Д) даудың пәнін өзгерту;
- Е) талаптың мазмұнын өзгерту.

25. Талапты қамтамасыз ету дегеніміз:

- А) талапты мақұлдайтын дәлелдемелер мен фактілерді тараптардың тапсыруын соттың міндеттеуі;
- В) дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша соттың әрекеттері;
- С) соттың субъектілерге қатысты күштеу шараларын қолдануы;
- Д) сот шешімінің орындалуына кепілдік беретін, заңмен қарастырылған шараларды қолдануға бағытталған соттың әрекеті;

Е) карауды тұрған жерінде жүргізу бойынша соттың әрекеті.

Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауап
1	Е
2	А
3	В
4	А
5	С
6	D
7	А
8	С
9	В
10	С
11	D
12	В
13	В
14	В
15	Е
16	D
17	D
18	А
19	С
20	В
21	С
22	Е
23	С
24	В
25	D

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ БӨЛІМІ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Азаматтық істер жүргізу құқығының түсінігі, пәні және жүйесі
2. Азаматтық іс жүргізу сатылары
3. Азаматтық сот өндірісінің түсінігі және түрлері
4. Процессуалдық форманың түсінігі және белгілері
5. Азаматтық іс жүргізу құқығының қайнар көздері
6. Азаматтық істер жүргізу құқығы қағидаларының жүйесі
7. Сот өндірісінің ұйымдастырушылық қағидалары
8. Азаматтық сот өндірісіне қатысушылардың қызметін анықтаушы қағидалар
9. Диспозитивтік және сайысушылық қағидалары
10. Азаматтық іс жүргізу бойынша сот төрелігінің конституциялық негіздері
11. Азаматтық процессуалдық-құқықтық қатынастар, алғышарттары
12. Іске қатысушы тұлғалар, олардың құқықтық жағдайы.
13. Азаматтық іс жүргізудегі тараптардың түсінігі, түрлері және құқықтық жағдайлары.
14. Үшінші тұлғалардың түсінігі және құқықтық жағдайлары
15. Азаматтық іс жүргізуге прокурордың қатысуы, оның процессуалдық жағдайы.
16. Соттағы өкілдіктің түсінігі және түрлері
17. Процессуалдық мерзімдер.
18. Сот шығындары: түсінігі, түрлері.
19. Азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы, түрлері.
20. Азаматтық істердің соттылығы: түсінігі және түрлері.
21. Дәлелдемелердің түсінігі және түрлері
22. Дәлелдеуді қажет етпейтін мәліметтер (фактілер).
23. Дәлелдемелерді бағалау
24. Соттық дәлелдемелердің жіктелуі.
25. Сот дәлелдеуінің түсінігі, дәлелдеу пәні.

26. Дәлелдемелердің іске қатыстылығы және дәлелдемелерге жол беру.
27. Талаптың түсінігі және түрлері.
28. Талаптың элементтері.
29. Жауапкердің мүддесін қорғау, қарсы талап қою реті.
30. Талапқа құқық және талап қою құқығы.
31. Талапты қамтамасыз ету.
32. Талапты өзгерту. Талаптан бас тарту.
33. Талапты тану. Бітім келісімін жасасу.

КУРСТЫҚ ЖӘНЕ ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Азаматтық істер жүргізу құқығының пәні және жүйесі
2. Азаматтық істер жүргізу құқығының қағидалары
3. Азаматтық процессуалдық қатынастар
4. Азаматтық процессуалдық құқық қатынастарының субъектілері
4. Азаматтық іс жүргізудегі тараптар
5. Азаматтық іс жүргізудегі үшінші тұлғалар
6. Азаматтық іс жүргізуге прокурордың қатысуы
7. Өзге тұлғалардың құқығын қорғау үшін азаматтық іс жүргізуге мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдар мен жеке азаматтардың қатысуы
8. Соттағы өкілдік
9. Процессуалдық мерзімдер
10. Ведомстволық бағыныстылық және соттылық
11. Азаматтық іс жүргізудегі дәлелдеу мәселелері
12. Соттық дәлелдемелер
13. Талап өндірісі
14. Талап қою құқығы және талаптың өзекті мәселелері
15. Соттық шығындар
16. Азаматтық іс жүргізудің сатылары

Оқу құралы

Ильясова Гүлжазира Ақтөреқызы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫ
(Жалпы бөлім)**

Автордың түпнұсқасынан басылды

Басуға 10.01.2007 ж. қол қойылды. Пішімі

60×84 1/16. Офсеттік қағазы.

Көлемі 8,4 т.б. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 58.

Отпечатано в ТОО «САНАТ-Полиграфия».